ОСПАНХАННЫҢ ОТАУЫНА – 20 ЖЫЛ!



20 жыл! Есептеп отырсаң, жиырма жыл дегенің – ширек ғасырға жуық уақыт екен ғой! Сол кезде туған нәрестенің бұл күндері мұрты қиықтай болып, сырғыған сынаптай болып, қыз-қырқынның үйінің босағасын тоздырып, кемпір-шалдың жүйкесін қоздырып, алды үйлі-баранды, ерте «есейгені» бір-екі балалы болған.

Егеменді еліміздің еркіндік алғанына да биыл 20 жыл толады! Бұған да құдайға тәубе, ұлығынан сүйіндірсін демекпіз!

«Бәрін айт та, бірін айт, Мырқымбайдың жырын айт!» демекші, өзгесін айтпағанның өзінде, осыдан жиырма жыл бұрын, нақтырақ айтар болсам, 1991 жылдың 1 сәуірі – күлкі күнінде есігін айқара ашқан «Оспанханның отауымен» қатар «шаңырақ көтерген» ағa буын газеттердегі «Бүйенбайдың пұшпағының» пұшпағын біреу кесіп алғанға ұқсайды. Ал енді, «Көкжиектің көркіне» қолды болып кетті ме, кім білсін?! «Жас Алаштағы» Осағаның өзі мұрындықтан байлап кеткен «Сүзеген сөздің» де «мүйізі мұқалып» қалғанына еріксіз қынжыласың.

Кезінде «Оспанханның отауының» төрінен орын алып, қаламақыға берген азды-көпті «сыбағасына» мәз-мейрам болып кететін ағаларымыздың біразы бүгіндері арамызда жоқ. Арамызда жүрген өзіңнен күлкі арылмайтын аға-інілеріміздің алды жетпісті желкелеп, арты алпысты алқымдап қалыпты. Өзім керегесін керіп, шаңырағын көтеріп, алғашқы уығын шаншыған отаудың шаңырағы шайқалмасын деген ізгі ниетпен, марқұм Осағаңды еске ала отырып, өз кісімен «дәмдес-тұздас» болған сайыпқырандарға отау төрінен орын берейік.

Нұртан ТӨЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ,
«Оспанханның отауының» отағасы,
Қазақстан Жазушылар одағы,
Журналистер одағының мүшесі.

ӨНЕР ӨЛКЕСІНДЕ

ЖЕҢІСТІҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ

Театрымыздың директоры, ҚР Мәдениет қайраткері Базарбек Ысқақұлы кезекті апталық лездемені көтерінкі көңіл күймен бастады. Әдетте, «жеті өлшеп бір пішкен», өз міндетіне аса қырағылықпен қарайтын бастықтың жадырақы жүзінен жақсы бір хабарды жеткізгісі келгенін байқағандай болдық. Ол кісі: « Күні кеше театрымыздың артисі Жеңіс Жолдыбаев Қазақстан театр қайраткерлері одағының «Еңлікгүл» кәсіби сыйлығының үміткерлік Дипломымен марапатталды» дегенде бәріміз қуанышқа кол соқтық. Өйткені, Халықаралық театр күні мерекесі қарсаңында өтетін «Еңлікгүл» кәсіби сыйлығының қорытындыланып, жеңімпаздар анықталатын салтанатқа Жеңістің шақырылғанын білетінбіз. Осы орайда, Қазақстан Жастар одағы «Сернер» сыйлығының лауреаты Жеңіс Жолдыбаевты өнер жолындағы тағы бір табысымен құттықтап, онымен сұхбаттасқанды жөн көрдік.



– Жеңіс, алдымен «Еңлікгүл» кәсіби сыйлығының үміткерлік марапаты құтты болсын, әңгімені сәл әріден бастасақ. Өнерге деген алғашқы қадамың қалай басталды?

– Ауылдағы Нұрсұлтан Есболатов атындағы мектепте оқып жүргенімде көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі ретінде мерекелік концерттерде өнер көрсетіп, түрлі байқауларға қатысып жүрдім. Ең сүйікті кинофильмім – «Қыз Жібек» еді. Ауылға өнер көрсетіп келген театр артистері біздің үйде қонақта жиі болатын. Солар сияқты артист болу арманы мені Алматыдағы Ж. Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжіне бастап келді. Мен бұл білім ордасында Мәмен Байсеркенов, Төлеубек Аралбай, Бәйтен Омаров сияқты тәжірибесі мол ұстаздардан өнердің қыры-сырын үйреніп, меңгердім.

– Театрда жұмыс істеген 10 жыл мерзім, әрине, көп уақыт емес. Дегенмен де, сенің шығармашылық саласында қол жеткізген табысың елеулі. Актерлік шеберлігің де жоғары бағаланып жүр. Осының сыры неде?

– Қазақта «Өнерлі өрге жүзеді» деген мақал бар. Бірінші ден, өнер аясында жүрген кез келген жастың жүрегінде сол өнерге деген үлкен құштарлықтың болуы заңды құбылыс. Жалғыз құштарлық, қызығушылықпен мақсатқа жету қиын. Бойында талант ұшқыны болса, соны ұштай білу керек. Талпыныс, ізденіс, тынымсыз еңбек, әрине, біліміңді пысықтап, көп оқып, көп үйрену қажет. Екіншіден, шығармашылық ортаңдағы атмосфера, қарым-қатынас, жағдайың жақсы болуы тиіс. Қамқорлығын көрсетіп, темір қанатының қатайтатын аға буын, тәлімгер ұстаздарың болғаны бағыңның жанғаны дей бер. Қазақстанға еңбегі сіңген артистер Өмірсерік Қалиев, Тілек Әбжалиев ағаларымның сахнадағы тәлімтәрбиесін алдым. Ұстаз санап, тәжірибесінен көп үйрендім.

– Ойнаған рөлдерің ішінде қай қойылымдағы образды ұнатасың және оның өзгелерден ерекшелігі неде?

– Рөлдерімнің ішінде көңіліме қонғаны ақын, драматург Иран-Ғайыптың «Ана аманаты» драмасындағы Ананың кенже ұлы Ғалижанның образы болды. Қойылымның көтерген тақырыбы, идеясы өте маңызды мәселе – ағайын арасындағы ауызбірлік, көңілшектігін, ардың аттай алмаған азаматтың жігіттік осалдығына, әлсіздікке балайды.

Ішкілікке салынған Сарман, ауру қызының еміне қажы таба алмай қиналған Зинда, бейкүнә себи Күнсұлу, мансап пен дүниенің ізіне түскен Айжан сияқты кейіпкерлердің бейнесі оқиғада Дәуітрахымбайдың образынсыз ашылмайды. Құлайтын қолтықтың, құлияның сыры – бәрі де соның қолында. Міне, осындай, екіжүзді, құбылмалы, бірде қатыгез, бірде кәмқор, бірде алаяқ, бірде азаматтық бейнесін танытатын Дәуітрахымбайдың образын барынша нанымды сомдауға барымды салдым.

– Алдағы уақытта тағы қандай образдарды сомдағың келеді?

– Өмірдің өзі – үлкен театр, арманым жақсы актер болып жетілып, классикалық қойылымдарда ойнасам. Абай, Сырым, Ақан, Біржан образын сомдасам деген де ниетім бар.

– Сахнадан бос уақыттарыңды қалай өткізесің?

– Спортпен шұғылданамын. Аптасына үш рет бассейнге барып суға жүземін. Жылқы ұстаймын, бала кезден

ЖАҢА БЕЛЕСІ

– Ауылдағы Нұрсұлтан Есболатов атындағы мектепте оқып жүргенімде көркемөнерпаздар үйірмесінің белсенді мүшесі ретінде мерекелік концерттерде өнер көрсетіп, түрлі байқауларға қатысып жүрдім. Ең сүйікті кинофильмім – «Қыз Жібек» еді. Ауылға өнер көрсетіп келген театр артистері біздің үйде қонақта жиі болатын. Солар сияқты артист болу арманы мені Алматыдағы Ж. Елебеков атындағы эстрада-цирк колледжіне бастап келді. Мен бұл білім ордасында Мәмен Байсеркенов, Төлеубек Аралбай, Бәйтен Омаров сияқты тәжірибесі мол ұстаздардан өнердің қыры-сырын үйреніп, меңгердім.

– Театрда жұмыс істеген 10 жыл мерзім, әрине, көп уақыт емес. Дегенмен де, сенің шығармашылық саласында қол жеткізген табысың елеулі. Актерлік шеберлігің де жоғары бағаланып жүр. Осының сыры неде?

– Қазақта «Өнерлі өрге жүзеді» деген мақал бар. Бірінші ден, өнер аясында жүрген кез келген жастың жүрегінде сол өнерге деген үлкен құштарлықтың болуы заңды құбылыс. Жалғыз құштарлық, қызығушылықпен мақсатқа жету қиын. Бойында талант ұшқыны болса, соны ұштай білу керек. Талпыныс, ізденіс, тынымсыз еңбек, әрине, біліміңді пысықтап, көп оқып, көп үйрену қажет. Екіншіден, шығармашылық ортаңдағы атмосфера, қарым-қатынас, жағдайың жақсы болуы тиіс. Қамқорлығын көрсетіп, темір қанатының қатайтатын аға буын, тәлімгер ұстаздарың болғаны бағыңның жанғаны дей бер. Қазақстанға еңбегі сіңген артистер Өмірсерік Қалиев, Тілек Әбжалиев ағаларымның сахнадағы тәлімтәрбиесін алдым. Ұстаз санап, тәжірибесінен көп үйрендім.

– Ойнаған рөлдерің ішінде қай қойылымдағы образды ұнатасың және оның өзгелерден ерекшелігі неде?

– Рөлдерімнің ішінде көңіліме қонғаны ақын, драматург Иран-Ғайыптың «Ана аманаты» драмасындағы Ананың кенже ұлы Ғалижанның образы болды. Қойылымның көтерген тақырыбы, идеясы өте маңызды мәселе – ағайын арасындағы ауызбірлік, көңілшектігін, ардың аттай алмаған азаматтың жігіттік осалдығына, әлсіздікке балайды.

Ішкілікке салынған Сарман, ауру қызының еміне қажы таба алмай қиналған Зинда, бейкүнә себи Күнсұлу, мансап пен дүниенің ізіне түскен Айжан сияқты кейіпкерлердің бейнесі оқиғада Дәуітрахымбайдың образынсыз ашылмайды. Құлайтын қолтықтың, құлияның сыры – бәрі де соның қолында. Міне, осындай, екіжүзді, құбылмалы, бірде қатыгез, бірде кәмқор, бірде алаяқ, бірде азаматтық бейнесін танытатын Дәуітрахымбайдың образын барынша нанымды сомдауға барымды салдым.

– Алдағы уақытта тағы қандай образдарды сомдағың келеді?

– Өмірдің өзі – үлкен театр, арманым жақсы актер болып жетілып, классикалық қойылымдарда ойнасам. Абай, Сырым, Ақан, Біржан образын сомдасам деген де ниетім бар.

– Сахнадан бос уақыттарыңды қалай өткізесің?

– Спортпен шұғылданамын. Аптасына үш рет бассейнге барып суға жүземін. Жылқы ұстаймын, бала кезден аттан қымарымын. Актер әркезде өз қалпын сақтап жүргені дұрыс қой.

– Жұбайың да өнер адамы ма?

– Жұбайымның мамандығы – дәрігер. Бір қыз, бір ұлымыз бар.

– Соңғы сауал «Еңлікгүл» Кәсіби сыйлығына деген көзқарасың қандай?

– Біріншіден, Қазақстан театр қайраткерлері одағының қоғамдық негізде болса да өз шаңырағын көтергеніне қуанамын. Бұл өнер саласындағы адамдар үшін өте қажет ұйым. «Жұмыла көтерген жүк жеңіл» демекші, театрдың бір жерге топтасып, мұң-мұқтажын бірлесе шешуіне мүмкіндік туғырады. Екіншіден, тәуелсіз орындарға театрдың кемшін тұстарын сараптап, оның жетіспей жатқан тұстарын тәуелсіз орындарға жеткізе алады. Үшіншіден, өзін насихаттауға, марапаттауға терең көңіл бөледі. Басқасын айтпағанда «Театр kz» журналының дүниеге келіп, онда республикадағы театрлардың тыныстіршілігі, артистердің сахнадағы шеберлігі, ірі өнер тұлғалары жайлы құнды мақалалардың жарыққа шығуы қандай керемет. Ал театр қайраткерлері одағы әр жылы «Еңлікгүл» кәсіби сыйлығына байқау өткізіп, театр қызметкерлерін түрлі номинация бойынша марапаттап, шығармашылық ізденіске шығуға түрткі болып келе жатқаны үлкен шаруа. Несін жасырайық, марапат түтілі өнер одақтарының мүше бола алмай қаншама дарын иелері өмірден озбады? Алдағы уақытта бұл одақ мемлекет тарапынан қаржыландырылса нұр үстіне нұр болар еді.

– Әңгімеңіз үшін рахмет.

Үсен ӨМІРЗАҚОВ,
театрдың әдебиет бөлімінің меңгерушісі.


«ЭКСТРАСЕНІС»

«Ойбай, экстрасенис келіпті! –
Деп жұрт гойға баратындай желікті.
– Емдемейтін жоқ екен ауруы,
Бойында бар екен 220 вольттық қаруы.
Жүйке-тамырды ұстап,
Қумалағын шашады екен,
Жұлқынып тұрған жыныңды да
Ес жиғызып, желігін басады екен.
Кашпировский,Чумактардан
Емшілігі асады екен!
Бастың құтырынды ауруы – сақинасын,
Сайтан көздердің ақпасын,
Асказанның гастритін,
Нысаптың каскыр итін
Түгел емдейді», – дегенде,
«Момын» ауылдың клубына
Таяғын токылдатқан сокыр да,
Үстін жұлып-жеген қотыр да,
Түгел қалмай жиналды.
Сонымен сеансы басталды.
– Ал, құрметті жарандар,
Қасиетіме карандар!
Менің бойымдағы биотогым
Әкумлитрсіз «Москвичіңді» отталдырады.
Тіпті, мандайыма жақын ұшса,
«ЯК-40» самолетыңды да қақалдырады.
Асказаныңды тазалап,
Асфальттың бетіндей жалтыратады.
Бауырыңды бетондап,
Жүйкеңдегі жел-құзыңды какыратамын.
Бірақ ескертейін,
Мұрыңдарың жыбырлап,
Кенезелерің кепсе де,
Насыбай атып, шылым шекпейсіңдер.
Мына залда коғалыс болып,
Бірінің алдыңнан біреуің өтпейсіңдер.
Көздеріңді жұмып, шалқайып отырып,
Кереметімді көргейсіңдер!
Қымбаттап кеткен гемекі мен аракка
Тапшы бола бастаған тамаққа,
Аспандап кеткен бағаға,
Конфет сұрап, алаканын жайып,
Үйлеріңдегі жылап калған балаға
Көңілдеріңді бөлмейсіңдер.
Ата-бабамыз галай тапшылықты көрген
Бұл жолғы тапшылыққан да
өлмейсіңдер, – деп,
Экстрасеністің колдары шошандап,
Басы оңды-солды қылжандады.
Ауызы жыбырлағаны болмаса,
Кісі ұғатындай тіл катпады.
Сонымен бір жолғы «емдеуін» аяктап,
«Таранлар!» деп жұртка бұйырды.
Емнің конған-конбағанын кім білсін,
«Шөлиркеп отырған сусамырлар»
Сыраханаға қарай жүгірді...
Менің билетінім «экстрасенис»
Тегін олжаға белшесінен батып калды.
Оның емін қабылдаған қара шал
Ертесінде-ақ тілге келмей қатып калды.

* * *

Бүтінде халық емшілері көбейді.
Біз нағыз емшіні қолдаймыз,
Бірақ, құлқының құлы – емшісымақтардың,
Алдауына көнген
Өзіміз де оңбаймыз!
Біз сондаймыз!

Сакан ҚӘДІРБЕКҰЛЫ.



Бөден қалай ақын болды?

Бөден ол кезде облыстық газетте корректор болып істейтін. Бірден редакцияның аппаратына алып, әдебиет бөліміне жегіп коюға жеткілік талантты да бар еді, орын болмай, уақытша типографияға «тігіп» койған.

Кей күндері әдебиет бөліміне көркем сөзді тарazылап отырған «бикелерге» жаңа жазылған өлеңінің кандігін кестіріп алуға келеді. Оңысы мұндағы ақындарға ұнамайды. «Айтылып жүрген ой, жауыр болған ұйқас, ұсақ такырып» дегеннің сияқты айып тағылып, Бөден ағасына қайтарылады. Ал алғі ақылшыларының өлеңі болса күнде шығып жатады, қырып тұрғанештеңесі жоқ.

Бір күні баспаханада газет шығарып жүріп Бөденге бір ақылды ой келіп Дереу телефонға жүгірді. Саусақтары селкілдеп бас редактордың нөмірін терп жатыр.

– Алло, Әбеке, мен гой, Бөден, мына газеттің үшінші бетінен орын калып, ешу жолдық хабар тіпті алмай жатырмын.

– Шырағым-ау, мен үйде макала байлап отыр дейсің бе? Жок, әлде, жарым түнде макала жазып отыр деп пе ең? Запаста не бар екен?

– Запасыңыздан кілең кездей материалдар.

– Енді не істедік? Газетті қуыс калдырып калай шығарамын? Ешу жолдық ештене жок па?

Әрине, бұл тұста редактор катты қиналғаны сөзсіз. Бөден өзінше «кажет ашты»:

– Менің бір өлеңім бар еді, – деді.

– Не жайлы еді өлеңің? – дейді редактор.

– Жаксы, ага, сүйтемін онда, – дейді Бөден де мәз болып.

Сонымен ертесінде газеттің үшінші бетінде Бөденнің «Анам» деген өлеңі жарк ете калады.

Арасын ай аралатып, ұмыттырып барып Бөден жарым түнде редактордың орынбасарына телефон согады.

– Ага, мен гой, Бөден. Жұз жолдык материал таба алмай, газеттің үшінші бетінде қуыс калып тұрғаны. Не істейміз?

Бұл кісі де қиналды.

– Шырағым-ау, есің дұрыс па? Менің калтамда макала жүр деп ойлайсың ба? Запаста не бар екен?

– Дым жок.

– Енді кайттік?

– Менің бір өлеңім бар еді.

– Не деген өлең?

– Отан, туған жер жайлы.

– Отан деген өлеңнің ертең окып көреміз, туған жер жайлы өлеңің болса, сап, енді өлеміз бе?

– Сөйтпесек басқа дайын ештене жок, – дейді Бөден.

Ертесінде кенседе шаң-шұң болып жатқаны. Бөденнің онда жұмысы жок, газетте бағанадай әрпінен басылған «Туған жері» тұрады.

Міне, Бөден осылай ақын болып алды.

Оспанхан ӘУБӘКІРОВ.

Бірқақпайлар

Арақ күшті ме, рак күшті ме?

– Мәке, сен осы қалай ойлайсың, арақ күшті ме, жоқ болмаса, рак күшті ме? – деп сұрады Тортай Мәртайұлы.

– Меніңше, арақ күшті, – деді Мәртай.

– Меніңше де солай, – деп қоштады Тортай.

– Оны сен қандай дәлелдерге сүйеніп айттың?

– Арақ ішетіндердің көбісі рактан ауырмайтын көрінеді.

– Ол рас.

– Рас болса, оны қандай дәлелдерге сүйеніп айтып отырсың?

– Арақ адамды ракқа жеткізбей алып кететін көрінеді.

Бастық күшті ме, махаббат күшті ме?

– Мәке,өзіңнен сұраймын деймін де, ылғи есімнен тарс шығып кетеді осы, сен, қалай ойлайсың, бастық күшті ме, әлде, махаббат күшті ме?

– Меніңше, махаббат күшті.

– Бұны қандай дәлелдерге сүйеніп айттың?

– Бастық сені стол басына бір күн байлап отырғыза алмай қойса, келіншегі бір ай бала-шағаның қасына қалдырып, өзі қара шамадаңымен алысып, Қара теңізге кеткен жоқ па? Ендеше, махаббат күшті болмай, бастық қайдан күшті болады?!

Жұмбақ жауап

Бергі беттегі дауыс:
– Алло, Айгулька, сенбісің, папаң үйде ме?
Арғы беттегі дауыс:
– Папам жұмыстан өлі келген жоқ.
– Қашан келеді?
– Түн болғанда.
– Түннің қай кезінде?
– Күн болғанда...

Екі жағдай

– Өй, пәлекет, кітаптан үй саласың ба, мынау не сұмдық? – деп менің келіншегім үйге кітап әкелген сайын айғайлап итімді шығарады.

– «Кітаптан үй саласың ба» десе, сенің келіншегің «құдайына қараған» адам екен.

Үйге кітап әкелген сайын менің келіншегім. «Кітаптан мола саласың ба, ой, қап-қара бәле?», – деп қырғын төбелес шығарады.

Үмбетбай УАЙДИН.

Ең бағалы сыйлық-кітап. Бірақ сыйлық алғанға не жетсін?
АЙТҚЫШБЕКТІҢ ТӘЛСАПАСЫ.

ШЫМШЫМА-ШАҢШЫМАЛАР



Шіркейлер

Ай-күн барын,
Жұлдыз барын білмейді,
Сығырайған білте шамды
«күн» дейді».
Соған ғана жұлие деп төнеді,
Соның ғана төңірегінде өледі.

Бір мекемеде

Бір сағаты – мәлімет құруға,
Бір сағаты – телефон бұрауға,
Бір сағаты – қатынас қағазға,
Бір сағаты – анекдот «сабазға».
Бір сағаты – бағыныштысын сыбауға,
Қос өркештей қос сағат – Мәжіліске келгендерді сынауға.
Қайран сегіз! Осылай «Ажау» менен «мынауға»...

Тойшыл

– Бригадир қайда екен?
– Көрші ауылда тойда екен.
– Тойда нағып жүр екен?
– Шампандатын жүр екен.
Бір «Газикті» қуалап,
Шолтандатын жүр екен.



Әдебилер

Бір сәби бар, үшке дейін,
Жыламай тамақ ішпейтін.
Бір «сәби» бар өтыз үшке дейін
Әкесінің мойнынан түспейтін.

Күсептің көз жасы



Ұлдарым болды дарақы,
Қыздарым болды сорақы.
Келін мен бала екі айыр,
Немереден не қайыр?!

Шіекелееті – Жалаеты

Шопан жігіт
Базарлай келген қалаға,
Автобус күтіп,
Тұр еді аялдамада.
Қасына келіп,
Сып борбай жігіт додабас
Құшақтап тұрды
Жылан алқ қызды –
Көудесі түгел жалаңаш.
Адам деген нешеме
Өтіп жатыр көшеде.
«Бізді қарашы» дегендей,
Қыз бен жігіт
Жаласа бастады өлердей.
Әуелі бетін жалады,
Сосын... төсін жалады
Сосын бұғалын,
Сосын құлағын...
Иығынан да,
Мойнынан да,
Басынан да,
Иегінің астынан да...
Қызыл түскі
Тұрғанның соң еркелеп,
Жаланбаған жер қалмады.
Не керек!
Қыз да қарап тұрмады,
Додабастың
Сабазының мұрынын.
Шопан жігіт
Таусылып тұрған шыдамы,
Көрші әйелден сұрады:
– Бұлар кімдер?
Шеттен келген пәле ме?
Шаңқай түсте
Искелеспесе өле ме?
Әйел айтты.
– Көрмеп пе едіңіз
Сіз мұндай «тамашаны?».
Шопан айтты.
– Көрген едім...
Бірақ та,
Біздің жақта
Сиыр ғана
Осылай жиһасады.

Шопа СМАХАНҰЛЫ.

БӘРІҢЕ, БӘРІҢЕ...

Қазақстан Жазушылар одағы мен Алматы облысы, Ақсу ауданы әкімшілігі бірігіп Ақсу ауданының 80 жылдығына орай жазба ақындардың республикалық «АҒЫНДЫ МЕНІҢ АҚСУЫМ» атты жыр мүшәйрасын жариялайды.

Жабық мүшәйраның негізгі мақсаты Алматы облысы, Ақсу ауданының шежірелі тарихын, өткені мен бүгінін, елден шыққан тұлғалардың бүтін бітімін жыр тілімен насихаттау, жүрттшылықтың поэзияға деген құштарлығын арттыра отырып, өлең сөзінің құдіретін жаңынан сезініп, жүрегімен түйсінуге ықпал ету. Ақсу ауданының әлеуметтік әдеби-мәдени саладағы табыстарын жырға қосу.

Жыр жүйрігі Ілияс Жансүгіров 45 жасында өмірден озғандықтан, мүшәйраға 45 жасқа дейінгі ақындар қатыстырылады. Мүшәйраға ат қосқан ақын 3 өлеңін жолдауға тиіс. Оның біреуі Ақсу ауданына, екіншісі Ақсу ауданының тумасы, қазақ поэзиясының құлагер ақыны Ілияс Жансүгіровке арналып, үшінші өлең еркін тақырыпта болуы міндетті.

Шығармалар көлемі (3 өлеңді қоса есептегенде) 5 беттен аспауы шарт. Бұрын жарық көрген немесе көрсетілген мерзімнен кешіккен шығармалар бәйгеге қатыстырылмайды.

Шығармалар 2011 жылдың 28 сәуіріне дейін қабылданып, мүшәйра қорытындысы Ақсу ауданының 80 жылдық мерейтойы қарсаңында (7–8 мамыр күндері) шығарылады. Жүлдегер ақындар Ақсу ауданының 80 жылдық мерейтойына арнайы шақырылады.

Бәйге мөлшері:
Бас бәйге (біреу) ***– 300 мың теңге;***
Бірінші бәйге (біреу) ***– 200 мың теңге;***
Екінші бәйге (екеу) ***– 150 мың теңгеден;***
Үшінші бәйге (үшеу) ***– 100 мың теңгеден;***
Ынталандыру бәйгесі (бесеу) ***– 75 мың теңгеден.***

Қазылар алқасының шешімі қайта қарауға жатпайды.

Мүшәйра жүлдегерлері төсбелгі-медальдар мен дипломдар және Ақсу өңірінен шыққан әдебиет пен мәдениет қайраткерлері Ілияс Жансүгіров, қобыланды Молықбай, Ғали Орманов, Сайын Мұратбеков, Құдаш Мұқашев, Қанипа Бұғыбаева, Өтепберген Ақылбеков, Жамау Бұқарбаев, Ораз Жұмашев, Сағынболат Тінтаев, Совет Оразаев атындағы арнайы сыйлықтармен марапатталады.

ЕСКЕРТУ: Жабық мүшәйра болуы себепті, автордың бүркеншік атының (псевдонимнің) анықтамасы, аты-жөні, мекенжайы, байланыс телефонын жазылған парақ, кіші конвертке салынып, жеңімдепп, оның бетіне тек бүркеншік аты ғана жазылады. Үлкен конверттің аты-жөні деген жерге бүркеншік атты жазуға болады.

Мекенжайы: 050000, Алматы қаласы, Абылай хан даңғылы, 105-үй, 28-кабинет.
Байланыс телефондары:
8 (727) 2 61 12 52,
ұялы: 8 705 447 18 15.

e-mail:
Jetisu2002@mail.ru
www.Zhetysu-smi.kz

ДЕДІМ-АЙ-АУ

20 жыл

Жетісу
Сенсенбі, 25 қазан 2011 жыл
11

ӘЙЕЛ МЕН СЕРИАЛ



Әйел мен сериал...
Үнемі жерін теріп ал!
Алтын жерін көріп ал!
Сериалдағы бар шәрсе
Әйелде де,
О, тоба, бәрі бар.
Сериал соңы мәлістырып,
Әйелінің ыстын
Қызымай қонып шығатын.

Бір басын кессең,
Екі басы өніп шығатын
Жеті басты айдаһар.
Сенің қиялыңды ішіп барып жай тәкәппар,
Ынсаңдап болдай береді,
Болдай береді.
Не болса соны қолғай береді.
Шешесі тырысып,
Шіні-шұқ ұрысып,
Жұлысып жатқанда...
Уайымға батып,
Мұң ішіп жатқаны,
Әкесі құйынданбайтын,
Төсегі жиылмайтын,
Тәуелсіздікпен сұмдық...
Дәл осы жерде
Әйелдің ақылдығына – шыңдық.
Опардың да табақ-аяғы жуылмай,
Кір-коңы жиылмай,
Телевизорға телміріп отырғаны...
Екеуінің ұясастығы
Осы түста жиылғанда.

Талымбек ӘЛІМБЕКҰЛЫ.

ҮЙРЕНЕ БЕРСІН ДЕГЕНІМ ҒОЙ...



Жасы жер ортасына жетіп қалса да төрт мүшесі түгел, денсаулығы дыңдай Арын ақсақал «темір тұлпарының» тізгінінен әлі түсе қоймаған еді. Жеңіл көлігі де көверіп, бірталай жылды артқа тастады. Алайда, қалтасында қаражаты бола тұрса да өгіз үйреніп, көптен сыралғы-сырлас болып қалған «досын» жаңа темір қолікке айырбастауға қимай ауыл арасына жүйткіп жүруді жөн көрген.

Әлдекандай бір шаруамен кемпірі мен жеті жасар немересін салып алған Арекен ауылдан жыраттау жердегі құда-жегжатына барып амандасып қайтпақ болады. Көптен алыска шықпағандықтан ба, жоқ, әлде байқамады ма екен, күре жолдың екі қапталы темір қолектің қара көпіріне толып алған.

Сағатына 60–70 шақырымдық жылдамдықпен келе жатқан ақсақал жанынан ерсілі-қарсылы жүйткіп өтіп жатқан жеңіл көліктерді көргенде делебесі қозып кетті. «Осылардан қай жерім кем?», – деп күбірлеп алды да газды басып, жылдамдықты арттыра түсті. Шетелдік «тұлпарлардың» шабысына ілесе алмаса да, қалтан-құлтан етіп, елпек қаққан «көнекөзі» салдыр-гүлдір дыбыс шығарып, барынша барқырап келе жатқанды тасала тұрған жол сақшысы ала таяқ бұлғақ еткізді. Мұндайды күтпеген Арын ақсақал тежегішті қанша басқанымен «кәрі тұлпар» жол сақшысынан ұзап барып тоқтады.

Қартты жанына шақырып алған жас жігіт өнін суытып:

– Жылдамдығыңызды арттырғаныңыз үшін айыппұл төлейсіз, – деп кіжінді.

Арекен де көмектесе қалар деген ниетпен:

– Баламдай бала екенсің. Бір жолға кешір, жаным, – деп өтіне қарады.

Бірақ, оның бәті бері қарайтын түрі көрінбейді. Қарттың қалтасындағы құжаттарын сыпырып алды да, қасарысып тұрып алды.

Шарасыз қалған ақсақал енді төтесіне көшті:

– Айыппұлының мөлшерін айтшы, бала, – деді сыздаңып.

«Жол дөкейі» үш сәусағын шошайтты.

Мұңайды бұрын кезіктірмеген аңқау шал:

– Үш жүз теңге ме? – деді жорта.

Бұл ала таяқты мырзаның шамына тисе керек:

– Үш мың ата, үш мың, – деп дүрсе қоя берді.

– Жарайды, балам, тиын-тебенім кемпірімнің қалтасында еді. Әкелің беріп, құжатымды алайын деп өзіңнің қарай беттеді. Кемпірі екеуі бірақ қаукылдасып, ақыры бір ымыраға келген соң «үш мыңды» немересінің қолына ұстатып, жол сақшысына апарып бер деп жұмсады.

Таяқ тастам жердегі «жол дөкейіне» жүгіре басып барып қаршадай бала ақша ұсынғанда сырт көз аңғарып қалып, «сырым» ашылып қала ма деп секем алған ананың зәре-құты қашып, ақсақалға «мұныңыз не», – деп бар даусымен бақырып айқай салды.

Арын ақсақал осы сәтте аспай-саспай жымиып күлді:

– Үйрене берсін дегенім ғой. Болашақта қоліктің тізгініне отырса, менің басыма түскен күн оған да тумасына кім кепіл, – деген екен.

Ескендір РАҚЫМБАЙҰЛЫ.
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

ӘСЕТТІҢ ОТАҒЫ



Райымбек ауданындағы (бұрынғы Нарынқол) Көмірші ауылында бұрын сегіздікті (қазір оныбір жылдық) мектепте оқу басталар мұғалім, кейіннен мектеп директоры болған Нұрсадық НҰРҚАБЕКОВ марқұм өзі де, өзі де мірдің оғындай жан еді.

Бұрынғы аудандық «Советтік шекара» (қазіргі «Хантәңірі»), облыстық «Коммунизм таңы» (бүгінгі «Жетісу»), республикалық «Социалистік Қазақстан» (бүгінгілері «Егемен Қазақстан») газеттеріне өлең, фельетон, сын-сықақтары жарияланып, оқырмандардың тарапынан жоғары бағаланатын. «Өзі жоқтың – көзі жоқ», – деп Осағаңнан айтқандай. Нұрсадық ағамыздың «бір сандық» әзіл-оспағы әлі күнге ұмытылмайды.

Бала кезімізде ұстазымыздың жадуалдай жаттап алған бірен-саран есте қалған сөзсықақтарын өздеріңізге ұсынуды жөн көрдік.

Нұртан ТӨЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

КӨМІРШІДЕ БАР БІР МОНША

Көміршіде бар бір монша,
Айтарлықтай емес ол оңша.
Терезе перде, есігі жоқ,
Сақтау-сақтау тесігі көп.
Бірі бар да,
Бірі жоқ,
Суы бар да,
Суы жоқ.
Жағатұғын көмір жоқ,
Моншасыз жерде өмір жоқ.
Бірі болса, бірі жоқ,
Айқай, шусыз күні жоқ...
«Я, бастық-ау, Алла», – дедік,
«Құнышты күн бар ма?», – дедік.
«Монша енді түзелер-ау,
Мустафаев барда» дедік...



АЛМАСАҢ, ҚАРАП ҚАЛ !..

– Әй, Әуке, ассалаумалыкум!
– Әлиқсалам.
– Дүкеңшімін деп «дүркіреп» тұрсың, Аман-есен бе бала-шаған?
– Дүкенінде не бар?
– Киім-кешек бар,
Көрпе-төсек бар,
Шамадан, сандық бар,
Қамыт-жабдық бар.
Азық-түлік бар,
Майшамына білік бар.
– Тағы басқа нең бар?
– Қатынына – көйлек,
Атыңа – жем бар.
Балаңа – құршақ,
Қызына – тұлымшақ бар.
– Таңдай жібітер нең бар?
– Арақ бар,
Шарап бар,
Ақшаң болса алып қал,
Алмасаң қарап қал...

ЖҰДЫРЫҚ

Бұл Спамбек жұдырық,
Күш жинайды қыдырып.
Әбдімәлікті үш ұрды,
Жалпасынан түсірді...

Нұрсадық НҰРҚАБЕКОВ.
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

«Кейіпкерімді» көріп қоямын

Кезіктендер,
Бетпе-бет келе қалған:
– Сізді осы шеңемнен...
Сыралғымыз ба? – дейді.
– Сәлем-ау... – деймін.
Көзге көненің айтпағына:
– Бірлесер дүние өсіліп аққанда,
Іштегім жыласа...
Мен сөзсіздіктің құлағын,
Бесікке бөленгенмін.
«Сыңарым» болатынымды білгенін,
Содан-ау...
Кыңырлықтан шығарды... қыңырлық,
Тұғырым кеселденген...
терісқақпайым.
Отыздың толмастан... үсейді,
Қырыққа келместен... күйдіреміп...
Бөгетім, сөздің шыңдар:
Ұшқалағы кетіппін,
Пәлекей жомбартсам...
Жатырған бала... жылап.
Көпшіп құлсам...
Қызыққа қызбын...
Қанып жүретін.
«Әй, қырағым құс», – деп,
Мұқалмадық...
Ыңғылын басып жүретін.
Тынын отырғай,
Бірдеңені «бүгдіріп»
отыратынымнан.
Сезіп қалмасын деп,
Оқығанымды күлдіріп
отыратынымын.
Қырағыны мінезінен,
Сөзімді ілее жеңгендей жүретін.
«Осы тәңірден тәубесіз-ау», – деп,
Жүріс, тұрысынан үлгі алғаным,
Жоғалғанды келтіріп,
Сөз сезгенін сұлып алғаным.
Күндіз де, түнде де,
Тілім ұшып тұрады.
Тыйсейін деген адамым,
Тіле келместен,
Орнынан «ұшып» тұрады.
Кеңі алақтап, тілі сандырақтап...
«Не жазады?», – деп сұрайды.
Тұрасын айтсам...
Қағазын, шығысын...
Қалтасынан барып...жұлайды».
Есіл жаңасын...
«Білдің ғой сен ізін...», – деп,
Мені... тыныштық басайды.
«Тағы не істемексің?..», – деп
Өзімен-өзі... күдіктенге қарайды.
Ос-ті-ің-ең...
«Кейіпкерлеріңді» көріп қоямын.
Соңынан сыздық жалып,
«Сыбағаларын» беріп қоямын.

Тұрлыхан КӘРІМ.

... деген екен

Ақын Әубәкір Қайранов алтыншы сыныпта оқып жүргенде сабаққа кешігіп келеді. Бұл сабақты өткізіп жатқан сөзге шешен тарих пәнінің мұғалімі балаңы қағытып, қалжың өлеңмен:

...

Қайда жүрсің
Қайранов,
Қалдың ба шәлге байланып, –
деппі.
Болашақ ақын мұғалімнің
сөзіне бөлеспестен,
Қалғаң жоқ шәлге байланып,
Қалып ем шәйға айналып, –
деп жауап қайырыпты.

Жаңылтпаш

Қуат мінді құла атты,
Құла ат Қуанты құлатты.
Қуатқа құла ат құлапты,
Құ құла аттан құлаған
Қуат қатты жыланты.
Қуатты Мұрат уатты,
Құла атты қоса
құлатқан.
Қуат қандай
қуатты.

...

Жер сұлуы Көкше екен,
Көкшеде көп шөп екен.
Көп шөп көк шөп екен.
Көк шөпті жеген көк ісек екен.
Көк шөптен көк шөп жеп,
Көк ісек өспек екен.
Көк шөпті көксеген көп іөвп бар,
Көп ел Көкшеге көшпек екен.

...

Қарабай мінін қаратайды
Сөзге жаттық қара майды.
Қара шай көріп қаравайды,
Үркіп құлатты Қарабайды.
Келе жатты ма қарап айды,
Қарабай, түсті қара майды.
Қара май төгеміз қара тайды,
Қаробай қалай қарамайды.

Самат ПИЯЗБЕКҰЛЫ,
№ 55078 әскери бөлімнің
әскери қызметкері.

Мысқылдар

Ақын, жазушы, ұстаз, ғалым Әдібай Табылдының қазақ сатирасына сіңірген еңбегі бір төбе. «Қой бағу оңай ма?», «Мен кіммін білесің бе?», «Үлкендерге үлес», тағы басқа да сатиралық жинақтың авторы. «Ара» журналы мен газеттердегі «Кілтипан», «Сүзеген сөз», «Қисық айна», «Қожанасыр» айдарына шығармаларын үздіксіз ұсынып келеді. Қазақ сатирасінің екі жүз мысқылы мен жүз мысалы, отыздан астам скетчі, жүзге тарта сатиралық әңгімесі өз ерекшелігімен оқушыны қызықтыра бауран, тәрбиелейді. Биыл 85 жасқа келген карт сатириктің бірқатар жаңа туындысын назарларыңызға ұсынып отырмыз.

Мәдениет және әдебиет бөлімі.

МІНШІЛ БЕК

Бек тарыдай мінін болса, «жерлейді»,
Ал өзінің таудай мінін көрмейді.
Сынай қалсаң «қастекісің сен», – дейлі.
Ақиқат пен әділ сынға сенбейді.

Өзіне бақ сынау үшін теңінді.
Сөзіне шақ ісің болсын сенімді.

ЖЕГІШ ЖЕКЕН

«Білдірмей алам,» – деп, – есептеп»...
Жекен жеп ел мүлкін кәсектеп.
Қайғы боп «есептің» ақыры,
Әйгі боп сотталды ол, аһ ұрды.

Өсті кім «білдірмей сорғанда»?
Нәсіпсіз тілін ал, көр болма.

ДӘУДІҢ КӨЛЕҢКЕСІ

– Ойпыр-ай, мынау тентек қара бала,
Бисың-ау ағайынға, аламанға!
– Абайла жоғарыда көкесі бар...
Қалайда қағынар бұл, амал бар ма?

Кейбір «дәу» көлеңкесін өсіреді:
Көлеңке шектен шығып, есіреді.

ӘПЕННІҢ ӨСЕГІ

Әпеннің көп ес туралы өсегі,
«Өлеңнің мәні жоқ!», – деп еседі.
Өсек сөзі өзгелерге көшеді,
Өнер бірақ өршеленіп өседі.
Сап алтынды мыс дегенге сенер кім?
Тәп алтынын, бағасын біл өнердің.

АЯЛАУ МЕҢ АЯМАУ

Саялады жарын Бек «жүрегім!», – деп,
Аялады жасында «тірегім!», – деп,
Күндер өтіп, кәрілік таяғалы,
Күнде зекіп, «кемпірің» аямады.
Қос жүректі мәңгіге қосқан арман,
«Қосағымнан шын бақыт қоса ағарған».

КҮЙІК

Ең, ұлы Бекен ойлаумен өз басын тек
«Өзсам екен» деместен, «өзбасын» деп.
Алға басқан досына қақпан құрды,
Арландбастан иттігін мақтан қылды.

Міншіл езбе жаласын жапқан удай,
Күншіл елдей күйіктен сақта, құдай.

Әдібай ТАБЫЛДЫ.

Ой, пәлі-ай!

ӨТІРІК ӨЛЕҢ

Арыстан мініп аңыратып,
Алға бардым, ой, пәлі-ай!
Қайтарымда бұлтты
Қойша айдалым, ой, пәлі-ай!
Көрдіңдер ме Жөкеңнің
Ғарышкерін, ой, пәлі-ай!

Көкекпенен айтысып,
Жеңіп кеттім, ой, пәлі-ай!
Кірпіменен жарысып,
Озып кеттім, ой, пәлі-ай!
Көрдіңдер ме Жөкеңнің
Жеңімпазын, ой, пәлі-ай!

Бокстасып бұқамен,
Соғыс салдым, ой, пәлі-ай!
Жұлдырықпен бір қойын
Басып жардым, ой, пәлі-ай!
Көрдіңдер ме Жөкеңнің
Боксшылын ой, пәлі-ай!

Көмірдей гып тәс жағып,
Ет қайнаттым, ой, пәлі-ай!
Үстаз алып ақша,
Қой бақтырдым, ой, пәлі-ай!
Көрдіңдер ме Жөкеңнің
Айлакерін, ой, пәлі-ай!

Ахатбек БЕКЕНОВ.
ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.



Өкесі кішкене қызына балалық шағында отбасының қиындығынан жиі аш қалатының өңгімелеп береді. Сонда өкесіне аяушылықпен қараған қызы:

– Енді, білдім, үйіңізде тамақ болмаған соң біздің үйде жүр екенсіз ғой, – депті.

Жарнама

– Ау, жарандар, жарандар,
Маған да бір сәт қарандар.
Алған жан да арманда,
Алмаған да арманда.
Алғысы келген адамға,
Бере салам арзанға,
Ешкі сатам, ешкі.
Көрдіңіз бе мүйізі қырдай,
Бұл аймақта,
Ешкі жоқ мұндай.
Басынан өткен әңгімесі жырдай,
Бұл туғанда он қапталында.
Құранның сүресі болған,
Сол қапталында,
Інжілдің кресі болған.
Осындай қасиет дарыған,
Ешкі сатам, ешкі.
Өзі су жаңа шыбыш,
Артынан ерген емес,
Не осек, не сыбыс.
Дәл қазір теке де,
Тіскен емес.
Өзі де текемен
Бірде-бір рет
Сүйіскен емес.
Басқа шыбыштар сияқты,
Босқа шыбжыңдамайды,
Мінезі салмақты, тып-тыныш.
Өзі сабаз бір тұрған,
Имандылыққа біржола
Бет бұрған.
Бұл шыбыштың арғы атасы
Мүйізі қарағайдай –
Қара теке жайлы
Айтылатын аңыз көп.
Біреулер айтып жүр
Нағыз абыз деп,
Енді біреулер айтады
Талай қойды сүзіп өлтірген –
Жауыз деп,

ҚЫ-Ж-Ы-Л-Ы-Н-Ы-З

Не болса да осы қара теке
Жайлы айтылатын
Аңыз бар.
Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар,
Өзі бір отардың
Төл басы болған,
Сақалы сала құлаш
Мәділасы болған.
Мұқым бір отарды
Талай қиын кезеңнен
Алып шыққан,
Нағыз қолбасы болған.
Құйын-перін дауыл болсын,
Бұршақтаған жауын болсын,
Жол лайсаң ауыр болсын,
Қара текеге бәрібір
Отарды бастап кеп кеткенде,
Қол бастаған батырын
Жолда қалады екен
Қызықтың көкесі,
Соңда болады екен,
Осындай қарбаласта
Айғай-сүрең жанталаста,
Теріс ағу пәле отарға,
Тап бергенде,
Қара теке талай ит-құсынды
Қарағайдай мүйізіне
Іліп өлтірген.
Талайының қарнын
Мүйізімен қақ жарып,
Тіліп өлтірген.
Қысқасы, талай-талай
Арланның аяқ астынан
Ажалын келтірген
Аты аңызға айналған.
Қасиетті қара текенің тұқымы
Мына қара жағал шыбышты
Алған да арманда,
Алмаған да арманда.
– Ей, жігіт, шыбышының
Бағасы қанша?
– Ағасы, алсаңыз сізге ғана
Бере салам арзанға.
Еті балдай,
Терісі мақпалдай.
Алыңыз, ағасы, алыңыз.

Қанағат ҚАРАШЕВ.

ДӘУЛЕТІНЕ МАС БОЛЫП...

Аракқа мас болған адам жазылады, дәулетке мас болған адам жазылмайды.



Халықтың жағдайына қарамайды,
Белсенді боп ауылды аралайды.
Ойлағаны атақ пен мансап болып,
Ел намысын қорғауға жарамайды.

Ақиқатты өзінше сүйіп бекер,
Құлық бәрде әр нәрсе иіп кетер.
Мұндайлардан алшақтау жүрген жақсы,
Қырсығы басқа жанға тиіп кетер.

Өзін-өзі дәріптеп, дүрілдейді,
Тексеру келсе тер қысып, дірілдейді.
Қу құлқының құлы боп жүргені де,
Тамыр-таңдас күшімен білінбейді.

Дәулетіне масайрап, мас болады,
Әділетті жандармен қас болады
Ұрлап-жырлап, жымқырып жинағаны
Жұмырына қалайша ас болады!?

Құдайберген ЖЫЛҚЫБАЙҰЛЫ.
ҮЙҒЫР АУДАНЫ.

ЖҮТПАЙМЫЗ БА?..

Сөзі – алтын,
Өзі – жаркын.
Менің бір «тамаша»,
Досым бар-тын.
Тіршілік ал бітіріп қанаттарға,
Арайланып таң атқанда
Мен оған хабарластым:
– Қайырлы таң, бауырым,
– Ау
– Осы біз бір-бірімізді үкпаймыз, ә?
Далаға шықпаймыз ба?..
Денемізді шынықтырып,
Әлгі немен... азон ба еді?
Ептеңкіреп,
Жүтпаймыз ба?..
– Жо-жо-жоқ,
Мына пәлең заңға сыймас...
Осылай жауап қатты досым кимас.
Амал қанша,
Мен өзім жұтып жүрдім.
Ауыр гирді көтеріп оқтын-оқтын,
Тағы да бір күн,
Досыма телефон соқтым,
– Ау,
Біз дос едік қой құттықтайымыздан, ә?
Табиғаттың тазасын жұтпаймыз ба?..
– Жұтсаң, өзің жұта бер...
Бір күні досымды көріп,
Назаландым жүдә мен.
Байқұстың өң-түсі жоқ,
Әбден жүдеген...
Сойтсем,
«Ұтып жүріпті,
Жұтып жүріпті».
Мен баяғы ерте тұрып,
Таза ауаны сімірсем.
Од баяғы шәлмектерді
«Мытып» жүріпті.
Сойтып, денсаулығын құртып жүріпті...

Тоқаш БЕРДІЯРОВ.

ДӨҢГЕЛЕНГЕН ДҮНИЕ

БҰЛ ҚАЙ БОЛДЫ ЕКЕН?..

Алғаш осы өңірімені Бақанас селосының күншығыс жағындағы бір кездері Бақанас ет комбинатының ұжымы соққан үйлердің бірінде тұратын жақын жолдасым айтты.

– Мен өзім көрген жоқпын. Рахым үй ішімен көріпті. Сұрашы. Бірақ мен айтты деме – деді. Телефон шалдым. Тұтқаны талай жыл аудан әкімдігінде жауапты қызметтер атқарған Рахым Нарбаевтың өзі алды.

– Иә, көргеніміз рас. Бірақ Балқия айтсын, – деді ол менің сұрағыма.

Балқия Әділханова – ұзақ жыл Бақтыораз Бейсекбаев атындағы орта мектепте қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен дәріс беріп, құрметті еңбек демалысына шыққан Қазақстан Республикасы Білім беру ісінің озат қызметкері.

Менің сұрағыма ол:

– Иә, біз отбасымызбен түгел көрдік. Біз ғана емес, көрші-қолаңымыздың де көпшілігі көрді. Кешке қарай балаларды үйге кіргізейін деп жуындырып жатқанмын. Солтүстік шығыстан алдымен үшбұрыштанған екі қызыл нысан көрінді. Олар біз тұрған үйдің әкелетұсына жақындап келді де қайтадан көкке көтеріліп, тура біздің үйдің шатырын жанай ұшты. Бір шеті үйдің шиферіне тиіп кете ме деп қорқып кеттім. Балаларды тез үйге кіргізіп алдым. Сол кезде әлгі үшбұрыштанған екінші қызыл нысан да ұшып өтті. Олардың артынан үлкен шар келіп, әлгі бірінші нысан төмендеген жерге – біз тұрған үйдің өкпе тұсына келіп қонды. Айнала жап-жарық болып кетті. Бірақ көп ағдамай тез көтерілді. Ол ұшып бара жатқанда ешқандай дыбыс естілмеді. Айналасына қызыл-жасылды сәуле шашып бара жатты, – деді Осындай дыбыссыз ұшып бара жатқан шарды көргенін өткен жылы Бақанас кәсіптік лицейінің директоры Бекберген Елубаев та айтқан болатын. Онда аса мән бермеген едім. Бұл не болды екен?

МАРАТ ҚАШҚЫНБАЕВ,
БАҚАНАС СЕЛОСЫ,
БАЛҚАШ АУДАНЫ.

ТАҢДАНБАСҚА АМАЛ ҚАЙСЫ?

Түркияда өткен парламенттік сайлауда «Сәадет» партиясынан түскен кандидаттың бірі Хашим Ахмет Абдулбаки Небиоғулары болды. Оның аты-жөні толығымен алғанда (әр сөз аралығын есептегенде) 43 таңбадан тұрады. Бұл тек кандидаттар арасында ғана емес бүкіл Түркиядағы ең ұзын ата-тек болып табылады.

Тағыда Хашимге елді таңдандырған ұзайтып болуы керек. Ол 2007 жылы шілдеде туған қызына да сонша ұзақ ат қойды. Оның есімі –Айбике Гюлиз Әсәел Ягмур Әфлюнисә Небиоғулары (43 таңба). Төрт жасар қызға өзінің осыншалықты ұзақ атын тіпті есіне сақтау да кейде оңайға түспейді. Сол себепті әкесі оған қайта-қайта есіне салып, жаттатып отырады. Сонда да болса, кішкентай қыз есімінің осыншалықты қиын айтылатынына шағымданбайды, ептеп үйреніп келеді.

Өзгелерден айнымайды



Бұған дейін үндістік Дипак Кумар Пасван аяқ-қолының саны сегізге жеткенімен басқалардан ерекшеленетін. Бүгінгі күні жері рет жасалған күрделі операциядан соң жеті жасар бала өзгелерден еш айнымайды. Дипак киім киіп жүргенде осыдан бір жыл бұрын оның қарнынан артық аяқ-қолдың шығып тұрғанына сену қиын. Жаланаш кезінде денесіндегі тыртықтар көзге түсіп тұрады, алайда ол оған еш қапаланбайды. Бұған дейін оны балалар шайтан, нәкұрыс деп мазақтағанда қатты қиналатын.



Дипак алты жыл бойы сегіз аяқ-қолмен өмір сүрді. Ата-аналары кедей болғандықтан операция жасауға мүмкіндіктері болмады. Ал 2010 жылдың маусымында дәрігерлер 50000 фунт стерлинг тұратын операцияны тегін жасауға келісім берді. Содан бері бір жыл өтті. Бала әбден сауығып

Адамның отағы ырақ

Әзілкештерді оқыған Қажет АНДАС.



САТИРА

Тоқырауған той

Қашанда бастығың болады ғой,
Қасында жүру оңу ғой тағдырдың.
Дегенсе, бір ауыз сөзі бүгіп айтқан,
Қателесіп бұрмаларсың ғой қайдан.
Бір жері ұқсайды,
бір жерде тағдың жетпейді.
Түн ортасын ауғанда ауылдың жеткізбей,
Елден естіп қашқы ақын, ақтың мен,
Сізге өтірік, маған ақиқат.
Жерге кіре жаздады ғой,
Көрінді бұл "қасіреттің"
Төмен арналған ақтың.
Қаң жыртысы ақ болар,
Алты жеңіс арналған
Ұлыстың ұлан ақботы.
Ақ үйдің ішінде тағы бір "ерлік" тұр
Ашып қалсаң, өлеңмайсың.
Қанға-қаныңа сіңісіп кеп,
Жауын қайғыны немесе ғашық?
Әлде, сағынған телефонындағы әлде,
Кейбіреулер қосының шашқа тұр.
Ойтпаған достарының тап-тақыр
- Ойбай, ұйқы тағамды!
Ана жолда тастыңдар!
Ең жомартсің, қанша асындар?" -
Деп бүйіріпты бере бастағанында.
Шұғылдың бір шаш шашқыңдың.
Кешіп түсіріп отырғаң ол ешкім,
Түсіндіре кетіп,
Айтқаның мынау ақырғы.
- Болам, жіне.
Үлкеріп кетіп тіпті тақ тәбелес,
Өзің ойлашы, ойыңды еле
Тоқтап тыңда,
қонсаң арыс шаң қазақ ма?
Отырғанын ақтарып, кеткенді кектер,
Енді былай жіпсіздік ақтіл сезыңдар,
Өзің жасқы бақтарың жүрсің.
Тіпкертіп тіпке ет жеген кет!
Құдалғыға арналған бір қолың бар -
Деп тақтайға ақтал айтты.
Бұл әңгіме бірердің бірегіне тиған,
Сөйлыр-сыйлыр құлқысін жетпер.
Күйеу балаңның да қыры сынды ақыр
Гүлі жезбірлен кәй келіп.
Мәселенің қайырғасынан
Қайнатаның кәй келді:
- Ана, жылаудың не сұмдық?
Жастар жасын мұңда қарап отыр,
Тым құрмаса ұш жеңгелерің
Бірерін бар, - деді.
Ал, қарекетсіз.
- Дүниенің қадірін білмейтін ақымақ,
Ақылы дегсіз тәбелесіп айналдырып
жеберіпсіңдер - деді.
Мұны естіген жұрт
Лездей үйлесіп қалды.
Ал ашық ішектің,
Күлкіден тәуірлін қалды.

Қажытай ЛИЯСОВ,
сатирик.

СӘКЕҢНІҢ ҚАҒЫТПАЛАРЫ

Шұғайын ақынның банкеті

Шұғайын ақын өзінің алғаш шыққан кітабына тұсаукесер той жасап, оған өзінің ағайын-туыс пен жақын-жуық адамдарының басын қосып, кештірім банкет береді. Жиналған халық үйренген әдеті бойынша тост айтамыз деп "ақынды" күтсе керек. Сұңғыла ақын дәндеріп басым болса керек халыққа шұбатты үстемелеп құй береді. Сондағы сәтте Сәкең қасындағы дастарқандастарға былай деген екен.

Ұят та болса шыдап
Ішіп отырмыз шұбат.
Ақын баурымын Қуат.
Сау отырған ұят... – деп Сәкең ақын Қуат Қайранбайға хат жазыпты. Сонда Қуат та жай отырмай былай деп жауап қатыпты.

Ұят та болса жасайық,
Ақырын енді тосайық,
"Ақынды" алып азамат
Ағып бір судай тасайық" – депті.

Жуу мен жуындыру

Облыстық "Жетісу" газетінің тілшілері Қажет Андас пен Ришат Тұрғанбаев І.Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің журналистика мамандығын сырттай оқып бітіріп, диплом алатын сәті келеді. Олармен бірге қазақ тілі мен әдебиеті мамандығын бітірген қыздарға күәлікті Гуманитарлық факультеттің деканы Амангелді Толамисов пен кафедра меңгерушісі Сайлау Қажыбекұлы тапсырады.

Сонда қыздардың бірі Қажет пен Ришатқа

– Мамандығымыз басқа болса да дипломды бірге алдық. Ендеше, ағайларға да бірігіп жуып беру сапайық? – деп өтініш білдіреді. "Болмайды" деуге ұяттары жібермей, қосыла кетуге қалтапары жұқалтаң екеуі абдырап қалады.

Мұны сезген Сәкең,

– Әдебиетшілер жуады, ал, журналистер жуындырады, – деп екеуін күтқарып қалады.

Жиып-терген Тоқпақтың МҰРАТБЕГІ.

ШЫМШЫМА

Ал керек болса



Поштадан бір тақсыр кеп,
Газет-нұсқаға жазылуға ақша тапсыр деп.
Кеткен соң бармыдай құлқын,
Басылымдарға жазыпты ең.
"Фабрика келіп" бас болып,
Ешқандай дау-дамай,
Сұранған-сұранған
Газетімізге баладың, алаңсыз деп.
Жанталасқа мейлінше қанамыз деп.
Ай етті,
"Жаңғызға" түскен жоқ ештеңе.
Жолы тұзу басталар есте ме?

Болды ең ай... ешкім,
Есігімізді тоқылдатқан жоқ.
Маған қиын болды, кемпірам,
Қазақшамыз оқып жатқан жоқ.
Ақысы барған бойы таяқ пен,
Жүре беруге ылғи аяқ кем.
Сұрап ем басылым "қайда?" – деп,
Фабрика келіп жүйкемізді далдеді.
Газетіңді сөуірден бастап ал, – деді.
Ал керек болса, сәуірде келер.
Бірақ, газет келер ме?
Арам тер боп таңы да,
Кім біледі?
Бірақ, базынамды оқығаның,
Бұл етсе болды жүрегі

Төңкеріс НЫҒМЕТ.

ЖАТЫПАТАР

Бас киім және бас

Өте шаршайтын кәнеттан Ақпердеге әдетте көңіл бас киімемен көңілге ұялар берді екен. Жолда кетіп бара жатқан бір жолдасы:

– Басыңдағы не киіп алғансың. Осы да бас киім болып па? – деп мазақтайды.

Сонда Ақпердеке:

– Бас киімді сіз неге көп алғансың. Сол да бас болып па?, – дегей екен.

Жан өлмейді

Гоголдың "Өліжандар" романын жазылып біткен соң көпшілікке Россияның кітап-журнал тексеру орнына жолдайды. Шығарма ұзақ оқығаң кешіктіріп қатты ыжылыпты, оны басқалай ыңғайсыз тиым салады. Тіпті: "Кітаптың аты мәлметке сәйкесіз, жан өлмейді", – деп бірмәтелмен жазады.

"Ү пен "І"

Гюго "Адамдағы тағдыр" атты романын басқаға ықылас, көңіл дәйім тағы қан алмайды. Сонда редакторы

– Дұрыс емес, – дейді.

Қыз әуелі редакторының жауап хат алмай Онды

– Дұрыс емес, – деп жіберіпті.

Қатты ренжіп кәнеттен қуғынсүргінге бас иейді. Арада көп уақыт өткеннен кейін дұрыс емесіңізді жолдап сәйкес басылымға жіберіпті.

Өлең және өрт

Өткен ақын санаған бір жігіт жарамсыз өлеңін Пасколиге (Италия ақыны) ұсынып, төрелік айтуын өтінеді.

Пасколи оған:

– Өлеңіңізді дауыстап оқыңыз, – деп тапсырады.

Өлеңін сондай шабытпен оқып шыққан жігіт одан сенімді түрде Пасколиге қарайды. Сонда ол:

– Өлеңіңізге өрт кемшілік екен, – дейді тосыннан.

– Ендеше, ырымын жылу беру керек шығар? – дейді үміттене.

–Өлеңіңізді өртсей сағынып, – дейді Пасколи күзе жауап беріп.

Кедейлік пен байлық

Италия кинодасының бір инженерінің Дантеден:

– Сіз данышпан болғаныңызбен кедейсіз. Ал мен кешіне, бойыңыз болсам да қалтағымын, мұны қалай түсінесіз, – деп келекеге етеді.

Сонда Данте:

– Ешқандай сәйкесі емес, өйткені сіз бірсуге кедергісіз мен де жаттағы адам есептіңіз едің, – деп мысқылмен жауап бератты.

Кейіпкермен ұрсысу

Балзактың талап келген бір досы оның үйіне келіпті.

– Ағеке, сұрайын, қожаның қозіне көрсетемін, болсы, – деп ұрысқан жігіттің ісіпті. Үйге кіріп кетсе. Балзактан басқа тірі жанды жоқ. Сейтсе, ол жазып бітіп жатқан кейіпкерінің әрекеттерін балағатқа жатқызып отыр екен.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Тоқсан аяғы болғанда

Өткен күннің бәрі тарих. Бұл оқиға бағыда, Кеңес өкіметінің дүрілдеп тұрған кезіндегі бір мекеменің кезесінде болған еді. Айлық жоспар дейсіз бе, жылдық жоспар дейсіз бе, қойшы, айтеуір, "жоспар" дегеннің толып жатқан кезі еді.

Иә, біз әңгіме еткелі отырған бір үлкен мекеменің екі қабатты үлкен ғимаратқа орналасқан "Жалақы мен еңбек есігі" бөліміндегі төрт үстелдің басында қалдырып-қалдырып төртеу отыр. "Қазір-ақ отыр" - деймін-ау, бірсуі - кірілген жіптен өзіне жылы шұлық тоқып отыр. Екіншісі, "Байлар да болдап жылайды" - дегең, бір кооператив басшысы басып шығарған кітапты оқып отыр. Күр әңгіме, ағы осы, кеңсе ішінде отыр дегеніңіз болмаса, заты – теңіз, мұхит десып, Мариннамен бірге дүкен, базар аралап, сән-а-а-ау Оңтүстік Американың бір қаласында жүр. Енді қалған екеуі, қырық жылдан бері көрмегенді көріп, әбден арса-арса болған аласа шкафтың әр жағында тоңқаңдап, бірдемесін кеп көріп, әлпеш жатыр. Аңда-санда: – "Әй, осы саған дәл боп қалар, айтқанді, маған қарағанда мыжындыраксың ғой!" "Жоқ, дәл болғанымен, түрі, түсі ұнамқырамай тұр!" – дегең дәуыстары естіліп қалды.

Дәл осы кезде, неше жылдан бері жарнама жапсырып- жапсырып, әбден сарылап-сатпақ болған алабажақ есік, құйрығын біреу басып кетіп ала мысықтай





Руслан МЕДЕЛБЕК,
футбол шолушысы:

– Қазақ футболының дамуы қай деңгейде, – дейсіз бе? Бізде даму деңгей жоқ. Сол 2002 жылдан бері жеңілістен көз ашпай келе жатқан команда әлі сол деңгейде. Штерк келіп, ойыншылардан "тәжірибе" жасағаннан кейін құраманың көбесі сөгілін кетті. Сымаков, Жұмаскалиевті құрамадан шеткеді де ойынөрнегін өзгертті. Одан нәтиже шыққан жоқ. 1930 жылдан бері Германия құрамасы ой бапкер жаттықтырған. Ал Қазақстан жыпырма жылда оннан астам бапкер ауыстырып үлгерді. Тұрақтылық жоқ. Бірақ бізде футбол федерациясында ақша бар. Сол ақшаға шетелдік белгілі бір бапкерді әкелсе дейсің. Өз елінде жұмыс таппаған есімі ешкімге белгісіз бапкерлерден қазақ футболы тойды. Енді бар үміт Бразилияда оқып келген, оқып жатқан балаларда.

– Быттыр "Жетісу" жеңіп тұрып, жүз мың доллар сыйлық ақшаны көптің көзінше ой тастады. Соңғы бес тур қалғанда таңдықорғандық команда бас жүлдені "Шахтерге" ұстатты. Түбін қазбаласа, бір жіктің шығатыны белгілі. Меніңше, "Жетісу" сол жылы чемпион болуы керек еді. Ал быттырғы құміс жүлде бізді арман боып қалды. Бірақ команда да өткен жылғы деп пен күш сақталмаған. Бұл жеңіліс жанкүйерлер мен басшылықтың өздері де талдықорғандық команданың төмен нәтижесін басып айта алмайды. Бәлкім, команда бюджетіне байланысты нашар ойнаған болар. Бізде сыбе бюджеті мықты команданың ойыны ғана жүреді ғой.

– Қатықстан У... ФА-ға кіргелі кезде футбол дамуын с... жылға кейін шегерді. Ал АФК жүр... бергенде бізді Өзбекстанмен Б... әлем чемпионатының жолдамасына... іргелей таласып жатар ма едік. Кім біл... Бірақ Азиядан Европаға өткеніміз дұрыс. Себебі, Қазақстанға футбол мәдениеті кеш. Чемпиондар лигасы, Европа чемпионаттарына Қазақстанның да қатысы бар. Бұл халыққа, жанкүйерге тың серпіліс беруі. Мысалы, Өзбекстан, Германия, Англия... бір-бір рет кездесін көрмеген. Ал біз ... бір қазанда қайнап жатырмыз. Бұл ... футболдың дамуына серпіліс беруі... Бірақ біз Европа футболының қайнап жатқан қазанынан өзімізге керектісін ала алмай отырмыз. Өкінішті сол. Ал бізбен Өзбекстан әлем чемпионатына жолдама алып жатса, еш таңданбаймын. Себебі, ала ... ұлы ағайындардың футболы қазір Азияның көшбасшыларының бірі. Бірақ бізге ... ын бақыт, яғни Европада деп тебу ... Өзағаң бұйырмайды. Соны да ... Ф дұрыс түсініп, оянса, шақты жұ... се дейсің.

Ержан ОМАРОВ,
бапкер:

– Әлем ... арап отырса... ...ір ору... ...л кіл... ...е кеп... Қазіргі таңда өсіп ... сек болады. Әрине, ... тап дамымаса да, ... байқалады. Сонымен ... футбол мәдениеті де... ріліп келеді. Ол дегеніміз ... ыншылар, мен жанкүй... лердің қызығушылығы. Мә... селен, осыдан он жыл бұрын алаңға баратын жанкүйердің қарасы аз болатын. Ал қазір артып келеді. Бұл дегеніміз – ойынның да сапасының жоғарылауының басты себебі. Расында егер бізде футбол дамымай жатыр десе, мұнша жанкүйер алаңға жиылмас еді. Баяу болса да қозғалыс бар. Тек тәл шақырттерімізді ойынға көп қосуымыз керек. Сонда ойын ширай түседі. Келімсектердің де санын азайту керек және сапалы ойыншыны ғана шақыру керек. Ең үздік деген ойыншы-



Айдар КҮМІСБЕКОВ,
ойыншы:

– Мен Қазақстанда футбол дамуы өз алдына келе жатыр деп есептеймін. Неге десеңіз, біз тәуелсіздік алғаннан бері футболдың адамы едәуір ашылды десе болады. Мәселен алғашқы жылдары ел бірінші лигаға санауды командалар ғана қатысқан болатын. Ал қазір қарашы саны да өсіп келеді. Бұл дегеніміз, футболға қызығушылық артып келеді деген сөз. Яғни жастар өсіп келеді, сонымен қатар ел экономикасы да қарыштап дамып келеді. Сонымен қатар футбол да өсіп келеді. Әсіресе премьер-лигаға сапыда жылдан-жылға сапасы артуда. Ол былайғы жұртқа байқалмайды. Футболдың дамуын әлемдағы команданың жеңілісінен шешім қабылдаудың керегі жоқ. Оның техникалық жағына да көңіл бөлген дұрыс. Ойыншылардың шеберлігі де артып келеді. Материалдық базасы да дұрыс жолға түсті десе болады. Қазақта "көш жүре түзеледі" дейді. Біз жас мемлекетпіз. Сондықтан егемендік алған жылдан бері есептесек мүлдем дамымай қалды деген артық сөз. Бірақ күнде әлемді дүр сілкіндіру мүмкін емес. Ол әлеуеті жоғары елдердің де қолынан келмейді. Әрине, кемшіліктер де жоқ емес, оның орнын толтыруға тырысып жатыр. Оған мемлекет те қатты көңіл бөлуде. Тек сапалы ойыншы жағын қолға алу керек деп ойлаймын. Сол кезде ғана ойынның сапасы жоғарылайды. Сондай-ақ, жас жеткіншектерді тәрбиелеуді қатты қолға алу керек. Осыны дұрыс жолға қоя білсек, ертеңгі футболдың көрсеткіш одан да жоғарылайды.

1. Қазақ футболының дамуы қандай?
2. "Жетісу" жеңілістен неге көз ашпады?
3. Қазақ футболына Европа емес Азияның құрамы дұрыс деген пікірге қалайсыз?

Жаңа айдар: КӨКЕЙДЕ ЖҮРГЕН ҮШ САУАЛ

ДОП ТЕБУ ДЕ ШЕБЕРЛІК



Ришад ТҰРҒАНБАЕВ
"Жетісу"

Өткен жылғы Олимпиада ойындарының қызығы спортсүйер жанкүйерден әлі есінен кетпеген болар. Ел намысын арқалап, мәртебелі додаға аттанған ұландарымыздың тілеуін тілеген жанкүйердің жанын сөзбен айтып жеткізу қиын. Еліміздің Кек байрағы желбіреген кезде алақайлап, беркін аспанға аткан сіздерде де ес қалмады. Оны көзімізбен де көріп, құлағымыз естіді. Ол ең бірінші мемлекетке, спортшыға, жалпы қазақ спортына деген құрметіміз екені айтпаса да түсінікті. Мұндағы менің айтпағым, өткен жылы Лондон Олимпиадасының қызығын сүйіншілеген болсақ, биыл сіздерге арнап жаңа айдар ашып отырмыз. Жыл бойы жүргізілетін жаңа айдарымыз көтеретін жүгі салмақты десе де болады. Олай дейтінім – байрақты басекелерде кем түсіп жататынымыз бар. Әрине, жарыс болған соң жеңіс пен жеңіліс қатар жүреді. Әйтсе де, сапасыз өнерді көргенде жаның сұрыпы, себебін іздеп сананы сан жаққа жүгіртетініміз анық. Осы орайда олқылықтың орынды жауабын білу үшін мамандардың жауабына жүгінеміз. Ендеше, жылдың басты тақырыбы ретінде өз тарихында күміске қол жеткізген жерліктің "Жетісу" футбол клубы өткен жылы сүренсіз өнер көрсетті. Осының себеп-салдарын сұрау үшін ойлесіп, бапкер және футбол шолушысының пікірін қарағанымызға ұсынбақпыз. Футбол әнерінде өзіндік қолтаңбасы бар талантты қорғаушы тағдырқорғандық Айдар Күмісбеков, спортта дарынды балаларға арналған мектеп-интернатының футбол жаттықтырушысы Ержан Омаров және "Аламан" спорттық сайтының футбол шолушысы Руслан Меделбекті әңгімеге тартқан едік. Жауапқа құлақ түрейік.

– Ал "Жетісу" неге жеңілді? дегенге келсек, маусым ортасында бапкерлердің ауысуынан ба деп ойлаймын. Бұл футболшылар үшін психологиялық әсер еткен болар. Әрине, жаңадан келген бапкер де осал емес. Оның да өзіндік стилі бар маман. Матч ортасында бір стильден екінші тактикаға ауысу деген өте қиын нәрсе. Оған бейімделіп біткенше уақыт талап етеді. Ал уақыт деген – ол кезде ауадай қажет. Сол уақытты жоғалту деген үлкен жоғалту. Мұның себебін ары қарай өзіңіз де білесіз. Оның үстіне команда құрамында елу пайыз өзгеріс болды. Өткен жылғы белді ойыншылар кепсам–шаттарды бітіп, басқа командаға ауысып кетті. Соның салдары да команданың жеңілгенге әсерін тигізді. Ал орнына келген ойыншылар оқу–жаттығу кезінде көрсеткен шеберліктерін премьер–лига ойындарында көрсете алмады. Жалпы алғанда биыл ойын болмады. Соңында нәтижені бапкерден сұрайтыны белгілі. Бұл ретте тек бапкерді кінәлаудың қажеті шамалы. Оның ішінде ойыншылардың да кінәсі бар десем, артық айтқандық емес.

– Үшінші сұрағыңыз өте орынды. Мен бұл туралы көп естіп жүрмін. Ел айтқандай Азияның құрамына қайта кіру деген қазақ футболын бірнеше жылға кері шегеру деген сөз. Осы Европа қатарында жүре бергеніміз дұрыс. Неге десеңіз – біз сол арқылы шеберлік жинаймыз. Сондай-ақ, мәтериалдық базамызды да нығайып келеміз. Әлемдік стандарттың талабына сай алаңдар салынып, жастардың шұғылдануына дағдыл жол ашып келеді. Азияның қатары да керемет деп айта алмаймын. Олардың да бізден асып бара жатқаны шамалы. Ол елде де керемет дамымаған. Ауызапты қарыс командамен жасыл алаңда шеберлік байқасу – біз үшін үлкен мақтаныш. Әрине, қап-қап гол арқалап қайту, екіншіден өзегін өртейді. Бірақ, титтей де болса шеберлік жинауға септігін тигізеді. Сондықтан да Европаның футболы бізге қолайлы.

– Қатықстан У... ФА-ға кіргелі кезде футбол дамуын с... жылға кейін шегерді. Ал АФК жүр... бергенде бізді Өзбекстанмен Б... әлем чемпионатының жолдамасына... іргелей таласып жатар ма едік. Кім біл... Бірақ Азиядан Европаға өткеніміз дұрыс. Себебі, Қазақстанға футбол мәдениеті кеш. Чемпиондар лигасы, Европа чемпионаттарына Қазақстанның да қатысы бар. Бұл халыққа, жанкүйерге тың серпіліс беруі. Мысалы, Өзбекстан, Германия, Англия... бір-бір рет кездесін көрмеген. Ал біз ... бір қазанда қайнап жатырмыз. Бұл ... футболдың дамуына серпіліс беруі... Бірақ біз Европа футболының қайнап жатқан қазанынан өзімізге керектісін ала алмай отырмыз. Өкінішті сол. Ал бізбен Өзбекстан әлем чемпионатына жолдама алып жатса, еш таңданбаймын. Себебі, ала ... ұлы ағайындардың футболы қазір Азияның көшбасшыларының бірі. Бірақ бізге ... ын бақыт, яғни Европада деп тебу ... Өзағаң бұйырмайды. Соны да ... Ф дұрыс түсініп, оянса, шақты жұ... се дейсің.

ТҮЙІН ОРЫНА:

Міне, футболсүйер қауым, көкейде жүрген үш сауалдың жауабын таптық па, жоқ па, оны біз де доп басып айта алмаймыз. Әйтсе де мамандар өз ойларын білдірді. Құрметті жанкүйер, бұл ретте сіздің де айтарыңыз бар шығар. Сырт көз – сыншы деген, ендеше тасада қалмаңыз, хат жолдаңыз.



«Жетісу»-95

Аспанханның отауы



Әзілкештерді оқыған Қажет АНДАС.

БЕТІҢ ҚИСЫҚ БОЛСА...

Арақтың буы

Мас Кінден кетіп Арыстанға
– Қалайсың, – депті, алысқанға?

Екі сөзді еркек

Үйленерде жігіт қызға:
– Жүрегім сенде, – деді.
Үйленген соң ұмытты да,
– Билігің менде, – деді.

Алименттен қашқан әке

Кеткен қатындағы балалар,
Жай таппай жүр дейді панаңар.
Бірде аш, бірде тоқ көрінеді,
Қыс киері де жоқ көрінеді.
Күйген тұған сүметек,
Өздеріне де сөз керек.

Жеңешемнің мұңы

Моншаға кетсе байым,
Қайтып келуі уайым.
Нарттай жаным қызып келеді,
Шырқымызды бұзып келеді,
Кейде әдетін аршындайды,
Бақсыдайын қалшылдайды.
Кейде өзі-өзімен айтысады,
Бет жыртысын шартысады,
Таусылса үйдің арағы,
Дүкенге түнде-ақ барады.
Сұрамаса да қайындарым,
Айтайын осындай байым барын.
Шыспышының аңтазуы
Дәрігерлер тілінде.
Зиянды, - дейді шылымды.
Аз шылымды шексеңде,
Тоңған аулым жылынды.

Болат БИСУЛТАНҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.

ЖАТЫПАТАР



Ең тамаша "Туынды"

Францияның әйгілі жазушысы Әке Дюма тігінші қызбен тұрмыстанып, ұлды болады. Ол - "Гүл таққан келіншек" атты пьесаның авторы Бала Дюма еді. Бала Дюманың осы туындысы 1852 жылы сахналанып, зор дүмпу тудырады. Сонда шетелде жүрген әкесіне:

- "Гүл таққан келіншекте" сіздің алғашқы туындыңыз сияқты өте табысты болды, - деп телеграмма жолдайды.

- Сонда әкесі.

- Менің ең тамаша туындым өзіңсің - ақылы балам, - деп жауап жазады.

Күлу мен жылау

Рим ақыны Хиластың лирикалық өлеңдері жұрттың ықыласына тез не болады екен. Біреу одан:

– Өлеңіңіз оқырманың қалайша тез баурап алады, – деп сұрайды.

Сонда ақын:

– Ең әуелі өзіңіз күле білуіңіз керек. Сонда ғана басқаларды күлдіре аласыз. Сол сияқты жылай білген адам, басқаларды жылата біледі, – деген екен.

ЖЕБЕ

Сынама

"Қисық" дейсің қарап тұрып іседі.
"Қисықтық жоқ", – деп алаайымын ісеуде.
Тегдіктен басталады барлығы.
Қисықтың тап - соны түзеу үшін де.

Ащу-дағы, мынау-дағы бүтінген,
Ақылыңа сенің содан жүгінгем.
"Айтар" – деп ем әдепдігін амал не?
Кергенбей гүр ондай ойың түрінен.

Қисық істі көру оңай, бәрінен,
Кино аргтайымын көргенңе сенің мен.

Түзетуге көмектесін бауырым,
Түзеу қиын, әр кезде де көруден.

Сынап жатсаң "Сынды – сын", – деп түсінем,

Мінеп жатсаң, міним шығар, ішімнен
"Досыммын", – деп достық қолың созылса.

Қуанамын пендемін ғой, ішімнен.

Талғат СМАҒҰЛОВ.

САРҚАН АУДАНЫ.

ШЫМШЫМА

Бар ма екен, бойымызда...

Әр гүлдің өзіндік бар жапырағы,
Тегіне тартып өсіп жатыр әні.
Келсе де ат тұяғы алыс жерден,
Сақталған көркі менен әсем сәні.
Генезис құдіреті керемет қой,
Бұлжытпай бар болмысын сақтар мәңгі.

Біздің де генезистік құтымыз,
Оралып өз қалпына келер әлі?
Тұранның туын тіккен бабалардың,
Бар болса бойымызда тамшы қаны.

Әбіжан ОМАРҚҰЛОВ.

ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Телефонды қиып кетіңдерші...



ҚЫЗ: Алло, сәлеметсіздер ме, келе жатқан мерекелеріңізбен!

Шал: Сәлеметсің бе, әкем, рахмет. Бұл кім екен?

ҚЫЗ: Мен Оралғайша Бетказова, ЦОН-ның операторымын.

Шал: Соның кім қарағым, аты барма?

Қыз: Ата, халыққа қызмет көрсету орталығынанмын.

Шал: Е, солай деңізші, халыққа қызмет көрсеткендерің жақсы екен, қарағым.

Қыз: Ата, апа екеуіңіз бізге келіп, ИИН алыңыздар! Ұмытпаңыздар!

Шал: Е, балам апса кемпір алсын, мен былтыр алып алғанмын. Кемпірді қай күні жіберсем болады?

Қыз: Жоқ, ата, сіз ИИН алған жоқсыз, компьютер алмағаныңызды көрсетіп тұр.

Шал: Япыр-ау, қалай алған жоқпын, алған мен білем бе, әлде сенің компьютерің біле ме? Аяғымнан аздап ақсағаны болмаса, әлі ақыл-есім дұрыс. Өмірі өтірік айтқан емеспін. Өтірік айтсам осылай жер басып жүрмес едім. Баяғыда Сталиннің кезінде өтірік айтқандарды табан астында атып тастаған.

Қыз: Ата, жаңа жылға дейін алмасаңыздар зейнетақы ала алмайсыздар.

Шал: Олай айтпа қарағым, зейнетақыны алам, алмағанда Соғысқа қатысып, отан үшін от кешіп жүргенде жараланып мүгедек болғанда өкімет тағайындаған зейнетақы, оны тоқтататын сен кімсің? Кемпірдің алмағаны рас. Былтыр ине ал дегенде алмай қойған. Қазір кішкене сырқаттанып жүр ине алып аздап емделгені дұрыс болар еді. Ал, менің алғаным рас. Оны растайтын ине салған дәрігердің қағазы бар.

Қыз: Ой, ата ине емес ИИН. Жеке индетификациялық сан дегенді білдіреді. Бұл жалпыға бірдей қойылған талап.

Шал: Қайдан білейін кемпір ине алып емделсін деп жүргем.

Жарайды, барамыз.

(Телефонды қойды. Телефон қайта шырылдайды.)

- Алло, сәлеметсіздер ме, келе жатқан мерекелеріңізбен!

Шал: Сәлеметсің бе, әкем, рахмет. Бұл кім екен?

Қыз: Мен " АСТАНА МОТОРС" фирмасының өкілімін.

Біздің фирма демеуші ретінде ардагерлерге мерекелік сыйлықтар таратуда, сіздерге де тосын сыйымыз бар.

Шал: Балам-ау, бір аяғы төрде, бір аяғы көрде тұрған кемпір мен шалға ештеңе керек жоқ. Ниеттеріңе рахмет!

Қыз: Жоқ, ата болмайды. Өте бағалы сыйлық. Сіздерге "ДЖИП" сыйлайық деп едік түсін өздеріңіз таңдаңыздар. Ақ "ДЖИП" керек пе, әлде қара "ДЖИП" керек пе немесе қызылы ма, қандайы керек?

Шал: Ойпырмай, біреуі жаңа ине деп еді, енді ақ жіп, қара жіп сыйлаймыз дейсіңдер. Кемпірдің инежіп сабақтамақ түгілі, көзі мені әрең көреді. Керегі жоқ ештеңелерің де.

Қыз: Жоқ, ата жіп емес, "ДЖИП" шетелдік көліктің аты. Тіпті керек болмаса, балаларыңызға берерсіздер. Өте қымбат көлік.

Шал: Балаларыма қажеті болса алайын, ол да жөн екен.

Қыз: Ата, бұл көлікпен сыйымыз бітпейді. Апа екеуіңіз көлікті алған кезде қосымша сотка береміз.

Шал: Астапыра Алла сендер көлікті алмай жатып сотка бергендерің қалай? Өйткен көліктеріңнің керегі жоқ. Бәсе, үкіметтің шашылып жатқан дүниесі жоқ. Баяғыда бір уыс бидай артық алған үшін итжеккенге айдаған. Тегін нәрсе жоқ. Ештеңелеріңнің де керегі жоқ.

Қыз: Ата, сотка емес, сотка береміз. Ұялы, сымсыз телефон.

Шал: Балам-ау, ұялы да, ұясыз да, сымсыз телефонның да керегі жоқ. Өзімнің сымды телефоным жақсы. 1950 жылы орнатылған әлі сол қалпында.

Қыз: Ата, біздің сыйдан бас тартпаңыз өтінемін. Сіздерге тек ұялы телефон емес оған қоса апа екеуіңізге 1000 бірлік сыйлаймыз.

Шал: О, құдірет тоқсанға келген бізге бірлік сыйламай-ақ қой. Сендердің бірліктеріңіз де бірлігі бүкіл қалаға үлгілі отбасымыз. Балаларым мен немерелерімнің де бірлігі жарасқан әулетпіз.

(Телефонды қоя салады.)

Кемпір: Шал-ау, бұл кім телефон шалған?

Шал: Ой, кемпір сен сұрама, мен айтпай-ақ қояйын. Бірі ине, бірі жіп, бірі сотка береміз, - дейді. Сұмдық-ай!

(Телефон қайта шырылдайды.)

Шал: Тағы қайсы бұл? Балалардың бірі ме екен. - Алло бұл кім?

Қыз: Алло, сәлеметсіздер ме, келе жатқан мерекелеріңізбен. Мен осы қаладағы Орталық Интернеттің директорымын. Апа екеуіңізге мерекелік сыйлық ретінде тегін интернетке қосайық деп едік. Қарсылық білдірмей, міндетті түрде қосылыңыздар. Интернет деген жақсы. Ата интернеттен бұрын соғыста бірге болған майдангер достарыңызбен, тіпті бірге оқыған сыныптастарыңызбен сөйлесесіз.

Шал: Әй-әй, не айтып тұрсың? Сен біздің интернатқа қосатыныңды ағайын-туыс естімесін. Құдайға тәубә, он бала, жиырма немере, отыз шөберем айдың күннің аманында кемпір екеуімізді интернатқа жібере қоймас. Біздің ұлтымыздың салт-дәстүрінде кәрі ата-анасын интернатқа беру жоқ. Тіпті сол интернаттан достарымды тауып, сөйлеспей-ақ қояйын. Іздеген адам өзі келсін, қарашаңырақтың есігі кімге болса да ашық. Дастарқан жаюлы. Баяғыда ауылда мектеп болмаған соң қалада интернатта тұрып оқығанбыз. Енді тоқсанға келгенде ол жерге апарып, қосатын аламын біз емес, бұдан былай хабарласпа!

Телефон тұтқасын орнына қойған ақсақал:

– Әй, кемпір, бұл телефон бізге жақсы хабар бермейтін сияқты құтылайық.

(Ашулы ақсақал телефонды алып нөмір тере бастады.)

– Алло, бұл Қазақтелеком ба?

Оператор: Иә, иә ата айта беріңіз, сіздерге қандай көмек керек? Әрқашан тегін қызмет көрсетуге дайынбыз.

Шал: Қарақтарым, маған мерекелік сыйлық ретінде телефонды қиып кетіңдерші!

Самат СЛЯМГАЗИН.

ҚАРАТАЛ АУДАНЫ.

СЫҚАҚ

Тірі тіл

Ақылдың алғы шарты тілге көнбек,
Әуелі басталады тілден еңбек.
Қалтырап қазақ тілі келе жатыр,
Жаралы айдаһардай ирелеңдеп.

Қанатым қайырылып ұша алмадым,
Рухын кім қолдайды тұсалғанның.
Орны өзгейсіген ана тілдің,
Бірнеше көрсетейін тұсалғанын.

Жүгі ауыр жұмыр баста жұбаныш көп,
Әр күнім өтіп жатыр күн бағыс боп.
Ақпарат айдынының аққулары,
"Тілшіні" кеттік бүгін "Журналист" деп.

Атаның айтқандарын бұрыс көріп,
Басқаның батуасын дұрыс дедік.
Сән құған саяхат пен саяхатшы,
Кетті ол да туризм мен турист болып.

Бүгінде замананың зары басым,
Көңілдің кімге айтамын базынасын.
Халықтың әл-ауқатын асыратын,
"Бюджет" деп атап алдық қазынасын.

Келтірдім шұбар тілдің кезегін кей,
Өртейді осы тектес өзегімді ой.
Бабамыз біздің сөзден өлмеп еді,
Баба жоқ бүгін өлер, сөз өлді ғой.

Болмаса дарқандығы далаға сын,
Сәулесі болмаса егер санаға сын.
Өлі сөз былай тұрсын, тірілтпеген,
Оқыдық тірі сөздің жаназасын.

Домалап ана тілдің өрге тасы,
Бірікце қандай бақыт жұрттың басы.
Ақындық биігіне шықпасам да,
Өлеңім таза арымның лицензиясы.

Айқын САҒЫНБАЙҰЛЫ.

КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ.

АЛМАҚТЫҢ ДА САЛМАҒЫ БАР...

Жәрдемақы жыры



Быйыл қыс ерте түсіп, қалада жеке жұмыс берушілерде, кімдерге бұйырғаны белгісіз көпбалалы сапсыз үйлердің біріндегі қалып, отбасын асырап жүрген Мұқыш жұмыссыз қалды. Ауылдағы бес баласына алатын жәрдемақы, әйелінің айтуынша, бір қап ұн мен бір баллон газ алуға және көрпелі ашпасын төлеуге әптеп-септеп жетеді екен. Бұған да шүкір.

Бүгін түні ұзақ кешінде әйелі бір әңгімені шетін шығарды.

– Апа Түкеш бар ғой, соның әйелі "көпбалалы" деген енесін енге тағы да төрт баласына жәрдемақы алады екен.

– Иә, сонымен?

Мен де құжаттарды жинап, сол жәрдемақыны алсатын көрсем қалай болады? Ең болмаса күн жылынып, сенің жұмысың қайта басталғанша бір себеп болар? – деді күйеуіне сұраулы жүзбен қарап.

– Ой, ол үшін мал басын өсірейік деп еді бізге шыға көпу ма екен? – деп Мұқыш сөйлесіңдер жүзбен айелдіне қарады.

– Түкештердің бес сиыр, жиырма шақты қой-ешкісі бар ғой. Сонда да алады. Олардің қарамағында біздің мал басын біздегі ғой.

Сонымен не керек, осы әңгімеден кейін Мұқыштың әйелі үйдегі құжаттарын алып, [illegible] тартып кетті. Кешкісіне қайтқан соң, [illegible] бір [illegible] алдыңы жайлы, жұмысы бітті.

Қарағым, көрші әйелдерден естуімше, балалардың [illegible] жәрдемақыны [illegible] [illegible].

[illegible] таралапата басып отырған компьютерлерден көзін алмастан:

– Әрине, апай, ондай жәрдемақы бар, – деп асығыс жауап берді.

Онда, жақсы болды. Қандай құжаттар жинауым керек? – деп мәселенің оңай шешілгеніне қуанған әйел сөмкесінен құжаттарын шығара бастады. Сол кезде ғана жас жігіт аңтарыла қарап:

– Апай, тұра тұрыңыз. Әуелі кірісті өсетініңізді алуыңыз керек. "Күйеуім жұмыссыз" дедіңіз, иә?

Енді уақытша ғана ғой, – деп байғұс әйел "жұмыссыз" деген сөзге жерге кірердей қызарып кетті. Бірақ екінші "жұмыссызбыз" деп көмек сұрап келмеген екен. Әйі де, Мұқыш та.

Онда күйеуіңізге пәленбай мың кіріс жасаңыз, – деп жігіт алдындағы ақ парақта екі орынды қаға үй иесі тіркеп жазып қойды. Мұқыштың әйелі шошып кетті.

Ойбай-ау, мен оны жұмыссыз қалды деп тұрмын ғой. Пәленбай мың кіріс жасағаным не?

Апай, ақша таппайтын еркек жоқ. Кем дегенде осындай кіріс жасауыңыз керек. Жарайды, ары қарай, балаларыңыз нешеде?

Үлкені жетінші сыныпта, кішісі [illegible] баруға [illegible].

Онда сізге пәленбай мың кіріс, – деп бір ақпарды енгізе тағы да үй [illegible] сапды. Мұны көрген әйел тіптен шыдамсызданып.

– Қарағым-ау, мұның не? Мен мұндай кіріс кіргізсем, сендерге келемін бе?

Апай, кешіріңіз, солай жазуым керек. Көршінің баласын түске дейін қарап беріп, ақша алмыны немесе насия тоқып сатамын дейсіз бе, әйтеуір, бірнәрсе істеуіңіз керек.

– Ауылда көршінің баласын бір ай қарап берсе де, ақша алған қай қазақты көріп едің? – деп шыдамсыз қалды Мұқыштың әйелі. – Істемеген ісім қалай істелім деп жазасың?

Апай, түсініңізші, солай жазуым керек. Ал енді үйде малдарыңыз, үй құстары, бақша бар ма? Соны айтыңызшы? – деп жас жігіт тағы да көгазына үңіліп, жазуға кірісіп кетті.

Бір сиыр, бес қой. Құстан екі тауық, бір қораз. Есік алдында шағын бақшамыз бар, – деп Мұқыштың әйелі мальның санына жете алмағандай кібіртіктей жауап қатты.

– Бір сиырға пәленбай мың, бес қойдың әрқайсысына пәленбай жүздан, бақшадан түсетін өнімге пәленбай мың, тауықтың жұмыртқасына пәленбай мың деп, сумармалы сиырдан алған бір бума қағазына қарап сарттылдатып екі орынды, бір орынды сандарға жолдарды тіркеп жатыр. Қолы әбден кіріс қосатын машинаны көріп тұр. Мұқыштың әйелі сасқайын деді. Тіпті ұяла бастады. Осынша кіріс кіріп тұрып, мұнда келгенін естісе, көршілері қанағаттарын қайда деп бетіне басатын болды-ау! Сонда да көкейіндегі сұрақты қойып қалды.

– Сонда мына кірісті мал мен бақша қалай кіргізіп жатыр? Соны түсінбей тұрмын, қарағым.

– Түсінбейтін несі бар? Сиыр деген сүтті жануар ғой. Сүтін сауып, күніне екі литрін өздеріңіз ішсеңіздер, сегіз литрін сатыңыздар. Ал қойды, ай сайын жүнін қырқып сатыңыздар. Ал өзін ай сайын базарға шығарып, немесе сойып, етінен қаржы жасаңыздар. Ал тауық деген нағыз жұмыртқа фабрикасы ғой. Бір айдан екі тауық – 60 жұмыртқа туады. Соны сатып иый-құлпыныңызды шығарасыз. Бақшадан алған бес қап картопты да базарға шығарып сатсаңыз, әйтеуір қаражат болады.

Жас жігіт бастырмалатып, сату-сату деп кетіп еді, Мұқыштың әйелі қатты састы. Ұялғанынан бөлмеден атып шығып, көрші әйелдердің бәрі көріп қоймасын деп, үйіне қалай жеткенін аңғармай қалды. Іштей өз-өзін жазғырып келеді: "Құдайым-ау, қайдан келдім? Осынша қаражатымыз бар екен. Соған шүкір етуіміз керек еді ғой. Ұят-ай!"

Үйіне келе сала Мұқышқа кеңседегі барлық жайды жайып салды. "Бекер бардым, неге мені тоқтатпадың?", – деп, күйеуін жазғырды. Әйелінің әңгімесін естіген Мұқыш мырс етіп бір күлді.

– Ой, ақымағым-ау! Сені әбден қатырыпты ғой! Өзің ойлашы, сиырыңнан қанша сүт аласың? Бір қойды ай сайын базарға апарып сатып, байыған қай қазақты көрдің? Сонда не, бәрін сатып, екі қолымызды мұрнымызға тығып отырайық па? Бұлар енді күн жылынса, үйге кірген шыбынмен қоймадағы тышқанға да кіріс жазар. Үйде Актөс деген итіміз бар деп айтпадың ба? Кірісіміз көбейе түсер еді, - деп Мұқыш қолын бір сілтеді.

– Ертең қала жаққа барып, жұмыс қарастырып көрейін тағы да, киімдерімді дайындап қойшы, – деп Мұқыш кімге күлерін білмей, орнынан тұрып тысқа шығып кетті. Ал әйелі болса, түк түсінбей, көзін жыпылықтата берді.

Мира СЕМБАЙҚЫЗЫ.

ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.

Сен туған күн



Бақанас ауданы, Жидебай ауылында тұратын құдамыз Аманкелді БАЗАРБАЕВТЫ мерейлі 70 жасқа толуымен құттықтаймыз!

Зор денсаулық, ашық аспан, шат күлкі, мол бақыт, ұзақ ғұмыр тілейміз. Отбасыңыздың ортасында әрқашан жүзіңізден күлкі кетпей, ортамызда осылай ұрпақтарыңыздың қызығына кенеліп жүре беріңіз!

[illegible]
[illegible]
[illegible]
[illegible]
[illegible]
Жарқыраған ақ таңда жүрсеңіз, [illegible]
Құтты болсын құда туған күнің,
Әлі болсын ұрпаққа ұлы кеңіл.

ІЗГІ НИЕТПЕН: құдаларыңыз – Алтай, Баян, Айдос.



Панфилов ауданының тұрғыны ЮСУПОВА Мәрзия Мұсақызы ақпан айының 31 жұлдызында ақшарады 60 жасқа толады. Астрахань облысынан туыған келіп бар бақытын Қазақстанда тапқан Мәрзие Мұсақызы бүгінде Панфилов ауданының "Құрметті азаматы" өзінің біліктілігімен ел ісінің сүйіктісінә айналды. Бойындағы асыл қасиетін бала тәрбиесіне арнап, қызмет етуімен шыңдап, жұмысын абыроймен атқарып келеді. Әріптестерінің арасында сыйлы, отбасының ырыс бағы болды. Бүгінгі мерейлі тойымен құттықтап, денің саулық, отбасына амандық, ризметте табыстан табысқа, ұзақ жасауын тілейміз.

Тірлігіңнің тың мұрасын елеп шың,
Әркашанда қуанышпен тез өстің.
Кезінде ұлағаттың жазбасы
Адалынта деп ойлашайды сені шың.
Соның бәрі даналығы ойыңның,
Соның бәрі мағынасы жүректің.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: Шабдарбаевтар әулеті.



Талғар қаласының тұрғыны, Т. Рысқұлов атындағы № 9 жалпы білім беретін орта мектептің ұстазы, біріміздің ардақты әке, біріміздің ақылшы аға, жаны жайсаң, көңілі дархан әріптесіміз ТҰРАБАЕВ Әуесхан ағамызды 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтаймыз! Осындай мерейлі жасқа келген ағамызға тірлікте тұғырыңыздан таймай, әлі де талай асуларды табандылықпен алып, өнер қиындықтарды қажырлықпен жеңіп алға қойған мұраттарыңызға сүрінбей жете беріңіз дегеніміз. Асыл жарыңызбен, ұл-қыздарыңыздың қызығын молынан көріңіз, алып мәуелі бәйтеректей жапырақ жайып, ірі ұрпақ беруіңізге тілектеспіз!

Құтты болсын алты баяс алтысың,
Алпыс деген адам ашық жасы сыл
Өміріңіз бақытты бол жылында
Кеңіліңіз кек теңіздей шалқысын.
Құтты болсын жаңа асқан алтысың,
Алпыс деген тамылусыз тез жүсің.
Жүзден асып, жүріңіз жұлдыз бөлінбеңіз.
Мәртебеңіз асқақ [illegible]

Талғар қаласындағы Т. Рысқұлов атындағы № 9 жалпы білім беретін орта мектеп ұжымы.



Қарасай ауданы Райымбек ауылының тұрғыны, "ДРСУ-8" ЖШС-ның қызметкері МҰХАНБЕТҰЛЫ Тұрсынбекті 1 ақпанда 55 жасқа толатын мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз!

Бастығы жүріп ірі істің,
Жолдасын әбден шыңдадың,
Қиын жұмысты да шеріңің,
Тұрсынбек,
Нағыз шын ынтамен жүрсің!

Жұрт та өзін көп мақтайды,
Сонда да асып-таспайды.
Әйтеуір, алғы күндерге,
Нық басып қадам, аттайды.

Тіл табысады елмен де,
Ортақ бір шаруа келгенде.
Жағдайсыздау жан жолықса,
Талай көмек берген де.

Биіктен тек көрінгесің,
Өмірдің нақ өріндесің,
Әр үйдің де төріндесің,
Тұрсынбек,
Құтты болсын осы елу бесің!

АҚ ТІЛЕКПЕН: "ДРСУ-8" ЖШС-нің ұжымы.



Алматы қаласында тұратын аяулы да асыл достарымыз, ерлі-зайыпты Қаныбек пен Гүлсара ЖҮНІСБЕКОВТАРДЫ 45 жасқа толған мерейлі мерекелерімен шын жүректен құттықтаймыз. Денсаулықтары мықты, ғұмыр-жастары ұзақ болып ағайын-туыс, дос-жарандың ортасында ойнап-күліп, бақытты өмір кешулеріне тілектестігімізді білдіреміз.

Тағдырдың талайын бұрып кешіп,
Жылдардың жемісінең ізің ұрлақесін.
Жақсылық, жайсаңдықты [illegible]
Күн бассын, азғы дос, қырық [illegible]
Көрсетіп ұрпағына өнеге шың,
Қызығын қызықтаңдар немеренің,
Айнаша, Нұрыбектер кезіп бол,
Өрге жүзін қашан да немелері.

ІЗГІ НИЕТПЕН: құрбыларың – Айна, Бақыт.



Талғар қаласының тұрғындары, ардақты ініміз АСҚАРОВ Сержан Тұысқанұлын, аяулы балдызым ӘМІРЕЕВА Гайша Қожанқызын 50 жасқа толған мерейтойларымен құттықтап, әрбір атар таңдарыңыз ажарлы, отбасыларыңыз базарлы болсын. Зор денсаулық, ұзақ ғұмыр тілейміз.

Сержанға!

Інім едің көңілің таза бұлақтай,
Уақыт шіркін өтіп жатыр сынаптай.
Сен де міне, елу жасқа кеп қапсың,
Елу деген ердің жасы құрыштай.
Сыр болсаң, сақтанысың қаламыз.
Көрiспесек бір ай емес, бір алты-ай.
Еңбегіңді ел мақтап жүр сыртыңнан.
Мақтаулы сөз жақсы естілер құлаққа-ай.
Дәл осылай еңбек етіп алып жүр,
Адал еңбек жеткізеді мұратқа-ай.

Гайшаға!

Жаны жайсаң Талғардың қызы едіңіз,
Жаз жайдырап көркіңмен күледі күз.
Алатаудың самалы сыйлағандай,
Қазақтың қызына тән мінезіңіз.
Бұкіл әлем сылқымдай құшағыңа,
Қандай ыстық, кеңпейіл жүрегіңіз.
Шай [illegible] үйіңнен шығармайтын,
Ерекше балдызымның бірі өзіңіз.
Сержаныңмен бірге боп жүзге шықсын,
Біздің осы сізге айтар тілегіміз!

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: ағаң – Бексұлтан, әпкең – Құлтай және інікарындастарың – Ақерке, Ақмарал, Бағдат, Жаннұр, Ернат, Аламат, Асхат, Алтынай, Ерұр, Зарина, Амина.

мерекеңмен!

Ауа райы мәліметі

3-8 ақпан аралығындағы ауа райы болжамы

Ақпан айының 3-і күні жауын-шашын орын алады деп күтілуде. Жамбыл келесі күн де кей жерлерде жалғасын табуы ықтимал. Ақпанның 5-ші жұлдызында кейбір аудандарда қар жауып, тұман түсіп, көктайғақ орын алады. Оңтүстік-батыс бағыттан жел соғып, солтүстік-шығысқа қарай ауады. Желдің жылдамдығы 9-14 және 3-5 м/сек жетеді, кей жерлерде күшейіп 17-22 м/сек болуы мүмкін. Термометр бағаны түнде 0-5 градусты құрайды. Өңірдің өзге аудандарында 5-тен 15 градус аралығында аяз тұрады деп күтілуде.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: "Медиахолдинг "Жетісу Ақпарат" акционерлік қоғамы".

Директор-бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50. байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-30-57, уақыт және әлеуметтік мәселелер, заң және ақпарат бөлімі — 24-36-07, білім және ғылым бөлімі — 24-32-43, фототілшілер — 27-41-93, жарнама бөлімі — 24-29-82.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —279-13-37 (факс), 79-13-86, 79-36-43.

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Ушарала — 2-12-57. Панфилов — 9-12-27. Райымбек — 2-22-05, Іле — 2-19-33.

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 24-34-55 телефонымен хабарласу керек.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілііп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 155. ТАРАЛЫМЫ — 48 587. ИНДЕКСІ — 65469.

Кезекші редактор: Ғалымжан ЖҮКЕЛ.

МЕЗГІЛ МІНЕЗДЕМЕСІ

Жыл он екі ай

Табиғаттың төрт маусымында да жамиғаттың жанынан табылып, жағымды жаңалықтармен сусындатып, тынын таппайтын «Жетісу» газетінің 95 жылдығына арнаймын.

Орысбай ӘБДІЛДӘҰЛЫ,
"Жетісудың" ардагер журналисі,
ҚР Мәдениет қайраткері.



НАУРЫЗ

[illegible]

МАУСЫМ

[illegible]



ШІЛДЕ

[illegible]



СӘУІР

[illegible]



ТАМЫЗ

[illegible]



МАМЫР

[illegible]



(Жалғасы бар).



АСПАНХАННЫҢ ОТАУЫ

Тау қаласы Текеліні осы күнге дейін жұрт нұрманың шалтырмас мекені деп біледі. Расында аңқар шауар, жасыл орман, арқырап аққан асау Қаратал өзені, табиғаттың тамаша сыйы Бұрқанбұлақ қайталанбайтын құбылыс. Бірақ, кейінгі жылдары Текелі қаласы сатираның да мекеніне айналып барады. Кеңес Сақабаев, Әбіжан Омарқұлов, Қыдыр Байдүйсенов бастаған сыры ішкі сықақшылардың жолын қуып, қоғамның олқы мен солқы, өмірдің кедір-бұдырын, пасықтың жай-күйін шымшым сөзбен түйреп, түйін артып, ішінен жанқыштың жастардың қатары өсіп келеді. Бәрекелді дейік! Десе де, бұл ретте, жастарды қол тұрып, сатирада өзіндік сорабын қалдырған жасамыс қаламгерлердің бір тобын "Аспанханның отауына" қонақ етіп, назарларыңызға ұсынуды жөн көрдік.

Әзілкештерді оқыған Қажет АНДАС.

ТОТИЯЙЫН

БАСПАЙ ТҰР ӘЗІР ІС ОҢҒА

Жемқорлықпен күресіп,
Ұстасып жүрміз тіресіп.
Жемқор неме жем берсе,
Мәз боламыз үлесіп.

Жемқор емес – жем берген,
Жаман деме бұл «кәсіп»
Құзырлы орын құқықты.
Тартынбай табар мол несіп.

Жемқоры кім, білмедім,
Күрескер ме, жемқор ма
Ақымақ – деп күлмегін,
Баспай тұр әзір іс оңға.

ӘЛЕМ ТҮГЕЛ ТАНЫМАҚ

Дамытып жүрміз тілді де,
Қалаулайың қалай деп.
Термен таппай телміріп,
Телефонға «алау» деп.
Ал, «давай» – деп қоштасып,
Гудбай, оккей олар да
Жататұғын уштасып.
Қазақшалап жатқанша,
Айтсақ болды ұқсатып.
Үш тілден бір тіл шығарсақ,
Шырлаулай – деп қысқартып.
Әлем түгел танымақ,
Өзміз – деп іш тартып.



СОЛ ҚОҒАМҒА ТАҢҒАЛАМ

Қазақтың көп дыбысы,
Он әріп артық құраған.
Не деген кең тынысы,
Соншалық үн шығарған.
Бай тілді – бай, – деп айтқаған,
Тар еді неткен бұл ғалам.
Ұғарлық болжам ойы жоқ,
Сол қоғамға таңғалам.

БАРША ӘЛЕМГЕ МАҚТАНАМ

Бай емес деп кім айтар,
Жоқ болса да баспанам.
Қазақ деген атым бар,
Қазақпын деп мақтанам.
Жалға жүріп жалданып
Нан мен шайға пұл табам.
Отыз мың теңге табысқа,
Күп шығарып, от жағам.
Арба сүйреп, жүк тартып,
Жотамды күнге қақтағам.
Сол табысты медет қып,
Жалдамалы пәтерде.
Қуанады күлдырап,
Жұбайым мен жас балам.
Одан артық байлық жоқ,
Барша әлемге мақтанам!

Әбіжан ОМАРҚҰЛОВ.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

«ЗАМАНЫҢ ТҮЛКІ БОЛСА . . .»

Шаңы бұрқыраған шағын ауылдың балалары балабақша, клуб дегенді білмей-ақ өстік. Келесі күзде оқуға баратын баласына әкесі үйде отырып ақ әріптерді үйретіп, мектепке дейінгі дайындық «курсын» өткізе беретін. Мысалы, «Қарасу» колхозының қатардағы колхозшысы Қожбан:

– «А»– дегеніміз – арба. «Б» – дегеніміз – бригадир. «Д» – дегеніміз – доп. «С» – дегеніміз – соқым. «Ш» – дегеніміз – шөп, – деп баласына ежіктей үйретіп отырғанын өз көзіммен көргенім бар. Осы ауылдың маңдай алды механизаторы, көк трактордың құлағында ойнайтын Божбан баласына:

– «А» – дегеніміз – агрегат. «Б» – дегеніміз – болт. «Д» – дегеніміз – домкрат. «С» – дегеніміз – солярка. «Ш» – дегеніміз – шайба! – деп шегелейтін, әрбір әріпті. Ал енді, осы бір шағын ауылдың атақты арақұмары Әлімбай:

– «А?!» – деп ақырып қалса, баласы: – «Арақ!» – деп, тақ ете қалады. «Арақ» деп басталатын Әлімбайдың әліппесі ары қарай: Б» – дегеніміз – бормотуха. «Д» – дегеніміз – дүкен. «С» – дегеніміз – самогон. «З» – дегеніміз – закуске. «М» – дегеніміз – махорка. «П» – дегеніміз – пахмел. – деп шұбырып кете барады. Әлімбай баласы Қыясқа жаңа тұлу бір сөз үйретпек болып: – «Р» – ракета! – деп айт десең бар ғой, «Р э к е т аа!» – дейді қиямпұрыстанып.

Иә, содан бері талай уақыт өтті. «А» – арба – деп ежіктеп отыратын балалар да ержетті. Оқығандары – оқыды, оқымағандары сол қалпы, оқымай қалды. Өздерінің туып-өскен ауылында «А» – арбасын айдап, «Ш» – шөбін шауып, «Д» – дефицитке айналған, «С» – солярқасын іздеумен күйкі тіршілігін атқарып жатыр.

Тек қана Әлімбайдың Қыясы қана «жуан» жұдырығының арқасында «ракета» деген сөздің орнына бала кезінен-ақ әлдебір тылсым күш әкеліп аузына салған «рэкет» болып, ауманы да төкпелі шақта ауыл-аймақты аяғынан тік тұрғызып, ел-жұртты әбден дүрліктірген еді. Бұнысы өзіне кейіннен майдай жағып, түрменің төрінен аман-есен өтіп, бүгінде ауыл ағасы. «Құрметті азамат» атанып жүр. Қыяс қыямпұрыстың әлі де талай қыр асып, қиын да қызықты қияндарға шығатынына ешбір күмәннің болмасын. Жақында, сол ауылға жолым түсіп бара қалып едім, содан бері өткен қырық жылда еш өзгеріс болмаған сияқты, бәрі қаз-қалпында... Біз түсіп шай ішкен үйдің баласы, алты жасар Нұр-Әлиге шешесі (әкесі емес.) шоқиілдей үрсып, әліпленің әріптерін үйретіп жатыр екен:

– «А» – деген – арба, «алигарх» емес! «Абрамович» – дегенің не пәле тағы? Әй, жайралыр. «П» – дегеніміз – «Пара» емес, парта! Білдің бе... Ұғыпал... «Ә» – дегеніміз – Әлиев, Әбілязов дейді!! «Әтеш», «әткеншек» десең ішің кебе ме... «С» – сыбайлас. «Ж» – жемқорлықта нең бар сенің, жетпей желкең қиылғыр жүгермек... Е, «Д» – депутат дегенің дұрыс... «Б» – базар – дейді? Әй, аузыңа «бала», «бала» деген сөз түспей ме.... Міне, қара: – «О» – ойыншық... Немене?! «Оптовый сауда – ойыншық емес!» – дейді! Оны саған кім үйретті, бесіктен белің шықпай жатып... Ой, төбеңмен жүрмегір, жүгермек...

...Егер, Сіз ренжімесеңіз, «Заманың түлкі болса...» – деген мақалды есіме ала отырып, әңгімені тура осы жерінен кілт аяқтасам қайтеді!!

Қыдыр БАЙДҮЙСЕНОВ.

ЖАТЫПАТАР

БІР ҚАҚПАЙ

Бір жұмысқа ві жоқ,
Бір адамға сыйы жоқ,
Үйге де, сыртқа да жалдайсыз,
Себебі баста миы жоқ.
***
Баяғыдай сен қазір сен емессің,
Мен-дағы бұрын көрген мен емеспін.
Ақкөңіл боп ешкімнен кем емеспін,
Қарынбай боп ешкімге ем емессің.
***
Ауызыңның салымы көп салпыған,
Маңдайыңды миың тұтып таққыған.
Бірақ сені кім көрінген алдайды,
Ашық ауыз боларыңды аңқыған.
***
Жомарт емес ел білетін – Атымтай,
Онша ақылды болмаса да – Ақылбай.
Сонша жұртты қалай-қалай басқарды,
Мақұлдағыш біреу айтса – Мақұлбай.
***
Дегендей-ақ, қызметім күшімді көр,
Амандасса қолының ұшын берер.
Жақпай қалсаң соңына шаммен түсер,
Мұндайдың неше мысық ішінде өлер.
***
Қараса азаматсың ортан қол-ақ,
Тек жасыңда жұмысқа болдың олақ.
Ауызбен орақ орар күн батқанда,
Енді сен болып шықтың орашолақ.
***
Жалғызды қайтсем жеткізем,
Әкесі жүрді дедектеп.
Қарттар үйіне өткізем,
Шалды жүр ұлы жетектеп.
***
Алақ-алақ алақтап,
Жан-жағына жалақтап.
Мұрның елі тек қана,
Өлсең – тірі арақ тап.
***
Мұны неге құдайым атып кетті,
Бөтелкенің түбіне батып кетті.
Исі мұрын жаратын ашты суға,
Әйелі мен баласын сатып кетті.
***
Гүлден-гүлге шыр көбелек,
Ұшып-қонды бір көбелек.
Әр төбеде бір жұмыртқа,
Саған да келер бір төбе деп.
***
Ертеңгісін сүйем деді,
Түске таман тием деді.
Мұны неге қара басты,
Кешке жақын ажырасты.

КҮНДЕ СОТ

Ресейдің соты кімге жол салады,
Мұздай суық жат дәстүр тоң болады.
Кісі өлтіргіш ойындар аз болғандай,
Кезінің қара бет қол салады.

Теледидар күнде сот ашып жатыр,
Ұы зәрі ақпарат басып жатыр.
Алайынды бір-бірін асып жатыр,
Әбүйірін қыздары шашып жатыр.

Әкесін ұрып-жығып баласы жүр,
Өз үйінен айрылып анасы жүр.
Біздің ұлтта өмірі кездеспеген,
Кімдердің оба дерті санасы бұл.

Ресейдің соты неге күнде өтеді,
Қандай мақсат сұмдықты үндетеді.
Талғамсыз ақпаратты аша берсек,
Ар-намыстан жұп-жұрдай күн жетеді.

Кеңес САҚАБАЕВ,
ардагер, зейнеткер ұстаз.

УСОЙҚЫ

КҮЙКІ ТІРЛІК

Құрысын күйкі тірлік,
Сағындым өткен күнді.
Хақымыз жоқ па біздің,
Жадырар көктем құрлы.

Жалықтым жалған күннен,
Бір-бірін айдап салған.
Адамдар жалықпайды,
Негізсіз ғайбаттардан.

Жақсының жолын аңсап,
Тілдесем жанға жайлы.
Уақыттың тұрмайтынын,
Бұл пенде аңдамайды.

Жаман түс көрген түні,
Өткенге алаңдайсың.
Жақсы дос жанда болса,
Жаманға талап̆байсың.

Қарасаң көрік қашқан,
Киелі аймақтардан.
Жүрегім ауырады,
Кірлеген байрақтардан.

Киелі мекендерге
Жүректе сағыныш бар.
Адамды қорқытады,
Қаптаған жарымаспар.

Ел деген ер қалмады,
Барлығы арды аттаған.
Даналар жолда қалды,
Бабалар ардақтаған.

Шырқайық, кәне достар,
Сағынған әнімізді.
Жаратқан жақсы адам деп,
Жарылқар бәрімізді.

Төлеужан
ГҮМАРОВ.

ТАЛДЫҚОРҒАН ҚАЛАСЫ.

ШЫМШЫМА

АРАҚ, ШЫЛЫМ, СПОРТ

Арақ мөлдіреп тұнып тұрады,
Ұрттап алсаң бұзық қылады.
Әне ішіп алған Шоратбек,
Бірдеңені сүзіп құлады.
Есінен айрылған есалаң,
Отбасында бүлік қылады.
Не біреуді ұрып тынады,
Не біреуден таяқ жеп,
Бет әлпетін бұзып тұрады.
Ес жиғанда аузынан оның,
Перегары ұрып тынады.
Бастың сынғанын түзетуге,
Жүз грамм іздеп ұлып тұрады.
Мас кезде батыр болғанымен,
Сауыққанда бұғып тұрады.
Қол бұлғап шақырып достыққа,
Сықылықтап күліп тұрады.
Төбеңізді де жоғалтып,
Асқазанды былық қылады.
Көңіл күйіңді қыздырғанмен,
Өміріңді суық қылады.
Адал шындықтан алыстатып,
Арамдыққа жуық қылады.
Бір бөтелкені бастап ішсең,
Екіншісі туып тұрады.
Арақпен көршілес қасында,
Шылым деген туыс тұрады.
Бір данасын шексеңіз егер,
Миыңызды тынықтырады.
Үздіксіз тартсаң темекіні,
Өкпеңізді қуыс қылады.
Тыныс жолдарын тарылтып,
Қылқындырып буып тұрады.
Арақ темекіге қарсы күш,
Спорт деген бір ұлық тұрады.
Спортпен үнемі айналыссаң,
Денеңізді шынықтырады.
Көңіліңізді тұнық қылады.
Дені сау адам әрқашанда,
Басқалардан биік тұрады.
Спортты сүйген азаматына,
Туған елі бас иіп тұрады.

С. СЛАМҒАЗИН.

МЫСАЛ

Түбек, шүмек, памперс

Түбек пен шүмек ежелден
Тал бесікте сәбидің,
Жайлылығын күзетіп,
Қойған кезде "қыш" етіп,
Құп-құрғақ қып көрпесін,
Тәтті ұйқысын бөлмеген,
Жылатпаған еркесін.
Таза ұстап бәпе құндағын,
Сәбимен бірге тербеліп,
Тыңдаған бесік жырларын.
Пай, пай шіркін сол күндер,
Келмеске кетті-ау заманмен.
Бөлейді қазір адамдар,
Сәбиін басқа амалмен.
Осыған қатты күйініп,
Қабаққа ашу түйіліп,
Келіпті шүмек түбекпен.
Памперске жылып.
Келе сала тисті:
"Әй, сен өзі қайдан шыққан дәусің?
Жарнамадан жарқын шығады
дауысың.
Сәбилерді улайсың,
Сонда да айып жимайсың,
Білесің бе, қылығыңмен осы бір,
Біз секілді қарияларды қинайсың!"
Памперс сыпайы екен,
Бастады сөзін сызылып:
"Айналайын шүмек ағам, түбек көкем,
Реніштерің расында орынды екен.
Адамдар амал қылған соң,
Амалым жоқ, мен не етем?
Өздері мені ойлап тапты,
Сәбилерге жөргек қып салты.
Жол жүргенде, жұмыста,
қарбаласта,
Тіршілік үшін күйбеңде, жанталаста.
Баланы туғанмен, қарауға уақыт
жоқта,
"Мен" бір тапқан жақсы амал
болдым.
Сонда нелiктен жаман болдым?"
Басылмады ашуы Түбекеңнің:
"Білесің бе қанша батыр, қанша би,
Қанша ғалым, қанша хан
Бізден өсіп, жетілген.
Мен бір өзім,
Неше ұрпақты өсіргем!
Ал сен болсаң, қарашы,
Өсірген өзің сәбиге,
Күн-түн күзетіп
Ер жасқа келгенше,
Бұтына қояр "қыш" етіп.
Қызартар нәзік терін,
Химикаттар сан алуан,
Сені осы адамдар,
Тауып алыпты қайдан?"
Осылай ұзақ даулысып,
Атырды біраз таңды да.
Пайдасын айтып арқайсы,
Дәлелдер тосты алдыға.
Түбек пен шүмек түсінді,
Түсінді де, күрсінді.
Бір күндері болғанда,
Естелік боп екеуі,
Мұражай болар мекені.

Мира СЕМБАЙҚЫЗЫ.
ҚАРАЖОТА АУЫЛЫ,
ЕҢБЕКШІҚАЗАҚ АУДАНЫ.



ӨМІРДІҢ ӨЗІНЕН

Бойдақтық

[illegible]

Жанар СО[illegible].
ҚАЙНАР АУЫЛЫ,
РАЙЫМБЕК АУДАНЫ.

ОСПАНХАННЫҢ ОТАУЫ

Сатираның саңлағы



Сатира деп аталатын сөкпақта өзіне ғана тән сүрлеу салып, сырбаз қаламның сайыпқыраны атанған Умбетбай Уайдин бүгін «Оспанханның отауына» еркелей келіп, еркін еніп отырған сыйлы қонағымыздың бірі. «Жетісудың» бір отауына осындай құрметпен кіруге лайықты болуының себебі де жоқ емес. Өйткені, Умекең, Умбетбай ағаны айтамыз да, осы қазақ баспасөзінің қара шаңырағы атанған «Жетісуда» еңбек етіп, өз оқырманын тауып, қазақ журналистикасына да соны сөкпақ қалдырған қаламгер. Биыл облыстың айнасына айналған ала басылымға 95 жыл толмақ. Мерейтой қарсаңында қарымды қаламгер, сатираның саңлағы атанған ***Умбетбай УАЙДИНДІ*** *«Оспанханның отауына» шақырып, төрінен орын беріп отырмыз. Оқыңыз, көңілгізге тоқыңыз, көзі қарақты оқырман!*

ЖАТЫПАТАР

ҚЫП-ҚЫЗЫЛ СҮЙІС

Вокзал. Театр. Халық алды.
Мадияр тілін
Марусяның ауызына апарып малып алды.

Вокзал. Театр. Халық алды.
Алдияр тілін
Ажардың ауызына апарып малып-малып алды.

Ашоттың абажадай ауызы
Аллаға қарай бара жатты.
Бақтиярдың жеңілім жабысқан ауызы
Базарға қарай бара жатты.

Теледидар
Анақай Алқайды бүктеп сүйіп алып жатыр.
Ерунда Еленаны бүктеп сүйіп алып жатыр.
Күйттай мен Күйтақандай тырқ-тырқ күлып.
Қақ төрде көріп жатыр...

Аэропорт. Автовокзал.
Теманың темекі сасқан ауызын
Түйтенің ауызы құрметпен қарсы алды.
Галиғалидың айран-айран ауызын
Дарибаридың қанжоса ауызы
Құрметпен қарсы алды.

Виктордың вермашель түнеп шыққан ауызы,
Геранның ауызы түрегеліп қарсы алды
Күкірт иісті Казаның ауызы
Күлшәтің үш бұрышты ауызын
Күле беріп, күле беріп қарсы алды.

Той.
Азатбай ауызын ашып,
Ардабайға бассалды.
Алжақсы ауызын ашып
Алдабайға бассалды.
Анау мынаған бассалды,
Мынау анаған бассалды.
Қалада қым-қуғаш сүйіс,
Далада да қым-қуғаш сүйіс.
Қып-қызыл сүйіс касса алды...
(Әрегіректен естіледі
Шырқыраған даусысы
Балалардың тастанды!).

МІНЕЗ

«Жұмыс жоқ» дейді ауылда,
Шындық бар қандай, ау, мұнда?
Солай деп келді қалаға,
Мінекей, мынау дәу үл да.

«Жағдай жоқ» дейді ауылда,
Анау да, мына дәу үл да.
Береке малда емес пе –
Шындық бар қандай, ау, мұнда?

Бір сұрақ бізден дәу ұлға:
– Қалаға ауса ауылдар,
Санадан көшіп кетпей ме?
Ауыл ұғымы, ау, онда?!

Сұрақ сәл тосын, ауырлау
Болса да,
Көп көз дәу үлда.
Гүр ете қалды ал кенет.
«Әкесін... қайттым ауылға!».

Тамаша жауап бұл өте!
Жақсы күн болды бұл өте!
Шіңк ете қалмай
Көрдің бе,
Гүр ете қалды, гүр өте!..

ТҮТІН ИСІ ШЫҚҚАН ГҮЛ

Қыпшақ, қыпшақ, қыпшақ, ай,
Ерлік қасиет,
Айналасын көтерай, кім
«көбікпен?»
Бақытсыз ынжық болмасаң
Тұлғаң, қалқаң, сайлақтығың,
Көрнекі емес

Ерлік қасиет қыпшақ, оу,
Ерлік қасиет.
Көрінгендер, қалқандарын кім
«көбікпен?»
Айналайын, жан-жағын сарғайтқанша,
Болмасаң сұңқар, көрнекі емес!

Періштейін бір ақыл көркіне басқан,
Қыпшақ, қыпшақ, сен кімді, қимыл қылмақ?
Өзің-өзің ұялтқың келе, сұңқарым-ай,
Бейбақтарға несіне алмақ сарбаз болмақ!

Қыпшақ, қыпшақ, оу, қыпшақ ерлік қасиет,
Тұлғаң болмаса, көрнекіліктің сұңқыр болмақ!
Қалмақ жерде жалғыз сарғая қалдағыңа,
Сұңқарлықпен бейнелей сұңқыр болмақ!

Қыпшақ, қыпшақ, ерлік-қасиет ерлік қасиет,
Осы бірақ сұңқарлық, көрнекі емес
Тұла бойына көрінгенге қорғасын емізген,
Қалқаң мен сарғая бұл емес қыпшақтық!

Тұлға жоқтың сарғаюда көрнекі емессің,
Елбеңдейсің, қимылдайсың, оу қасиетсің?
...Сақтандырмас көрінгенге қорғасын,
Тастамаған қалмақ емес,
көрнекі емес?!

Жақсы болған болашақта құрмет болмақ,
Жұмыс болған алаңда бұл іс мәнсіз.
«Тұлғаң көрнекі мені танымаған» ерлік,
Ойлағаның мен... қимыл бәрі мәнсіз,
құнсыздық!

...Көп танымайсың көрінбей жатқан іспен.
«Жаңа жақ, ағалар...» – Бәйгілер
жайын емес пе?
Бәрі құрлыс. Бәрінен
сақтанғайсың.
Болмасаңыз көлеңкеде
қайбалақтың!

ҰЗЫН ҚҰЛАҚ

– Осы ең ұзын неңің құлағы? деп,
Досалы Оспаннан сұрады.
– Қоянның.

Есектің...
– Таппадың – деді Досалы,
ә-сек-тің!
Айтайық, мысалы...

ШОЛАҚ МЫЛТЫҚ

Адам тану

– Сенің кім екеніңді айтайын ба, ай?. Мен сені әте жақсы білемін.

– Білсең, болты. Басты ауыртпай, бар, айда, қайдай!

– Мен сені бес саусақтай білемін.

– Білсең, ие, ал, айта қойшы, бетпашым?

– Ажырасып кеткен ана бұрыңғы әйелің «менімен кездескен сайын, төсекке жөберіп қоятын» деп ауызнан тастамайды. Мына әйелің оны толықтырып жүр, енді алайын деп жүрген әйелің де қатты ой үстінде...

Ажар

– Әйелінің бетіне қан жүгіріп, ажары кіріп қалыпты ғой, Әдеке?

– Тещам келген.

– Тещаң келсе ше?

– Просто мені демін алмай жамандап, бір жасап қалады...

Бестік баға

– Мына бала – туғалы «4»-тік, «5»-тік баға алып көрмеген – қыстаған. Өтірік десе өзі айтсын. Шамасын білмеуі ғой. Туғалы көз алдымызда дегендей. Әке-шешесін де білеміз. Ал сіз журналға «5»-тіктерді қоюға берпісіз, қоюға берпісіз. Осында бүкіл мұғалім «қызық екен» деп шұпап жүр.

«Екімізден, оқушы үшін бағадан көз ашпасын деген заң жоқ. Үшінші ден, «5»- тік баға алмаса, ол «5»-тік бағаның қызуын, жылуын қалай сезінеді? «5»-тік баға алып, бұл... «мамасының золотойы.»

Бір түйір

Ақылдылардың мандайында да қыртыс бар. Ақылсыздардың мандайында да қыртыс бар.

Қыртыста да қыртыс бар.

Ақылсыздардың мандайының арғы жағында

қым-қуғаш қырқыс бар...

***

Бақытсыздыққа біреулер тағдырдың таяғымен барады. Бақытсыздыққа енді біреулер өз аяғымен барады.

***

Абылай да өзінен үлкенді
Аға деп, ағай деген.
Абай да өзінен үлкенді
Аға деп, ағай деген.
Бәбай демеген.
Жаңағы қыздың
«больной» дегені не дегені?
– Бүгінде одан зорды естисің
«Қалай?» деме...

***

Күпкісі көп адам да – қаупті.
Күпкісі жоқ адам да – қаупті.

***

Бақыттың кілті – өмірге деген құштарлықта.
Құлпының бұзылуы штарлықтан.

***

Көп мақталған жерде көп тұрма.

НАУРЫЗ-ТІЛЕК

БЕРЕКЕ-БІРЛІК БАСТАУЫ



Қалқаман ЖҰМАҒҰЛОВ,
Алматы облысының Құрметті Азаматы, әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетінің кафедра меңгерушісі, академик, Германиядағы Геттинген университетінің Құрметті профессоры:

– Наурыз – әлемнің ең көне мерекелерінің бірі. "Наурыз" сөзі парсы тілінен аударғанда "Жаңа күн" деген мағынаны береді. Наурыз мейрамы – діни мереке емес. Наурыз – сонау ерте заманнан тамыр алған, тарихи мазмұны терең, халықтың салт-дәстүрімен, әдет-ғұрпымен астасқан, әлеуметтік-рухани мәні мен маңызы зор ұлы мейрам. Бұл қалың қыстан аман-есен шығып, күн нұрына бөленіп, Жаңа жылды қарсы алу мерекесі. Ол Ислам дәуіріне дейін де тойланып, халық арасында ерекше қолдауға ие болғанын тарихи деректер растап отыр. Айталық, көктем мерекесі туралы мәліметтер антикалық және орта ғасырлық жазушылардың еңбектерінде кездеседі. Шығыс жыл санағы бойынша, мереке ирандықтардың жаңа жылы Наврузбен жалғасады. Ежелгі жыл санағы бойынша, 22 наурызда күн мен түн теңеседі. Наурыз – жылдың бірінші күні, жыл басы, көктемнің алғашқы айы. Наурыз мерекесін қазақ халқы: «Армысың, ей Наурыз», «ей болмай, мәз болмас», – деп жылы қабылдаған.

Ұлыстың ұлы күні – жаңғыру мен жаңарудың, еңсесі биік елдіктің, татулық пен ынтымақтастықтың, ырыс пен молшылықтың мерекесі. Наурыз адам баласын тек игілікке, жақсылыққа, жаңаруға ұмтылдырады. Бұл күнді халқымыз жақсылықтың жаршысы, бірліктің бастауы деп білген.

Әрине, жер жаннаты Жетісу өңірі береке мен бірліктің, өркениет пен өрлістің құтты қонысы. Ондағы ұшар басына бұлт қонақтаған Хантәңірі, айдыны шалқар Балқаш, емдік қасиеті дәрмен Алакөл береке мен бірліктің, ырыс пен молшылықтың туын тіккен аймақтың қасиетін әлем жұртына паш етіп келеді. Осындай берекелі жерде мерекелі істердің көп болатындығы анық. Сондай-ақ, кейінгі жылдары Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың Жолдауына сай үдемелі қарқынмен алға басқан өнеркәсіптік, индустриялық-инновациялық даму бағдарламасының жүзеге асырылуына Алматы облысының қосқан үлесі мол. Ал, бүгін жаңарған, жасарған Жетісу өңірінің халқы да әз Наурыз мейрамын үлкен жетістіктермен қарсы алуда. Мерекелерің берекелі, табыстарың мол болсын дейміз.

Көне шығыс күнтізбесі бойынша жыл басы саналатын Наурыз мерекесінде әрбір адам жаңа жоспар құрып, алдағы күндерден мол үміт күтеді.

Ақ тілек бейбітшілік аман болсын!
Елім, жұртым қадірлі аман болсын!
Туғандай бір анадан жамағаттар,
Достыққа берік, мықты адал болсын!
Наурыз мейрамы құтты болсын!
Ұлыс оң болсын! Ақ мол болсын!

Ендеше, осы арман-тілектер орындалып, шаңырақтарыңызда шаттық, береке-бірлік және молшылық бола берсін. Елімізге өркендеп, Наурыз баршамызға ынтымақ пен сәттілік алып келсін!

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!



Көксу ауданының Құрметті азаматы, білім беру ісінің озаты **АЛПЫСБАЕВ Қалымбек** ағамыз бен **САДЫБЕКОВА Кенжегүл** жеңгемізді 70 жылдық мерейтойының құттықтаймыз. Бұрынғы ұстаз, бүгінгі еңбегінің жемістін көріп отырған ұлағлы отбасы 47 жыл бірге өмір сүріп, Эльмира есімді қыз, Бауыржан, Ғалымжан есімді ұлдардан 7 немере сүйіп отырған бақытты жандар. Мерейтой нелеріне мықты денсаулық, ұзақ ғұмыр тілеп, әрдайым бақыттың базарында мәуелі бәйтеректей жапырақтары кеңге жайыла берсін демектіз.

Өмірдің әр қырынан іздер арай,
Бақыт құсы самғасын сіздерге қарай.
70 жас асуынан еркін асып,
Сәтті қадам жасаңыздар жүзге қарай.

Құтты болсын бүгінгі мерейтойыңыз,
Қабыл болсын ықтегі әрбір ойыңыз.
Бас аман, деніңіз сау боп жүре бергін,
Ризығын бұл өмірдің теріп жегін.

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: іні-келіні, қарындастары-күйеубалалары.



Балқаш ауданы Миялы ауылының тұрғыны, әйелдер алқасының төрайымы, аяулы анамыз **ӘМІРЖАНОВА Сәндігүл Өміртайқызын** 20 наурыз туған күнімен құттықтаймыз.

Аяулы Ана! Шығар шыңдарыңыз, бағындырар биіктеріңіз, алар асуларыңыз көп болсын! Әрқашан Алланың назарында, бақыттың базарында болғайсыз! Сізге сарқылмайтын денсаулық, таусылмайтын бақыт тілейміз! Арамызда бүтінгі күндей жарқырап жүре беріңіз!

Өмірдің әр қырынан іздер арай,
Бақыт құсы самғасын сізге қарай.
Талай жылдың асуынан еркін асып,
Сәтті қадам басыңыз жүзге қарай.

ТІЛЕК БІЛДІРУШІЛЕР: ұл-қыздары, күйеубалалары мен келіндері, немере, шөберелері. Бұл тілекке жұбайы – Әбділ де қосылады.



Өмірін өрлікпен өріп, жас буынның жалынды болып өсуіне бар ынта-жігер, күш-қайратын, ақыл-парасатын арнаған, үлкенге сыйлы, кішіге құрметті, талантты әріптесіміз **МҰҚАНОВ Асқар Әжібайұлын** елу жасқа толған туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Елу деген ердің жасы өнелі,
Ол, әрине, ұлылықтың өлшемі.
Бүгінгі ұрпақ тәлім алып өліпнен,
Гүлденеді еліміздің ертеңі.
Сан жүрекке білімменен жол салдың,
Сондықтан да құрметтейді ел сені.
Құт әкеліп мерейтойың енеше,
Жүзге қарай жылжы берсін жыл шегі.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: Қаскелең мәдениет колледжінің ұжымы.



Ескелді ауданы, Қоңыр ауылының тұрғыны, аяғын тәйтәй басып, үлкен өмірге деген алғашқы қадамын жасаған сүйікті немереміз **ЖҰМАҒАЛИ Ару Алмасқызын** 22 наурыз 1 жасқа толуымен және Наурыз мерекесімен құттықтаймыз!

Туған күнің құтты болсын бүгінгі,
Ұсынайын жыр жолымен гүлімді.
Алмас пен Құралайды қуанышқа кенелтіп,
Жақсылықпен қарсы аз әрбір атқан күніңді.

Айналайын Аруым, еркеле де күле бер,
Ортамызда жайқалып, аман-есен жүре бер.
Күндерің нұрмен құлпырып, көңілге терең бақ қонсын,
Қашанда жаның жүр күліп, жарқырап нем жақ болсын.

Алланың жақсылығы нұр боп қонсын,
Ғасырға жұмақтаған жасың болсын.
Дәлдай дархан пейілді, ибаратты арың бол,
Нағашы анаң Сайрамкандай ақылдың дария данасы бол.

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: атаң – **Бұрханбай,** апаларың – **Бақытай, Шолпан,** кіндік ата-анаң – **Серік – Жұлдыз,** бауырларың – **Мырат, Жанғали, Нұрбақыт, Жанболат, Ахмадиль.**

«МЕН» және «БІЗ»

Ауыз ашқан сайын «мен» деп төске ұру әдік әдепсіздік. Ондайлар арамызда көп те емес, аз да емес. Төстеріне сол дұрс-дұрс ұратындарды Шөкең, Шона Смаханұлы:

«Мен, мен» деп төсіне ұрады,
Төсі сынса бұл шіркін несіне ұрады?» деп бекер мысқылдамасқ керек.

Бұл жолдардың түйіні: «мен» дегеннен гөрі «біз» әлдекайда сыпайы да, жүрекке жылы.

Айтпақшы, «менің» де сөйлейтін сыпайы тұстары аз емес. «менің ауылым», «менің Алматым», «менің Отаным», «менің мектебім», менің университетім», «менің факультетім» .. т.б. – бұл сөздердегі «менде» көзге ұрып тұрған әбес не бар?

Әбестік...

Үлкенді-кішілі қайсыбір бастықтардың «мынау менің шопырым» деп қасындағы кісіні сұқ саусағымен түртіп көрсеткенін талай жерде байқап қалдық. «Менің шопырымды» басқаша айтуға болмай ма? Аңдаған адамға осы «менің шопырымның» арғы жағында қаншама сұмдықтар бұғып жатыр!..

Университет ауласында, университет алаңында шұлдір-шұлдір сөйлеп, ауыздарында сорайған-сорайған сигарет, айнала-төңіректері түкірік және отырғышқа отырмай, отырғыштың арқалығына шығып алып отыратындар кімдер? Тұстарынан үлкен де, кіші де өтіп жатады – аяқтарын жинамайды, айылдарын жимайды. Дәліздерде темекі бұрқыратып жүретіндер кімдер? Стаждың беттерін шамайлайтындар кімдер? Лекцияларістерге аймында-жылында қара көрсететін «қонақтар» кімдер? Ұстаз мұғалімдерінің төңірегінде әртүрлі әңгіме-қаңқу гулететіндер кімдер? Бүкіл халыққа топырақ шашуға болмайды. Тамаша жастар, тамаша студенттер көп. Оларға жаманат жамайтындар негізінен жаңағы «менің шопырымның балалары. Себебі, оларда «менің тәуелсіз мемлекетім», «менің ұлттық университетім», менің жатақханам», «менің факультетім» деген сықылды сезім, рух, намыс жоқ!

Сол сезім, намыс үшін күресейік.

ҚОНАҚТАР

Анау. Уа, Долбимысың? Қайда домалап бара жатырсың, ақ пен қызылдың арасында?

Мынау. Долбимын. Қонаққа.

Анау. Қашан көрсем домалап қонаққа кетіп бара жатасың. Уа, өзіңнан неғұрлым күн қонаққа шақырататын күнің бола ма?

Мынау. Неге болмасын.

Анау. Болса, өйіңдағы ол қонақтарыңның жуан ортасында біз, барсыз ба, жоқсыз ба?

Мынау. Барсың ба, жоқсың ба, мен біраз қонақтардың түрін айтайын. Үшінен өзіңді танысаң. «Мынау мен ғой» деп тап берерсің. Шақырумен арнайы келетін қонақтар; шақырмай-ақ та жетіп келетін жел өкпе қонақтар; ерсіліктің білмейтін өсер қонақтар; сырбаз-сыпайы қонақтар; сыр мінез қонақтар; өтірік қуланып отыратын қитұрқы – «хитрый» қонақтар; қасықтың іші сыртына қарап, бөтелкенің бүйірін бұрап көріп, хрустальды шертіп, одан әрі әукені әуреленіп люстраға апарып, оны-мұны әңгіме қылатын ывыр-жывыр қонақтар; көлденең қонақтар; үсті-басындағы киімдарды кіргізіп шертіп қағып отыратын кірпіяз қонақтар; темекілерінің күлін кез келген жерге түсіріп отыратын «кик тұтін» қонақтар; көк езу, көк мылжың қонақтар.

... Үндемейсің ғой, әлі жоқсың ба?

Анау. Неужели, осылардың ішінде мені бар деп ойлайсың? Мынау. Ну, хорошо, әрі кеттік: үй иесі лауазымы үлкен қонағының төңірегінде көлбеңдеп, басқа жұрт сол лауазымы үлкен қонақтың көлеңкесінде қалып қоятын елеусіз қонақтар; қызмет дәрежесі үлкеннің қас-қабағына қарап сөйлейтін ыңғай қонақтар: «Үйде балалар вәдері қалып еді, сәлды сөндірді ме екен?» – деп, «Телевизорды өшірді ме екен?» – деп, «балконда кір жаюлы тұр еді, алды ма екен?» – деп, «Шурик, Нурик есебін шығарды ма екен?» – деп, оқтын-оқтын отыран жұртты басқакүптеп телефонға жүгіретін, телефоннан Шурик, Нуриктің есебін тексеріп, мыжым тұрып алатын бейімсіз қонақтар; сыздап сөйлеп, кісімсіп қалған қонақтар, веторамалдарын себепті-себепсіз мұрындарының астынан өкетпейтін, көзі «күлімсіреп», сөзі өлімсіреп қалған ызылма қонақтар ... Тап осы емессің бе?

Анау. Кет, өй!... Не оттап отырсың өзің?! Мен қашан сенің үйіңе барып ...

Мынау. Әрі кеттік: ыңқылдап ауруын айтып қоймайтын ызбай қонақтар; саусақтарындағы сақиналарын санап, тым-тырыс, жым-жырт отыратын тымлима қонақтар... А-а, бірдеме дедің бе?

Анау. Мен не дедім саған?

Мынау. Демесең ... Ну, хорошо, әрі кеттік: үй иелерін картамен қартайтатын «Менің кім екенімді білмейді-ау» – деп, үй иесі қашан қызметі мен аты-жөнін айтып таныстырғанша басқа жұртқа оқыранып қарап, өзінен басқаны олқысынып, мықтымсып отыратын көкірек қонақтар; итықтан ситық шығарып, қоқаңдап көрінгенге ұрынып бақтын, біреуді біреуге айдап салмаса «іш ауыратын» ірітка немесе отырған жері бүлік күйдіргі қонақтар; төрге отырған кісіге күн көрсетпейтін түртпекі қонақтар; ана жердегі анаусын айтып, мына жердегі мынаусын айтып, ірілік таныстатын айбат қонақтар... Баяғыда бөлен болғанын айтып, түген болғанын айтып, байлығын айтып, айлығын айтып, басқа жұрттың басын қатыратын мақтаншақ қонақтар; ат үсті қонақтар; келгеннен әлі-қалжыңы мен өнің ілгек-түймелерін ағытатын ізгі ниетті, ақ жүрек қонақтар ... Күлдің ғой, жарай ма?

Анау. Жақындап келіп, кетіп қалдың.

Мынау. Іздегені бөле, кішкене нәрседен беті жауырылып, қос қолды қолтыққа тығып, өзі де, көзі де қозғалмай, қақиып қалатын кінәмшіл қонақтар; шақырсаң шақыратын «башна-баш» қонақтар; ішіне екі жүз грамм арақ кірсе, жеңін тортқа батырып, кеселерді қыратын, бөтелкелерді құлатып, ербеңдеп қалатын ебедейсіз қонақтар; «Кімкімдер болады?» – деп сұрап, келу, келмесі белгісіз «важный» қонақтар ...

Анау. Стоп! Қонағың да құры, өзің де құры, мен кеттім ...

Мынау. Жоқ, кетпе, бүгін біздікінде бол. Бірақ, сен шіркіннің бүгін қонақ болып кеткеніңді ұмытып, ертең тағы келетіңді жаман да ...

Анау. Ну, хорошо, сонымен жаңағы қонақтарыңның қай түріне жатқызасың?

Мынау. Сен бе..., сен..., жылау... кешірерсің, бар мен жоқтың жуан ортасындасың ...

Өзілдескен
Қажет АНДАС.



1 сәуір - күлкі күні

Сырт тұлғасына қарап, жұрт өте қатал, бет қаратпайтын мінезді адам деп топшылайтын **Көпен ӘМІРБЕК** қазақ сатирасына бір бөлмысын арнады. Бірақ, оның негізгі болмысының журналист екендігін біреу білсе, біреу білмеуі мүмкін. БАҚ саласында екі рет Президент сыйлығын және "Парасат" орденін иеленді. Халықаралық "Алаш" әдеби сыйлығының лауреаты. "Қазақ әдебиеті" газетінде ұзын-ырғасы бес жылдай қалам тербеп, сонда жүріп жазған "Сыр сұхбат" эсселері көптің есінде берік сақталған дүниелер. Бірақ, бұл жолы, біз Көпеннің сатира саласындағы даралығы мен даналығын бір екшеп алу үшін "Оспанханның отауына" қонаққа шақырған едік. Жұмыс басты ағамыз келе алмады. Бірақ үшбу хатпен жолдаған сәлем-сауқытын тапсырып алып, [illegible].

Иә, иә, өткен жылы "Нұрлы әлем" баспасынан сатирик-жазушының "Жұма сәлем" атты жинағы жарық көрді. Бұл жинақ автордың басқа кітаптарына қарағанда өзгерек. Кітаптың алғы сөзінен аңғарғанымыздай, аталмыш жинақ ағамыздың алпыс жасында дайындалып, алпыстан өткенде жарық көрген сыйайлы. Қалай болған күнде де белгілі кәсіпкер, меценат Өмірзақ Сәрсеновке өлеңмен сәлем жолдай отырып, сан алуан тақырыпты қаузайды. Тағы бір байқағанымыз жинақ жалпы 70 сәлемнен тұрады. Осы тұста неге алпыс немесе сексен болмады екен? - дейтін сұрақ қылаңдайды. Сатираның тілімен айтсақ, ағамыз жетпіс жасына дейін демала тұрайын дегенді аңғартса керек. Сол кезде сексен сәлемнен тұратын "Сенбі немесе жексенбі сәлемдері" оқитын шығармыз. Бірақ, биылғы күлкі күніне орай, жетпіс сәлемнің ішінен іріктеп алған, басқасын басқа жақтан іздеп, тақырыпқа тұздық еткен сауғамызды ұсындық. Оның бағасын мығымына күлкі ұялаған сіздер бересіздер.



Аспанханның отауы

Өмір өзен

Бір құмырсқа балықшының қайығына жармасып, өзеннің арғы бетіне барса, ондағылар:
– Сен біздің жақтың құмырсқасы емессің! – деп жабыла талапты. Қайықпен қайта қашып өз жағына өтсе, мұндағылар:
– Сен бізді тастап кеткен құмырсқасың! – деп шатшолекейін шығарыпты.

(Мысал әңгіме).

Алпыс деген - ата жас, байыпты шақ,
Қарсы алатын жақсыны жайып құшақ.
Өмір – өзен,
Ескекті есіп келем
Құмырсқаны тасыған қайық құсап..

Қалай ажыратамыз

"Достық нешеу?" деген сауалға әйгілі Әйтімбет би:
– Екеу, – депті мүдірместен. – Бірі адал достық, екіншісі – амал достық.
– Оны қалай ажыратамыз?
– Адал достық өмірлік ұзақ болады, амал достықтың өрісі қысқа болады.

(Ел аузынан).

Тараздан тағы сәлем Қожа ағама,
Елу пайыз етжақын өз ағама.
Көк есекке мінгізіп,
Тепеңдетіп
Көкпарға салдың мені о, замана!..
Көкпарға салдың мені о, замана!..
Көк есектен шабандоз оза ала ма?
Әулие Ата секілді
Қамыққанда
Қамқоршым болып жүрген Қожа ғана.

Кең болсам, кем болам деп өспеп едім,
Досым суға батқанда "SOS!" деп едім.

Айқас болса,
Ар жаққа ауып кетер
Айнымалы адам ба, дос дегенің?..

Айнымалы адам ба дос дегенің?..
Астыртын аунаса да "Қош!" демедім.
Сол досым суға кетіп тұншыққан жоқ,
Күйрығын ұстаса да қос кеменің.

Әтіріңді сағындым

Үйіндегі қонақтармен бірге ішімдік ішіп масайған мамасы төсекте жатқан төрт жасар ұлының маңдайынан иіскеп:
– Үйықтай ғой, құлыным! Үйықтай ғой! – деп еміреніпті. Сөйтсе баласы:
– Мама-а-а, – депті таңырқай қарап, – сіз папамның әтірін жағып алғансыз ба?

(Қазіргі заманның қалжыңы).

Жанына ерткен ақын мен батырыңды,
Жайсаңдардың жолында жатыр үзгі.
Бұрқыратып жылына бір себетін
Беу, Өмеке, сағындым "әтіріңді".

Өзім туралы пародия

[illegible]
Мен - Көпен,
[illegible]
Туған жылым - 1950
[illegible]
Бойым - 167 см
[illegible]
Сау бол!
До свидания!
Гуд бай!
2009 жыл

Азу тіс

Дәрігер бір кісіден:
– Сіз түс көргенде тісіңізді қайрайсыз ба? - деп сұрапты.
– Жоқ!
– Шын айтасыз ба?
– Әрине!
– Шырт ұйқыда жатып оны қайдан білесіз?
– Қарағым-ау, мен түнде тісімді стаканға салып қоям.

(Қазіргі заманның қалжыңы).

Баласынан қаны бар байрақты елдің,
Сатираның "сартісін" қайрап келдім.
Стаканға салуы
Азу тісі
Біз жақтағы біртадай қайраткердің.

Жатыпатар жаңылтпаш

Пәленше Төленшені
Үйіне шақырып түз-дәм татқызды.
Түз-дәм татқызды да
Пәленшеге звондатқызды.

Түз-дәм татқан мүттәйім ба,
Звондатқан мүттәйім ба?!

Қасқа бас,
Басқа басты
Тасна бас дейді.
Басқа бас
Қасқа басты
Тасна бас дейді.
Қасқа бас
Тасна бас па?
Басқа бас
Тасна бас па?

Заманауи есім

– Қарындас, атыңыз кім?
– Сюзи.
– Шын атыңызды айтыңызшы.
– Сюзанна.
– Қойыңызшы, қазақ ойтіп ат коймайды ғой. Шын атыңыз кім?
– Атым – Сақыпжамал. Ал, қайтесіз?!

(Қазіргі заманның қалжыңы).

Бүгінгі қыздардың көбісі - Сюзи, Сюзанна... Баяғы Сақыпжамалдың бәрі - сары қарын бәйбіше ғой қазір.

Қалынасы осы деп қызамгердің,
Тағы да Астанадан сәлем бердім.
Берекелі "Жұма" деп жазылыпты,
Бетіне қарап едім календарьдың.
Бетіне қарап едім календарьдың...
О, календарь, сен менің зәремді алдың.
Күн сайын бір парағы жыртылатын,
Саған ұқсас өмірі адамдардың.
Азаймай тұрған кезде парағымыз,
Ардақтап жүрсек болды ағаны біз.
Амандасу - астаумен ас қойғандай,
Сәлем бердік Өмеке, дәм алыңыз!..
Сәлем бердік Өмеке, дәм алыңыз,
Хал сұраған - мұсылман халайміз.
...Құрт көжені қайнатып беретұғын,
Айда жүр ме, қайда жүр саналы қыз?

Екі жердегі екі...

Аты ащы ішектей шұбатылған "бірдеңе-бірдеңе" деген өндірістік мекеме жұмысқа тұрғысы келгендерді алдын ала ауызша сынақтан өткізеді екен.
– Екі жердегі екі қанша? – дейді әуелгі келгенге.
– Үш.
– Дұрыс емес.
– Бес.
– Дұрыс емес.
– Алты.
– Дұрыс емес. Әйтсе де ізденгіштігің, әсіресе, айналысқан ісінің ақырына жетпей тынбайтын қайсарлығың бізге ұнады, бала. Сені жұмысқа аламыз.
– Екі жердегі екі қанша? – дейді одан кейінгіге.
– Үш.
– Дұрыс емес.
– Үш.
– Дұрыс емес.
– Жо-оқ, үш!
– Дұрыс емес. Бірақ айтқанынан қайтпайтын "принципиальный характерің" үшін сені жұмысқа қабылдаймыз.
– Екі жердегі екі қанша? – дейді үшінші үміткерге де сол сұрағын қайталап.
– Төрт.
– Дұрыс! Өкінішке қарай, саған бізде орын жоқ. Кеше ғана екі маманды қабылдап қойдық.

(Қазіргі заманның қалжыңы).

Сол кадр жұмсаған боп соңғы күшін,
Тірлікке тиізбейді қолдың ұшын.
Қол ұшы тимегесін сұлап жатыр,
Құлаған етбетінен өндірісім.



Бүйенбай десе бүйрегім бүлкілдейді

Қалағана деген құштарлығым, тентілігім мен ынтызарлығым он жеті жасымнан басталды. Мектепті бітіргесін Отырар аудандық халық театрында әртіс боп істедім. Мәдениет бөлімінің меңгерушісі Кемекбай Мусаев бір жылда төрт спектакль қойды. Соның бірі – Қалтай Мухамеджановтың "Қуырдақ дайын" комедиясы. Әуелі көп көріне бермейтін Болаттың рөлінде ойнадым. Сосын "Жаратқан жақсылыққа бастап жүр ме, түсімде қызыл түлкі сойып жүрмін!" деп спектакльдің басынан аяғына шейін әндетіп жүретін басты кейіпкер Ережептің рөлін маған берді. Қуақы сөз, қунақы қимылмен жәдігейдің бейнесін шығару оңай болған жоқ. Жаспыз ғой. "Осыншама сөз бен ойнақы әрекеттерді қалай тапқан?" деп таңырқайтынмын. Одан кейін студент кезімде ойда жоқта "Қазақ әдебиеті" газетінің қызметкерлерімен кездесуге бара қалдым. Ой, қуанғанымай! Алғаш рет Қалтай ағаны тірідей көрдім. Тай жарысқа қатысқан балалар секілді кілең шикілі-пісілі студент ақындар өлең оқыды. Жүрегім дүрсілдеді. Жыр-жарыстан қалай қалам? Бірақ қойны-қонышымда дайын өлең жоқ. Сонда да суранып сахнаға шықтым. Қалтай ағаның "Қуырдақ дайын" комедиясындағы ең күлкілі тұздықты тұстарынан үзіндіні жатқа оқыдым. Басқаны қайдам, Қалағаң мәз:
– Сықақ жазасың ба? – деп сұрады.
– Жазам! – дедім.
– Оқышы! – деді. Оқыдым. Жатқа.
– Осы өлеңдерің қазір өзіңде бар ма? – деді.
– Жоқ! – дедім.
– Онда ертең редакцияға әкел. Келістік пе? – деп шегеледі. Апардым.

Бір аптадан соң "Қазақ әдебиеті" газетінің соңғы бетіндегі "Бүйенбайдың пұшпағы" атты әзіл-оспақ айдарында жарияланды.

Сатирамның кіндігін Оспанхан Әубәкіров, ал тұсауымды Қалекең кесті.

"Күлмесханды" күлдірген драматург Қалтай Мұхамеджанов" туралы естелік-эссесінен алынды.

Сен туған күн, мерекеңмен!



Алматы облысы Ақсу ауданы [illegible] **АЙМАНБЕТОВА Майсара Нұрпейісқызын** 70 жас мерейтойыңызбен құттықтаймыз! [illegible]

ІЗГІ НИЕТПЕН: сіңлінізо – Роза және Жасұзақовтар әулеті.



Еңбекшіқазақ ауданы, Таутүрген ауылының тумасы, ел-жұртқа сыйлы, ақсақал ағамыз **НҰРҒАЗИЕВ Ерпек Мұқашұлын** 1 сәуірде 70 жас мерейтойымен шын жүректен құттықтаймыз. Түрген орман шаруашылығында 35 жыл еңбектеніп, абырой-беделімен атбасын тіреген шағы [illegible] **Ұлтуған МҰҚАШҚЫЗЫМЕН** отау құрған 45 жылдық мерейтойыңызбен тұспа-тұс келуде. Қос мерекеңізбен шын жүректен құттықтап, мына өлең жолдарын ойыңызға тарту етеміз: [illegible]

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: әкпе, қарындастары, ұлыңыз – Асхат, келініңіз – Айжан, қыз-күйеубалаларыңыз – Толқын-Алмас, Жанар-Жұмабек, Мейіз-Айбар, Бәтес-Руслан, Гүлия-Қатыбек, Құралай-Бауыржан, немерелеріңіз – Асыл, Рауан, Аруұр, Дархан, Әділет, Расул, Малика, Алмас, Әйгерім, Акерке, Жанерке, Динс, Асима.



[illegible] **Өкен НҰРҒАЛИҰЛЫ** 6 сәуірде ерінің жасы елуге толады. [illegible] **Зәуре САТЫБАЛДЫҚЫЗЫ** [illegible]

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: Аға, іні, қарындас, жезде мен күйеубалаларың, жеңге мен келіндерің, ұл-қыздарың.



Алматы облысы, Райымбек ауданы, Шалкөде ауылының тұрғыны **ҚҰТПАНБАЕВ Ербол (Марат) Жағыпарұлын** 50 жасқа толуымен құттықтаймыз. Әулеттің қара шаңырағын ұстап отырған бауырымыздың өзіне, отбасы, балашағасына Алладан амандық, шын жүрегімізден ізгі жақсылық тілейміз. [illegible]

ИГІ ТІЛЕКПЕН: бауырларың және балаларың.



Талдықорған қаласының тұрғыны [illegible] **ХАСЕНОВА Гүлжамал** [illegible]

ҚҰРМЕТПЕН: әріптестеріңіз әрі сіңлілеріңіз – Орынкүл, Айгүл, Ляззат.



Алматы облысы Панфилов ауданы [illegible] **БІТЕБЕКОВ Айдар** [illegible] 60 жас мерейтойыңызбен [illegible]

"Балам - бағым, немере - жаным" деген қазақымыз ғой, [illegible]

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: балаларыңыз.

Алакөл ауданы [illegible] **ҚҰТТЫБЕКОВ Болат Өмірбекұлы және ҚАБДОЛОВА Айгүл Баймұратқызы** [illegible] 50 жасқа [illegible]

ІЗГІ НИЕТПЕН: сыныптас достары.



Талдықорған қаласының тұрғыны, құдай қосқан құдамыз [illegible] 29-ы күні ердің жасы 50 жасқа толды. [illegible] **Меруерт РЫСБЕКҚЫЗЫН** да құттықтай отырып, [illegible] салып, ұзақ ғұмыр, бақыт, ашық аспан тілейміз. [illegible]



ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: құда-құдағиы – Жанат-Забида және құда баласы – Нұрсұлтан.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: "Медиахолдинг "Жетісу Ақпарат" акционерлік қоғамы.

Директор-бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50. Байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-30-57, уақыт және әлеуметтік мәселелер, заң және ақпарат бөлімі — 24-36-07, білім және ғылым бөлімі — 24-32-43, фототілшілер — 27-41-93, жарнама бөлімі — 24-29-82.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны — 279-13-37 (факс), 279-13-86, 279-36-43.

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары: Үшаралда — 2-12-57, Панфиловта — 9-12-27, Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33.

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 24-34-55 телефонымен хабарласу керек.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офорт" баспаханасында басылады.
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілiп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 481. ТАРАЛЫМЫ — 48 664. ИНДЕКСІ — 65469.

Кезекші редактор: Галымқрат ЖҮКЕЛ

Оспанханның отауы



1-сәуір Оспанхан Әубәкіровтің туған күні

Оспанхан Әубәкіров 1934 жылы 4 қазанда Жамбыл ауданының Үшбұлақ [illegible] туған. 1956 жылы [illegible] соң, Құрманғазы атындағы Қазақ мемлекеттік консерваториясының [illegible] факультетінде [illegible]. [illegible] «Ара» журналының [illegible]. Сатиралық [illegible] Эзоп [illegible] «[illegible]», [illegible] «[illegible]» [illegible]. 1983 жылы [illegible] «Қазақ әдебиеті» [illegible] Туған күн [illegible] Оспанханның бір [illegible].

УСОЙҚЫ



Ауыз туралы аңыз

Сенде де ауыз бар,
Менде де ауыз бар.
Шыныда айтқанда,
Барлығында да бір-бір ауыз бар.
Ал енді осы ауыз туралы,
Мынадай бір аңыз бар.
Ерте-ерте ертеде,
Бәлкім, одан бертін де,
Қалай десең де еркіңде.
Ішсем деген аузымыз,
Жесем деген ұлы болды.
Сол жүгермек Жесемді,
Бәлкім, жұрттың есебі,
Туғанда-ақ аузы томпиған
Бірдеңе жеп тұрыпты дескен.
Бірақ бұл енді ауыз ғой,
Әй, дегенмен тұңғиық құрығыр,
Ауызбен аты ауыз ғой.
Ауыз жеп тууы да мүмкін ғой.
Үйтсе, [illegible] бойы [illegible].
Ай өтеді,
Жыл өтеді.
Аузының сұлдыры кейін шығады.
...Бірдеңе деген шыныдан
(Шынар еке, кей жазылса)
«Өнеш» дейтін асқан болады екен.
Қызметтен сон бар аузы
Осында кеп көнеді екен.
Ал, осы «Өнештің» біраттыры
Аузы болады.
Ой, бәрі осы [illegible] болады.
Жоқ!
Өкіртіп жейді!
Әкесін тамытып жейді!
Бір күні біреулер
«Ешкім ертеңін көтетті» ...дейді
Масқара!
(Кейінгі сырасы үйлемейтін асқан)
Тып-тыйпыл, тіпті, орны жоқ.
(Дегенмен аузындай сорлы жоқ).
Аузынан ұстайды,
Қыстайды.
Сүйтсе, ауыз албастысын,
Алтыншы [illegible] атты [illegible],
Елуінен елу мың,
Мұртының арасынан миллион шығады.
Ал, оған үстіндегі дүниеге есеп жоқ,
Дүние базынасы бар бар,
Тек салуы тұрған тесік жоқ.
Сөз?
Күнсіз шалға асырма жасы?
Себебі ол ертіп кере тұра,
Мылтығын бір атпаған.
Аузына атты жасы!
Себебі ол мемлекет қаржысын
Ауыз-мұрнынан тыққан да,
Өлтіген «аман» сақтаған...
...Бәрін жасылдығы кеткен шығар
Әлгі Аузын жастаған.

ЖАТЫПАТАР

Ауыз Бен қасық,
Ауыз [illegible],
Тәңірден [illegible],
Бүйірі [illegible],
Қашанғы жүрер [illegible],
Шұнаң [illegible] ерін Болды
Бір күні ауыз [illegible],
Қасықпенен [illegible],
Ол [illegible] қасық.
Екеуін Бір нәсіп,
Аузының [illegible],
[illegible],
Қасықты [illegible],
Аузы [illegible],
„[illegible]“ - деп [illegible],
Тұрасынан Бір [illegible],
Қасық [illegible],
Қағып [illegible],
„Беріп де [illegible]“ - деді
„Баршам [illegible]“ - деді.

ТОТИЯЙЫН

Бұқа мен бұзау

– Секцияның бастығы,
Спорт мастері,
Республиканың чемпионы,
Ұрып жыққан он түйені –
Бұқа Зеңгібаев
Жас палуан Бұзаумен
Тұңғыш рет белдесті.
–Сорлы Бұзау өлмес еді,
Шарт та шарт ұстаса кетті?
Бұзау сирағы сықырлап,
Бірден мүйізге жармасты.
Әй, албасты,
Ұстама деймін мүйізден!
Бүктей салатын
Мен саған кизбе ем? –
Деп Бұқа кергіп еді.
Ой, Бұзау кеп пергіледі.
Анда апарып бір соқты.
Мұнда әкеліп бір соқты.
Бұзау басым, әктем келді.
Бұқаның буты кәктем келді.
Апырай, мұндайды кім көрген.
Ал, сонда Бұқаға
Мұнша атақты кім берген?!

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Бөден қалай ақын болды?



Бөден ол кезде облыстық газетте корректор болып істейтін. Бірден редакцияның аппаратына алып, әдебиет бөліміне жегіп қоюға жарарлық таланты да бар еді, орын болмай уақытша типографияға "тығып" қойған.

Кей күндері әдебиет бөлімінде көркем сөзді таразылап отырған "билерге" жаңа жазылған өлеңінің кіндігін кестіріп алуға келеді.

Онысы мұндағы ақындарға ұнамайды. "Айтылып жүрген ой, жауыр болған ұйқас, ұсақ тақырып" деген секілді айып тағылып Бөден ағасына қайтарылады. Ал, әлгі ақылшыларының өлеңі болса күнде шығып жатады – қырып тұрған ештеңесі жоқ.

Бір күні баспаханада газет шығарып жүріп Бөденге бір ақылды ой келді. Дереу телефонға жүгірді. Саусақтары селкілдеп редактор үйінің нөмірін теріп жатыр.

– Алло, Әбеке, мен ғой – Бөден, мына газеттің үшінші бетінде орын қалып, елу жолдық хабар таба алмай жатырмын.

– Шырағым-ау, мен үйде мақала байлап отыр дейсің бе? Жоқ, әлде жарым түнде мені мақала жазып отыр деп пе едің? Запаста не бар екен?

– Запасыңызда кілең кәлдей материал.

– Енді не істедік? Газетті қуыс қалдырып қалай шығарасың? Елу жолдық ештеме жоқ па?

Өрине, бұл тұста редактор қатты қиналғаны сезсіз.

– Менің бір жүз жолдық өлеңім бар еді... – дейді Бөден өзінше "кәжет ашып".

– Не жайлы еді өлең? – дейді редактор. Даусында қуаныш рені бар.

– Туған жер, екіншісі шешем жайлы.

– Endeше туған жеріңді қоя тұр да, шешең жайлы өлеңіңді сал, – дейді редактор қуанып.

– Жақсы, аға, сүйтемін онда, – дейді Бөден де мәз болып. Сонымен ертесінде газеттің үшінші бетінде Бөденнің "Анама" деген өлеңі жарқ ете қалады.

Арасына ай аралатып, ұмыттырып барып Бөден жарым түнде редактордың орынбасарына телефон соғады.

– Аға, мен ғой – Бөден.

– Жүз жолдық материал таба алмай, газеттің үшінші бетінде қуыс қалып тұрғаны. Не істейміз?

Бұл кісі де қиналады.

– Шырағым-ау, есің дұрыс па? Менің қалтамда мақала жүр деп ойлайсың ба? Запаста не бар екен?

– Дым жоқ.

– Енді қайттік?

– Менің бір өлеңім бар еді.

– Не деген өлең?

– Отан, туған жер жайлы.

– Отан деген өлеңіңді ертең оқып көрерміз, туған жер жайлы өлеңің болса сал, енді өлеміз бе?

– Сүйтпесек, басқа дайын ештеме жоқ, – дейді Бөден. Ертесінде кеңседе шаң-шұң болып жатқаны. Бөденнің онда жұмысы жоқ, газетте бадандай әріппен басылған "Туған жері" тұрады.

Міне, Бөден осылай ақын болып алды.

ШЫМШЫМА



Қағаз бен сабаз

Бір мәселе қаралған мәжілісте,
Сабаз дейтін біреу сөз алды.
Бұған сөз беретін түрі жоқ еді
Төленіп отырып өз алды.
Галстугын қиратып,
Тамағын қырнап,
Мінбеге Сабаз шықты.
Мұның да сөз қойнында екен,
Қалтасынан қағаз шықты.
Іш қалтадан да суырып алды.
Сырт қалтадан да суырып алды.
Мұның қағазы көп боп шықты
Бірақ, қарай атқанда,
Деп осы жиында
«Сөйлейтін» қағаз жоқ болып шықты.

Былай сөйлейін десе – дым жоқ,
Аузы құрғап,
Сөз суалған
Болмаса Сабазда мін жоқ,
Тіпті «Жолдастар» дей алмай,
Сұрап алған мінбеден түсіп кетті,
«Ұятын тек тұрмайды»,
Сасқаннан
Бір стакан су ішіп кетті,

«Мына сөзді сөйле» деп
Дайын сөзін кім берер.
Қағазы жоқ, сөз жоқ,
Сабаз қайтіп күн көрер?!

ДЕГЕН ЕКЕН...

Үлкен мен кіші

– Өлгім шақыр.
Өлгісі келді.
– Мінездемелер қайда?
– Міне.
– Әкеп беріп
– Мәңіз
Үлкен қарға қаламын алып қадалып отырып оқып шықты.
– Тым мақтап қойған жоқсың ба?
– Жоқ, ойбай, өздері сондай ғой.
– Жақсы, жарайды, бара бер.
Кіші қарға мәз болып бара берді. Ал үлкен қарға кешеп кеште айтқан өз сөзін өзі оқып қала берді.

Таразымен не өлшейді?

– Сіз таразы болғалы талай-талай тарих, қилы-қилы заман өтті, әлі сол таразы қалпыңызда келесіз. Осыншама көп жасауыңыздың себебі әділдігіңізге байланысты болар-ау? – депті біреу.
– Атаңның басы! –депті Таразы – Әділдігіңді ақыл деген кәсіппен өлшейді. Ал таразымен табыс өлшейді.

Ықтимал

Шындық деген біреу шақыртеніп дәрігерге келіпті.
– Қай жеріңіз ауырады? – дейді дәрігер Шындықтың тамырын ұстап отырып.
– Қай жер дейтін жоқ, тұла бойым түгел өртеніп барады, – деді Шындық лапылдап.
Дәрігер даңышпан шалыс болса керек.
– Суық тиген. Өтірік дегеннің көлеңкесінде көп жата берме, – депті.
Қай дәрігерге сенуге болады, бәлкім, онысы да ықтимал шығар.

СЫҚАҚ

Мәтел

«Үркер айға жарайды ай
«Құдайға» қарайды» –
Деген бір мәтел бар.
«Ал» Құдай «қайда қарайды?» – деп,
Қайдан отырғыш зәрем бар.
Әкем керек дейін десем – мәтел керек,
Мәтел керек дейін десем – әкем керек.

ӘЛІ ЕСІМДЕ

Сатириктің жомарттығы

Жадыраған жаздың жаймашуақ күндерінің бірі. Алматыдағы Жазушылар одағынан шешен бірге шықтық.

– Мен бізге кетіп барамын. Мына көпқабатты мектепке барып шығайыншы. Өткенде оданан облыстық партия комитетінде шат жолдаған еді. Соның кеткендегін білейік, – деді маған.

Он екі қабатты үйлескен коммерциялық ғимараттың астыңғы қабатындағы милиция жігітке кезу есебін ұстырды. Ол астынғы қабатты ұсынады. Бізді қабылдаған жас келіншек жымиып күлімсіреді де:

– ...ала, одақ хаты Жамбыл ауданының партия комитетіне жіберілді. Сізді өңдері шақырып 50 жылдығыңызды атап өтеді, – деп жауап берді. Біз ғимараттан қуанып шықтық.

Тысқа шыққаннан кейін:

– 50 жылдығымды еліп болмасам, кешеді қал ма?! – деп тамсырды. Мерейтой ағаның өзі айналдағы Жамбыл ауданында өткізілген еді. Аудан басшылары тізімі-тізімін шесін әбден жетілтеті. Дегерес жоғары заушаты мен совхоз директоры Жүсіпәлі Нұғманов жерлесін жылы шырайымен қарсы алып, сый-құрметке бөледі. Ақынның көңілі көтеріліп, мерейі өсті. Туыстарымен, туыстарымен амандасып, зымыраған күй кешіп, шаттыққа бөленді. Пионер көсемі Ләззат Таңбаева бас болып, пионерлерді салтанатты түрде Оспанханды пионер қатарына қабылдап, мойнына қызыл галстук байлады. Дегерес Мәдениет үйіндегі осы сәт Ләззаттың есінде қалып қойыпты. Ләззат Жорақызы бұл күндері Оспанхан Әубәкіров атындағы орта мектептің директоры. Аға жайында мағлұматтар жинап, мектеп ішінен сатирик ақын музейін ашуға талаптануда.

Сөз тойдың қызығы мен қызуын тізе тиек еткен сатирик-жазушы Ғаббас Қабышұлы «Салынған сазы» кітабында:

...«Сонымен Осекең ауданды аралап арқасы, аунап-қунайды». Бозды бала есен болма! Ағаның тілін ал! Мен бұл итті дырылдатып мініп жүре алмайтын әйде бар, кейін жолат, бұл нәле бүгіннен бастап сенікі, кәне, отыр! – деп, Осекең күзерінде білмей, жылдарын да білмей тұрған жігітті машинаға отырғызып есігін жауып, – әйде зымырат шиіңізді – деп күліп қала берді (27-бет). Үш күн бойы 50-ге толған Осекеңді машина жүргізуші өзінің бастығының жеңіл көлігімен серуендеткен ғой. Екеуі бір-біріне әбден үйреніскен қалған. Оспанханды сыйлап (Аудан басшылары мен совхоз директоры) «Москвич -412» автокөлігін мінгізген. Маңғаы жігіт су жаңа автокөлікті өзі жүргізіп Алматыдағы Жамбыл мен Байзақов көшесі мүйісіндегі Жазушылар үйінің алдына жеткен. Ағамыз машинасынан түсіп, басын әрлі-берлі шайқап, автокөлікті жүргізушіге мінгізіп жіберген», – деп жазылады. Міне, Ғаббас Қабышұлы ағамыз Оспанханның «Атымтай жомарттығын» осылайша еске салып отыр.

Сатириктің «Адам жетектеген адам» сықағындағы:

...«Жетектелі жетегің,
Жетесіз болса не етесің?
Жетектеп алып қайтадан
Ауылыңызға кетесіз» – деп келетін тапқыр жолдар қалай тауып айтылған. Тіпті, сатириктің тілі тотиайындай, кісіге ой салар біразды өлеңдері еріксіз сүйсіндіреді, ойыңды ұштайды, жақсылыққа ұмтылдырады, жамандықтан жирендіреді. Оқыған сайын езуің жиылмай күлесің де, «осы өлең жолдары маған арналған жоқ па?» – деп, тамсанасың. Бұл Оспанхан аға шеберлігі және тапқырлығы. Сатира сарбазы есесі жылы сексенге толады.

Әлбетте, елі мен жұрты, оқырманы оның мерейтойын дүркіретіп тойлап, өскелең ұрпаққа ұлағатын жеткізеріне күмән жоқ.

Қарабай ӘБУҰЛЫ,
Қазақстан Журналистер одағының мүшесі.
ҚАРҒАЛЫ АУЫЛЫ,
ЖАМБЫЛ АУДАНЫ

Еңіс пен ылди

Еңіс пен Ылди егесті,
Егескенде не десті!
Еңіс:
Мына Сізді Ылди дейді,
Жүретін жолы құлди дейді.
Бір Ылдиға бір Ылди:
«Ылдилап жүр ылғи» дейді.
Ылдилар төмен қарай
құлдилатқанда,
Көдімгі торғай құған қырғи
дейді.
Сондықтан жұрт Ылдиларды
Құдай атқан құ ми дейді.
Ылди:
– Ал, мына сізді Еңіс дейді.
Жұрттың айтқаны рас болса
Еңістің бір түйірі кеміс дейді.
Кемістігі сол болар,
Көздері аппақ беріш дейді.
Аппақтығы сол болар,
Еңістер еңісте қарай
еңіретпенде.
Еңісіңгі еңіс,
Еріспеді еріс демейді.
Терісіңгі теріс,
Терісіңгі теріс демейді.
Шыңырауды бір-ақ шығады.
Еңістерге еңіс болса болды.
Зымыраудан жырақ шығады.
Сондықтан
Бұларды кеміс Еңіс дейді.
Ал кеміс Еңістің ақыл-есі
– Еңіс-еміс дейді.

Ылдиынға – Еңіс,
Еңісінге – Ылди.
Ылди мен Еңіс келіксе.
Осындай әңгіме
естимін ылғи.

Сен туған күн,



[illegible] САТАЙҚЫЗЫН [illegible] НАМАНЖАН АТА [illegible]

[illegible]

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: жұбайы - Наманжан, ұл-қыздары - Қанағат, Ләззат, Берік, Бірлік, Жансая, келіндері - Айсара, Гауһар, Жанна, күйеубалалары - Ізден, Мәулен және немерелері.



САҚЫБАЕВ Рахат Сәкейбайұлы 1 мамыр күні 70 жасқа толады.

І. Жансүгіров атындағы Жетісу мемлекеттік университетінің «Физика және физиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының профессоры. [illegible]

[illegible]

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: «Физика және физиканы оқыту әдістемесі» кафедрасының ұжымы.



Алматы облысы [illegible] ӘМІРЕУЛЫ 1 мамыр күні 70 жасқа толады. [illegible]

[illegible]

ІЗГІ НИЕТПЕН: қайын-жұртының, Нусіпбек-Үркімбай әулеті атынан ағасы - Төлен, балдызы - Дүйсенбек, келіні - Сара.



[illegible] ӘТЕЙБЕКОВ Оспан Бәйдаиқұлы [illegible]

[illegible]

ІЗГІ НИЕТПЕН: жұбайы, ұл-қыздары, қарындас, күйеубалалары.



Ескелді ауданы Қарабұлақ кентінің тұрғыны ДӘЛДІБЕКОВА Айман Дәлдабаққызын 1 мамыр күні 57 жасқа толған туған күнімен құттықтаймыз!

[illegible]

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: Төлеген-Айым, Айдар-Гүлнұр, Майгүл, Райгүл, Мөлдір және немерелеріңіз.



Еңбекшіқазақ ауданы [illegible] ШАТАЙ Бүбайша Жантабылқызы 1 мамырда [illegible]

[illegible]

ІЗГІ ТІЛЕКПЕН: жолдасың - Тілеулес, ұлдарың - Берік, Жақсыкелді, келініңіз - Сәуле, қызың - Жанар, немерелеріңіз - Әбзал, Асхат, Аружан, Аяулым.

мерекеңмен!

Газетіміздің келесі саны 4-мамыр, сенбі күні шығады.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

МЕНШІК ИЕСІ: "Медиахолдинг "Жетісу Ақпарат" акционерлік қоғамы.

Директор-бас редактор Жақыпжан НҰРҒОЖАЕВ

Қабылдау бөлмесі және факс — 27-41-50 байланыс телефондары: бас редактордың орынбасарлары — 21-01-90, 27-41-83, жауапты хатшы — 24-38-16, ауылшаруашылығы, экономика және спорт бөлімі — 27-42-34, әдебиет және мәдениет бөлімі — 24-30-57, уақыт және әлеуметтік мәселелер, заң және ақпарат бөлімі — 24-36-07, білім және ғылым бөлімі — 24-32-43, фототілшілер -27-41-93, жарнама бөлімі — 24-29-82

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны —279-13-37 (факс), 279-13-86, 279-36-43.

Меншікті тілшілердің аудандардағы телефондары Үшарала — 2-12-57 Панфилов — 9-12-27 Райымбекте — 2-22-05, Іледе — 2-19-33.

Газет табыс етілмесе — 8 (7282) 24-34-55 телефонымен хабарласу керек.

ГАЗЕТ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ МӘДЕНИЕТ, АҚПАРАТ ЖӘНЕ ҚОҒАМДЫҚ КЕЛІСІМ МИНИСТРЛІГІНДЕ 2002 ЖЫЛҒЫ 16 ҚАЗАНДА ТІРКЕЛІП, N3322-Г КУӘЛІГІ БЕРІЛГЕН.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Газет Талдықорған қаласы Қабанбай батыр көшесі, 32-үйдегі "Алматы — Болашақ" ЖАҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10
П 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында терілін, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Компьютерге терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үй, 2-қабат

КӨЛЕМІ — 2 баспа табақ. ТАПСЫРЫС — 636. ТАРАЛЫМЫ — 44 222. ИНДЕКСІ — 65469.

Кезекші редактор: Қажет АНДАС.



БІР АУЫЗ СӨЗ

Теңге күны

[illegible]

Қыдыр БАЙДҮЙСЕНҰЛЫ.
ТЕКЕЛІ ҚАЛАСЫ.

ӨЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС

Шабыт

Шабыт қашан келеді,
Айта қоймай тек басып.
Кейде лағып кетеді,
Ауыл - үйді шатаспай.

Көп күн болды, көрінбей,
Өзі, тағы қаңғып жүр.
[illegible]
[illegible]

Шабыт деген шіркіннің,
Сөз ұяты болса-шы.
"Кілең" бермей, менің де,
Қасыма келіп қонса-шы.

Бұрын және бүгін

Жиырма жыл бұрын
Жеңгей отыр жымиып.
Ағай отыр мұңайып.
Той-думанға [illegible],
Жалғыз кейпен жүр кеп.

Жиырма жылдан кейін
Ағай отыр "бырқылып"
Жеңгей отыр "қырқылып"
Шаш беретін түр жоқ,
Үйге қарай 'жылтақ'.

Бұдан шығар қорытынды
Салт-дәстүр қазақтың,
Олар үшін түңгілік,
Қараға мал біткен соң,
Санайды кім тым бек.

ШЫМШЫМА

Алланың ақ жолынан адасқандар

Өмірдің қиылысында,
Шайтан жаны қысылғанда.
Сонда ғана, сонда ғана -
"Алла!" - деген мұсылман ба?!

Иманымдар, дінсіздер
Арақ ішіп жүргендер!
Хадистерін Құранның,
Бұзып жүрген кімсіңдер?!

Тәңірі, қаншама ұмыттың,
Атам-заман [illegible],
Мұсылман болып туғанмен,
Құранды білмей өттің.

Шұбартанның [illegible],
Мансұрын болып жүрсіңдер,
Дін мен тілді жоғалтып,
Мұның болды-ау күнің.

Есіргенің құдайдың,
Шариғатты бұзбаңдар.
Қызынан жасап [illegible],
Қаныңды бетті жүрдіңдер.

Жігіттердің шалбарын
Киіп алды қыздарым.
Тәңірі, шалым қыздарым,
Інін жүр ашық сұлармын.

Сұлу қыздар тәндерін,
Жарқыратты-ау бар жерін.
Ай менен күн ұялып,
Бүгіннен жаппа-ау беттерін.

Газеттердің бетінде,
Ең басында, шетінде
Қыздарымыз көрсетер,
Бәксесін де, белін де.

Бәксені көріп мас болып,
Жүрегіне қан толып,
Мұртын сипар жігіттер:
"Ой-хой, шіркін!" - деп қойып.

Батыстың салт-дәстүрі,
Сұрқиям, мың түрлі.
Еліктеген жастарды,
Ар-ұяттан бездірді.

Жауыздықты ұлі етпен.
Сұмдық әлі бұл неткен?
Тұмай жатып сабиді,
Өлтіруге үйреткен.

Өзіміздің дінімізді,
Дінімізді, тілімізді -
Атадан қалған мұралар,
Сақтайық дәстүрімізді.

Алмабай ТӘШІМОВ.
ҚОҒАЛЫ АУЫЛЫ,
КЕРБҰЛАҚ АУДАНЫ.

ҚАЗ ҚАЛПЫНДА

Ұтыс пен ұтылыс

– Ой, Қалимбай, Кілембайдан Оңғарбайдың біреуі ме ол?
– Біле... Ауданның, қаланың, облыстың, республикалық газеттерде жарияланып жүрген ғой.
– Білмейсің. Сол Оңғарбайдан айтып...
– Оған не бос жатты?
– Не болушы еді? [illegible]

[illegible]

Өбжан ОМАРҚҰЛОВ.



КҮЛЕ ОТЫРЫҢЫЗ

Мұғалім:
– Табиғаттың негізгі төрт элементін ата! - деді.
Оқушы:
– Жер, ауа, от...
– Енді біреуі қандай? Білмейсің бе? Тамақтың алдында қолыңды немен жуасың?
Оқушы:
– Таптым, сабынмен!



ЖАТЫПАТАР

Салқын сана

Тәрбие – бар қасиеттің анасы.
Айтуға оңай болғанымен.
Өмірдегі орны білген қатасы?
Жақсылық пен жамандықтың,
Адалдық пен арамдықтың,
Адалдық пен жалғандықтың,
Арасы жігін ажыратар шекарасы дәл осы.

Ар-ұяттың намысының қорғаны,
Өмір атты бұрқаншы жолдағы.
Адастырмас емес-айдын бағытын,
Тәрбиемен айқындалмақ алдағы.

Сол тәрбие басталады өтінен.
[illegible]
Ана сүті,
Ата қаны түсінсең,
[illegible]

Бірақ, бірақ, сол тәрбие бүгінде.
[illegible]

[illegible]

[illegible]

Талғат СМАҒҰЛОВ.
ТАЛДЫҚОРҒАН.

ОЙ – ТОЛҒАМ

Адам мен заман жайлы

– Жасырмай, кезінде ойлаушы ем шамам келсе ағайын – туысқа, үлкенге де, кішіге де жәрдемдесейін. Олар осыны ұмыта қоймас деуші едім. Бәрі бекер екен!.. Кейіннен өтіп алған соң кейбі мен жаққа бұрылып та қараған жоқ. Әрине, бұл – бір менің ғана басымнан өткен іс емесін сеземін. Өмір деген шіркін осы да, – деді менің зейнеткерлік жастан асқан бір сырлас замандасым. Неге екенін қайдам, ол ауыр күрсінді. Мен де..

* * *

Заманның не адамның иттігі ме, қайдам? Қазір кейбіреулерге өзінің және өзгелердің амандығы емес, қорасындағы бес–он малының амандығы адамнан керек секілді. Дүние мен байлықты қуып жүріп, бір-ақ сәтте тиыншық болып қалатынымызды бір сәт ойлап қойсақ қой?!..

Біреудің көлеңкесінде тұрған адамның – өзінің көлеңкесі болмайды деген сөз бар. Яғни, біреудің арқасында немесе жағымпаздықпен жалбақтап жүргендер туралы айтылған сөз ғой деп ұқтым. Ондайлардан адамдық, азаматтық, көзқарас, нақты пікір жоқ екенін көріп те жүрміз.

Өмірде адамдарға жылы қабақпен қарамайтын, өлгенде жылап жоқтамайтын, тойлы жерде жырлауды білмейтін, өлімді жерде жылауды білмейтін адамдар да болады. Мұны біздің кешегі өтіп кеткен дана бабаларымыз айтып кеткен.

Қолында билігі бар кейбір дүниеқор басшылар не халықтан ұялмайды, не Құдайдан қорықпайды. Аспандағыны арбап, жердегіні жалмап, қарапайым халықтың байлығын еншілеп алып, шетел асып қашып жатқандар Алладан қорықса өстір ме еді?.. Солар кезінде басым бұлтқа тиер деп, кесірім жұртқа тиер деп ойлады дейсіз бе?..

Иман Жүсіптің айтқаны бар.
– Бұл күнде жаным өлген, құр денем сау, – деп. Бәлкім, оны сол дәуірдің адамдары түсінбеген соң, не болмаса биліктегі обырлар мен жебірлердің қылмыстарына көңілі қарадай қалған соң айтты ма екен бұл сөзді?..

Әйгілі жазушы Шерхан Мұртаза өзінің жерлес аға батыры – атақты Бауыржан Момышұлына байланысты тілші қойған сұраққа былай деп жауап беріпті: Ол жасы келгенде мүмкін болса өзінің туған жерінен үй салдырмақ болды. Ауылына келуге де талаптанды. Ата – бабамның жерінде тұрсам деп армандады. Сол кездегі Обкомның бірінші хатшысынан бастап, бәрі уәде берді. Бірақ ешқайсысы да уәделерін орындаған жоқ. Сол рахатты өмірді ақыры көре алмай өтті!..

Ұлтының қамы, ұрпағының намысын ойлап өмірі өткен, Отан үшін от кешкен батыр Бауыржанның еңбегін елемеген мына жұрт кімді қарық қылсын. Момышұлына бергеніңе үй салатын ұтарақтай жерді мол пәре беретін қалталыға ұсынған жөн шығар деген болар әлгілер. Жақсының қадірін білмеген қайран қазағым–ай десеңші..

Шер ағаң Бауыржан туралы берген сол сұхбатында былай дейді.
– Ол Кеңес үкіметі кезінде соғыста қанша ерлік жасаса да Совет Одағының батыры атағы оған бұйырмапты. Ал Бауыржан болса басын да ауыртқан жоқ. Соғыстан кейінгі жылдарда да биліктегілер оған:
– Бәуке, мына қызметке отырыңыз,– деп айтпаған. Бұған да басын ауыртпады. Дегенмен, іштен тынбады дейміcің?!..

Елім деп барын салған ерен тұлғаларды тірлігінде елемеу – біздің қазақтың, әсіресе, қолында басқару тізгіні бар кейбір биліктегілердің қанына сіңген қасиет пе, әлде "ауру" ма?!..

Махамбеттің басын өзінің ет жақыны – біздің қазақ алды!? Ұлы Абайға өзінің етене таныстары у бермек болды?! Құлагерді өзінің қазағы мәреге жеткізбей мерт қылды?! Осыны ойлап менің кезінде жазған бір өлеңім бар еді:

Махамбеттің басын алып,
Ұлы Абайды жылатқан!?
Бөтен емес – осы халық,
Құлагерді құлатқан!?..

Айтпауға және жазбауға болмайтын жайлар болады адам мен заман жайлы. Менің де сол азап тірліктің шерлі ұшқыны шығар.

Айтақын ӘБДІҚАЛ,
ақын, М. Мақатаев атындағы сыйлықтың лауреаты.

ОЙ, ПӘЛІ-АЙ!

Шыдамдылық

– Әй, кемпір, мына немерең не деп тұр?! Түк түсінсем бұйырмасын!

– Күреске кеш дайындадық. Жеңіліс көп болды дей ме? – деді кемпірім өзінше аударып.

– Жарайды аташка, «Гудбай!».

– Кутбаймен күрестім дейсің бе?

– Ой, аташка, какой там Кутбай? Я про урок говорья.

– Әй, сен дұрыстап айтсаңшы.

– О кей! Сэнкю вери матч.

– Мына бала сенкі теріс, оттамашы дей ме?

Немерем қолды бір сілтеп кетіп қалды. Кемпір екеуміз түсте нервімізді басып, шәй ішіп отыр едік. Аралас мектепте 4-сыныпқа оқитын Саммит немерем бізді көріп, «Ура, дедушка мен бабушка келіпті ғой! – демесі бар ма? Кемпір екеуміздің арқамыз қайта қозды.

– Дед, а дед, вы мне скоро купите велосипед? А то бөрінде велик бар.

Кемпір екеуміз бір-бірімізге жалт қарадық.

– Ой, өңкей мәңгүрт. Қай-қайдағыны қайдан үйреніп аласыңдар! – деп айғай салдым.

– Ой, ата, қазір барлық жерде үш тіл ғой, – деді немерем жуасып.

– Әй, сен жетпегір алдымен өз тіліңді жөндеп үйреніп ал. Басқа тілді өскенде үйренсең болмай ма?

– Болмайды.

– Неге?

– Англиский, руский учить етпесең, училка екі қояды. Не хочу перед класом позорится, – дейді. Содан не керек, басымның сақинасы ұстап, арқам тырысып, сұлқ жатып қалдым. Кемпірім де шөгіп, жерге қисайды. Кешке балам мен келінім келгенде шатақ шығардым-ай!

– Мен ештеңе білмеймін, бәрің ауылға көшесіңдер. Немерелерім тілінен айырылып қала жаздапты. Алдымен ана тілін біліп алсын! Қарашы ей, баланың миын ашытып... – деп зіркілдедім. Келсапгүл келінім қиғылық салды.

– Ой, батя, ауылда да осы программа ғой, – деді Қоянбай ұлым.

– Не дейді? Ойбай, бұл бәледен қалай құтыламыз енді? – дедім. Содан не керек, қалаға барған кемпір екеуміздің сағымыз сынып, үнжырғамыз түсіп қайттық.

Ақсақалға қарап жаным ашып кетті. Жарайды, баламды балабақшаға бермейік қояйын. Ал мектепке барғанда қайтем? Осыны ойлап, басым қатып кетті. Сіздер не істеп жүр екенсіздер?

Асхат ӨМІРБАЕВ.

Қаратал ауданы.

Материалды жинап-терген
Қажет АНДАС.

ЕЗУТАРТАР

– «Мәдениетті адам» дегенді түсіндіріп берінізші маған.

– Саған қалай түсіндіріп берсем екен. Мәселен, мәдениетті адам ешкімнің ештеңесін алмайды.

– Жолда 100 мың теңге жатыр делік шашылып. Мәдениетті адам осы ересі жоқ ақшаны да алмай ма?

– Алады. Бірақ ол жан-жағына әбден мұқият қарап алады. Мұны көріп тұрған ешкім жоқ екеніне көзі әбден жеткеннен кейін ғана ол жолда жатқан ақшаны алады.

* * *

Егде тартып қалған адам дәрігердің қабылдауында отыр.

– Қай жеріңіз ауырады?

– Еш жерім ауырмайды.

– Ауырмағаны несі? Сіздің жасыңыздо бір жеріңіз міндетті түрде ауыруы керек.

– Онда не істейін енді ?

– Темекі тартыңыз! Арақ ішіңіз! Ашы, тұзды нәрселерді көп жеңіз!

* * *

Балық аулауға кетіп бара жатқан күйеуі әйеліне:

– Қандай балық ұстап әкелейін? – деп қарады.

– Бәрібір, бірақ өткен жолғы дүкеннен емес, басқа жерден алшы... – деді өтінш.

СҮЗЕГЕН СӨЗ



Қазақы телеграмма

Тойға дайындалып жатқан Құдайберген ағаға мен Бисара тәте қазақша телеграмма алады. Онда былай делінген: "Құрметті Құдайперген ака, Бишара тате, сиздердин уйкелегендеринизге сиырма пес жил толуымен кутоктап, узак омир бакит тилеймиз! Салеммен Акешибин Жакен!"

Телеграмманың кімнен екенін білмеген, өмірлерінде бір-бірінен сыр бүгіп көрмеген жұбайлар әлдебір құпиясын жасырып жүргендей бір-біріне күдікпен қарасты. Ал әйелдер ғана жақсы көрген қайнағаларын "Жәке" деп жылы ұшырататынын сезетін Бисара тәте "жәкелері" о дүниеге әлдеқашан аттанып кеткендіктен, жаңа Жәкеңің қайдан шыққанын білмей мүдірді. Ақыры, түсініксіз телеграмманы қайта оқуға кірісті.

"Құдайпергені" – қарғыстай, "Бишара" дегені қайыршыға "қамықпа" дегендей естілген қос жұбай тұнжырап отырып қалды. Мұның бәрін бүлдіргендер – телеграмманы қабылдап алған пошта қызметкерлері болатын, аз телеграмма берген-дердің жазуы былай еді.

"Құрметті Құдайберген ага, Бисара тәте. Сіздерді үйленгендеріңізге жиырма бес жыл толуымен құттықтап, ұзақ өмір, бақыт тілейміз. Сәлеммен: Ақан мен Жақан!"

Бірлік БЕКБАУҰЛЫ.

Алматы.



Ертең – Күлкі күні

Ертең, яғни 1 сәуір – әлем елдері әзілдесетін әдемі күн. Ерте заманда ежелгі римдіктер мен француздар көктем мезгілі жетер уақытта «ақымақтардың мерекесін» атап өтуді салтқа айналдырыпты. Ал Үндістанда «Қалжыңдау салты» деп аталатын думанды күн бар. Адамның көңілін көтеріп, әзілін жарастырып жіберетін Күлкі күнін әр ел түрлізе тойлайды. Мәселен, 1 сәуірді мұхиттың арғы бетіндегі америкалықтар «ақымақтар», испандықтар «әңгірлер», үнді елі «тоқымдақтар», жапондар «құыршақтар» күні деп атайды.

Шотландияда бұл күні адамдар бір-бірінің арқасына «Мені теп» деген жазуларды жасырып жапсырып қояды. Сөйтіп, қала көшелері күлкі мен қалжың құшағында қалады. Петербург қаласында әзілкештер әдетте ерте шартығанда қосатын дабылды кенеттен іске қосып, бүкіл тұрғындардың үрейін ұшырады. Бұл ойын тап осы 1 сәуір күнімен түспа-түс келіпті. Біздің елде де Күлкі күні әріптестер, дос-жарандар, таныр-таныстар өзара әзілдесіп, зиянсыз өтіріктер ұйымдастырып жүреді. Данышпан Абай айтпақшы, «арзан, жалған күлмей, шын күлейік», ағайын!



■ ӘЗІЛІҢ ЖАРАССА...



Қисық-қыңыр кеңестер

▶ Күлкі күні сізге қонақ келсе, әңгімесінің ішіне тар болып қалатындай етіп мақта салып қойыңыз. Қонақтардың қайтатын уақыты келіп, аяқкиімдерін кигенде не болатынын қараңыз! Оларды мерекемен құттықтап, әзілдегеніңізді мойындауды ұмытпаңыз.

▶ *Бүгін кешке немесе ертең ертемен тұрып, сүйікті інішіңіздің шалбарының балағын тігіп тастаңыз. Ол басында абыржып, кейін сізбен бірге әбден күледі. Тек кейін оны сөгетін де өзіңіз боласыз.*

▶ Елеулі 100 теңгелік тиынды желіммен жапсырып қойыңыз. Алам деп еңкейген адамның қандай ыңғайсыз жағдайға қалатынын көресіз.

▶ *Ортаңызға [illegible] кремі салынған балаш сатып алып, 1 сәуір күні шай ішейік деп жұмысқа алып келесіз. Бірақ кезекке бұрын үйде алдын ала кремнің бетіне білдіртпей ащы бұрыш сеуіп қойыңыз. Ол баламы жеген кездегі әріптестеріңіздің түрін елестетіңіз.*

▶ Таңертең ерте келіп, әріптестеріңізбен амандасып алыңыз. Нысанадағы адам жұмысқа келгенде: "Сізге жұмысты жақсы істегенің үшін қосымша сыйақы береді" деп қолына ақша салынған конверт ұстатасыздар. Ол қуанып, конвертті ашқанда жасанды ақшаны көреді.

▶ *Кеңседе жаныңызда отыратын жақын құрбыңызға таңертең келіп, жұмыстан шығу туралы арызыңызды көрсете отырып, жұмыстан өз еркіңізбен кететініңізді айтасыз. Ол таңқалып, себебін анықтамақ болып, шыж-быж болғанда, бүгін алдау күні екенін айтып, құттықтаңыз!*

▶ Жұмыстағы қызметкерлердің жұмыстан шығару туралы бұйрықтарын басып шығарып, үстелдерінің үстіне қойып қойыңыз (көзге көрінетін жерге). Әйтеуір біреу кіріп, басқаларды дүрліктіріп, қара аспанды төндірері анық.

▶ *Windows жүйесіндегі тышқан батырмаларының белгісін ауыстырып қойыңыз ([illegible] батырмасын ауыстырып). Әріптестеріңіздің түсініспеушілікке тап болары анық.*

▶ Жарыңыз жұмысқа кете салысымен, мынадай мазмұнда хат жолдаңыз (нөмірден көрінбейтін етіп): «Қайда жүрсің? Мен сені күтіп қалдым! Тез келсеңші, күйеуім жұмысқа кетті».

▶ *Мейрамханаға сүйіктіңізді кешкі асқа шақырыңыз. Ол даяшыға немесе жұмысқа шығып кеткенде, даяшымен есептесіп, ал қызға ақша болмай тұрғандығын, телефонның қалып кету туралы ұсыныс білдіріңіз.*

▶ Сүйіктіңізге арзан, ұсқынсыз, солып қалған гүл сыйлаңыз. Алдаған кідіріс, көңіл-күйдің бірден түсуі, түсінбеген көздер. Сосын арқаңыздан әдемі, үлкен гүл шоғын алып шығасыз!

▶ *Жұмыстағы сағаттарды бір сағат алдыға жылжытып қойыңыз. Кешігіп қалдым деп ойласын. Бүкіл бөлім болып, жұмыстан өз еріктерімен шығу туралы өтініш жазып, бастығыңыздың үрейін ұшыруға болады.*

▶ Дәліздегі қарама-қарсы есіктерді жіппен матап, байлап қойыңыз. Одан кейін екі есікті бірдей қағыңыз. Кім-кімді тартып әкетер екен.

▶ *[illegible] жұмыстары жүріп жатыр» деген жазуды іліп қойыңыз.*

■ ШАЛДЫҢ БАЛАСЫ

Меценат

Мені әке-шешем дүниеге шыр етіп келгенімде екі ай толмай жатып атам мен әжеме өткізіп жіберіпті. Кәдімгі құттықтау хат сияқты. Құдайға шүкір, қазір 10-сыныпта оқимын. Қамқоршы деген жеткілікті.

– Мә, құлыным, анау-мынаыңа ұстарсың, – дейді атам қолыма «көк құлақты» ұстатып жатып. – Әжең сезіп қоймасын...

Ендігі кезек – әжемдікі.

– Жарығым, оқу деген қиын ғой. Шаршап қалма, – дейді ол. – Атаң байқап қоймасын. Аузыңа ие бол.

Зейнетақы алған күн мен үшін «сәрсенбінің сәтті күні». Қойшы, сөйтіп атам мен әжем «жарысқа» түсіп жатқаны. Қалтама тыққыштайды келіп, тыққыштайды. Бірінен-бірі асып түсуге дайын. Шара мұнымен бітіп қалмайды. Жалғаса береді ары қарай. Яғни, «екінші серия» басталады. Әдеттегідей, сенбі, жексенбі күні әкем мен шешеме жол шегемін.

– Өй, шалдың баласы. Мынаған жақсы киім сатып ал. Елдің баласынан қалма, – деп әкем «қызыл құлақты» ұстатады. – Шешеңе сездірме, т-ссс...

– Күп болады, – деймін. Әкем жұмысқа кеткен соң, шешем менімен «жекпе-жекке» шығады.

– Сабағыңды дұрыстап оқы. Қажетті кітаптарыңды сатып ал. Сынақ тапсыру деген қиын ғой, – дейді анам «жасыл құлақты» қалтама тыққыштап. – Анау атаң мен апаңа сездірме. Әкең де біліп қоймасын.

Мәселе осымен бітіп жатса бір жөн ғой. Күн сенбіден жексенбіге ауған кезде атамнан:

– Баламды қайтарыңдар! – деген суық хабар жетеді. Қарап отырып таң-тамаша қаламын. Атам әжемнен, анам әкемнен ақша жасырады. Ертең мен де сөйтемін бе сонда? Сауал көп, жауап жоқ. Айтпақшы, жақында тарих сабағында оңбай «таяқ жедім». Қаншырдай қатқан қатал мұғалім маған:

– Меценат дегенді қалай түсінесің? – деген сұрақты қойып қалды. Тарихи сөздік дәптеріме бір көз салсам болар еді. Бірақ жоқ екен. «Екілікті» тізгіндеп үйге қайттым. «Жұзжылдық соғыс» басталды үйде. Атам күнделікті күнде тексеріп отырады.

– Масқара, – деді атам қатты ренжіп. – Меценатты білмеуің 10-сыныптың оқушысы үшін ұят емес пе? Ол итальяндық қайырымды адамның есімі ғой. Оның көп адамға көмегі тиген.

Басымды төмен салып: «Кешірші, ата, енді қайталамаймын», – деймін. Жаңа терминді түсінгелі бері: «Аман жүріңдерші, менің меценаттарым!» – дейтін болдым.

Шөкен КҮМІСБАЙҰЛЫ.

■ ҚОЖАНАСЫР ҚАЛЖЫҢЫ

Қожанасыр түн жарымында бастығына телефон шалып тұр дейді:

– Есегім өліп қалды, бастық, – депті жыламсырап.

– Әй, есің дұрыс па? Бір есектің өліміне бола түн ішінде мені мазалап! – десе, Қожекең:

– Сол есегімнің туыс-туғандарына хабар беріп жатыр ем, – деген екен.

•••

Қожекең басына сәлдесін орап, көшеде келе жатады. Біреу алдына жүгіріп келіп:

– Мына хатты оқып беріңізші! – деп өтініпті.

– Мен хат танымаймын.

– Ендеше неге басыңызға сәлде орадыңыз?

– Е, мәселе сәлдеде болса, мә, басыңды ора да, хатыңды оқып ала ғой, – депті оған Қожекең.



■ ШЫМШЫП АЛАР ШЫМШЫМАЛАР

СУСАТАР

Құдайдың атын жатқан тізіп сиқы,
Сатады, саудалайды кейбір қиын.
Қаржысын қалтасынан қағып алар,
Халықтың есермейді айқай-шуын.

ӨЗІ ҚАЗҒАН КӨРІНДЕ ӨЗІ ӨЛЕДІ...

«Жақсы адамның артынан сөз ереді»,
Көре алмайды кірдегі, безереді.
Ор қазам деп біреуге оның жейді,
Өзі қазған көрінде өзі өледі.

САСЫҚ ҚОҢЫЗ

Қайдан келген қайырым, босқын, бомж?
Баблакка айнап жатады тошка-доңыз.
Қазанға ісі қолқанды [illegible],
Одан қайта жақсы емес сасық қоңыз.

ҚОЙ ҚАЙДА?..

Ауыл қалды қаңырап,
Тұрағымыз – «Шаңырақ».
Отыз бес миллион қой қайда,
Жайлауда жатқан қаңырап?

ПАҢДАНАДЫ БІР ҚАЗАҚ...

Қазақы шапан киіп ап,
Паңданады бір қазақ.
Құдайға жаман сиынад,
Істеген ісі бір «азап»...

ОЛ ДА ОҢБАС...

«Ауруды туған – сау болмас,
Тентектен туған – мал болмас».
Нашақор мен маскүнем көп,
Олардан туған... – ол да оңбас...

ҚҰДАЙЫН ТАНЫМАЙДЫ...

Түрі – бейне қара мысық,
Атеист болған Тарамысов.
«Құдайын әлі танымай жүр»,
Айт кезінде орақ ішіп.

ЕТТІ КІМДЕР ЖЕЙДІ?

Дүкендерде ет толып,
Қолы қысқаға жетпейді.
Әуперттің үйінде
Көк тобет те ет жейді.

БЕС-АҚ ТИЫНДЫҚ «НАРҚЫ» БАР...

Басында құнды бөркі бар,
Әп-әдемі-ақ көркі бар.
Өзі бірақ жалқау,
«Бес-ақ тиындық» нарқы бар.

БЕЛСЕНДІГЕ ЕЛ СЕНДІ...

Жегені – ет, ішкені – арақ, ойнасқұмар,
Зымиян, алпыс екі айласы бар.
Халық емес, қара бастың қамын ойлар,
Қуалаған қандай оның пайдасы бар!?

КІМ ҚАЙДА КЕТТІ?

Ұлы – үйленіп, жайына кетті,
Қызы – «ауыл қонысына» – байына кетті.
Шалы – о дүниеге кірпіне кетті,
Кемпір – қарттар үйіне кетті.
Менің осыған таласым бар:
О, қайран қазақ,
Неге тасыраңға бара бересіңдер?!

КЕУДЕ

Шама-шарқын білеміз ол ағайдың,
«Классикке», сірә, өзін балағайды.
Там-там кітап басады шығармалы,
Әдебиетке бірібір бола алмайды.

Нұртан ТӨЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ.

Әзіл-оспақ жинаған Қуаныш ТҮНҒАТАР.

■ АЙТАДЫ-АУ!

Бұл үйде...

1989 жыл. Жеңіс күні қарсаңында әнші Роза Рымбаева, күйеуі Тасқын және «Тамашаның тарланы» Құдайберген Сұлтанбаев артнайы концертпен Талдықорған қаласына келді. Үшеуі де таныс тұлғалар. Жерлесім Розаны қарындас, Тасқынды күйеубала санап, өзім сыйлағылы балғасын Құдайбергенді әріптес ретінде құрметтейтінмін. Аңқылдап «Талдықорған» қонақ үйіне іздеп бардым. Алғашқы жүздескенім Құдайберген болды.

– Ой, жақсы келдің. Әзілкештер естіп бір-бірін іздеп жүруі тиіс, – деп арқамнан қағып жатыр.

– Қала шетіндегі Еркін ауылында пәтер жалдап тұрамын. Құдеке. Үйден дәм татқызу – қазақтың салты. Құлағалы тұрған біреудің баспанасын Розаға көрсетуден ұялып тұрғаным.

– Розаның онсыз да қолы тимейді. Қазір Тастанды ертіп алайық та.

Құдакең қуақылана күлді. Істің оңала кеткеніне қуандым. Кетерімде келіншегім: «Розаның келгені ұят. Екі еркекті ғана шақыр», – деп қатты тапсырып еді. Екеуміз кәукілдесіп ерлі-зайыптылардың бөлмесіне таяп қалғанымызда алдымыздан Розаның шыға келген.

– Тасқында бір шаруамыз бар еді, – деді Құдакең құтыңдап.

– Алдымен ішке кірсеңіздерші, – деді амандық сұрасқаннан кейін Роза. – Аға, сіз осы Талдықорғанда тұрушы ма едіңіз?

– Иә, – деймін ұрлық жасаған адамша өзімнен-өзім ыңғайсызданa.

Тасқын шей ішіп отыр екен. Арнайы іздеп келгеніме ризашылығын білдіріп жатыр. Алакөл ауданының жігіті. «Шағала» ансамбліндегі інісі Мелиспен де жақсы таныстым.

– Тастан, мына Түкең үшеуміз қыдырып қайтайық деп шештік. Кешкі концертке дейін уақыт бар ғой, – деді Құдайберген.

– Сонда қайда барасыздар?..

Розаның сұрағына қысыла бастадым.

– Еркектер өзімізше... Түкеңнің үйіне барып...

– Құдеке, ағайым мені тастап кетейік деді ме? Әлде, бірге барып жеңешемнің шайын ішуді артық санап отырсыздар ма?

– Жо-жоқ... Өзіңе айтуға батпай отырмыз да... – деуден басқа амалым қалмады.

Администратордың телефонынан жұбайыммен хабарластым. Әйел адам емес пе.

– Дұрыс дайындығымыз жоқ. Үй жалдап тұратынымызды білесің... Ыдыс-аяқ та жетіспейді. Мені ұятқа қалдыратын болдың ғой. Енді қайттық? – деп жұбайым шырылдап қоя берді.

– Ақылға кел, жаным. Әдеттегідей тұрғылықты көршілерден көмек сұра... Бір бұл емес қой, қонақ шақырғанымыз...

– Қашан келесіңдер?..

– Міне, шығайық деп тұрмыз...

– Базардан қосымша бірдеңелер алу керек еді ғой... Жалғыз өзім қай жағына жүгіремін?

– Соғымнан қалған қатты-құтыларың бар дегендей... Дүкен жанында...

Үйтіп-бүйтіп әйелімнен құтылдым.

Алматыдан келген жездеміз Нұраханның қара «Волгасының» алдыңғы жағына Құдайбергенді отырғызып, артқы орындығына Роза, Тасқын үшеуміз жайғастық. Көшелердегі көрнекті деген ғимараттарды таныстырып келемін. «Сауда, демалыс орындарының атаулары түгелдей қазақша екен. Бұларың көкейге қонады», – дейді Құдакең. Қаратал өзенінің көпірінен өтісімен көп ұзамай солға бұрылдық.

– Төрт балалы отбасы ретінде жеңілдікпен биыл сәулетті пәтер алатын сияқтымыз, сөтін салса... – деймін қонақтарыма құлаққағыс жасап. – Қазір бір танысымыздың ескі үйінде тұрып жатырмыз.

– О-о-й, Алматыда қазақтардың үй жалдап тұруы таңсық емес. Ал, орыстардың иттерінде де жеке бөлме бар. Алматыны: «Қазақтардың астанасы, орыстардың баспанасы» деуі де осыдан. Оны « Тамашада» сынап жатамыз. Елеп, ескерушілер жоқ, – деп Құдайберген төңірегіне көз салды. – Көшең қалай аталады?

– Күйші атамыз Құрманғазы атында...

– Түу, тамағыңды ішпей-ақ, көшеңнің атына тойып қайта беруге болады екен.

Күлдік. Байқағаным, біздің жатаған үйімиздің маңы жылырлаған адам. Қазақтың мықтыларының келетіндігінен көрші-қолаң түгелдей құлағдар болса керек. Топталып тұрған үлкен-кіші машинаға қарай ұмтылды. Өнер адамдары жағалай амандасып, қарапайымдылық танытуда. Роза Гүлнәрға гүл ұсынып, жетіайлық қызымызды көтеріп алып бетінен сүйді. Әйелім ыңғайсыздық танытып жүр. Дәлізге аяқкиімін шешіп жатқан Құдайбергенге: «Үйміз осы енді...» дей береді. Әзілкешке қылжақ керек. «Е-е-е, үйлерің осы, ә? Осында тұрып жатырсыңдар, бәрің? Е-е-е-е... Жөн, жөн...» деген сайын Гүлнәр бір қызарып, бір бозарады.

– Қалжыныңыз қалмайды, Құдаке... Ештеңе жоқ, бәріміз де осындай үйден шыққанбыз. Оның сөзін көңіліңізге алмаңыз, жеңге. Жүрген жері сол... – деп Роза бәрін жуып-шайды.

Жиналғандар жабылып, дастарқанды жайнатып тастапты. Екі бөлмеге адам лық толды. Көңіл сиса, бәрі сияды. Қонағымыз, басқамыз бар, бұйырған асты бөліп ішудеміз.

– Мына Түкеңнің «Қашып құтылған қонақ» деген керемет сықағы бар. Соның кейіпкері сияқты қашып жүрмесек болғаны, әйтеуір, – деп Құдайберген отырғандарды ду күлдірді. – Ана «Көтерілген аяғынды» талай адам естіді.

– Рахмет, Құдаке... – деймін езуім жиылмай.

– Енді мына баспананың сыртына: «Осы үйде 1989 жылы 9 мамырда Құдайберген Сұлтанбаев, Роза Рымбаева, Тасқын Оқапов қонақта болған» деп тасқа қашатып жаздырып қой...

Қыран-топан күлкі. Қонақтар еркін отырды. «Теледидардан ғана тамашалайтын дарын иелерін бетпе-бет көреміз деп кім ойлаған?! Мынау біздің ауыл адамдары үшін өмір бойы таусылмайтын жырға айналады ол» дейді көршім Жұмаш сылқ-сылқ күліп. Бәрі риза.

Тұрлыхан КӘРІМ.

■ ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРНЫНДА

Еліміздегі ең таңдаулы жоғары білім ордасы ҚазҰУ дамыған ЖОО сапалы көрсеткіштерін бағалаудың танылған QS рейтингілік агенттігінің зерттеу нәтижесінің қорытындысы бойынша 800 үздік университет арасында 299-орынды бағындырып, әлемдік топ - 300 үздік ЖОО қатарына енді. Айта кетерлігі, бұл топқа ТМД елдерінен үш жоғары оқу орны енген. Олар: әл-Фараби атындағы ҚазҰУ және Ломоносов атындағы ММУ мен Санкт-Петербург университеті.

ҚазҰУ – отандық білім беру үздігі

Еліміздің жетекші университеті әлемдік рейтингте белсенділік танытып отыр. ҚазҰУ соңғы үш жылда біршама жоғарылады. Мұндай маңызды жетістікке ҚазҰУ ұжымы кешенді құрылымдық модернизация жүргізу, факультеттерді кластерлік негізде дамыту, кафедраларды ірілендіру, жүйелік басқаруды енгізу, нәтижеге бағытталу жұмыстары арқылы қол жеткізді. Халықаралық жетекші сарапшылардың пікірінше, ҚазҰУ қызметтің барлық бағыты бойынша сапалы көрсеткіштерді барынша жақсартуда. Университет халықаралық стандарттарға жауап беретін білім бағдарламасына көшкен, белсенді түрде ғылыми зерттеулер жүргізеді. Халықаралық деңгейде инновациялық жобалар жүзеге асырылады, жаңа технологиялар жасалады.

Мемлекет басшысының әлемнің үздік топ – ЖОО рейтингісіне ену тапсырмасын орындаған ҚазҰУ ұжымы білімге негізделген экономиканың белсенді субъектісіне айналмақ. Тарихы терең оқу орны Қазақстанның жетекші классикалық университеті мәртебесіне ие болып отыр, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылымның инновациялық дамуының ұлттық көшбасшысы.

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің негізгі мақсаты – еліміздің қоғамдық өмірі мен ғылымына сүбелі үлес қосатын, экономикалық және әлеуметтік өзекті мәселелерді шешуге қабілетті, заманауи, жаңашыл, жан-жақты мамандарды даярлау.

Қазіргі таңда университетте білім беру ісі Болон үдерісіне сәйкес жүргізілуде және кредиттік технология бағдарламасы толық күшіне енді. «Бакалавр – магистратура – PhD докторантура» үш сатылы мамандар даярлау жүйесі қалыптасқан. Бакалавриатта 81 мамандық, магистратурада 84 және PhD бойынша 64 мамандық бойынша мамандар даярлауда. Ел ішінде ғана емес, жаһандық деңгейде де алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі атанып отырған ҚазҰУ бүгінгі таңда әлемнің 25 мемлекетіндегі 400-ден астам ірі университетпен әріптестік орнатқан. Білім және ғылым саласында іс жүргізетін шетелдік кәсіпорындармен 340 келісімшарт жасалған. Сонымен қатар ҚазҰУ ТМД университеттері арасында үшінші орынды иемденсе, Қазақстан университеттері арасындағы ең үздік университет болып саналады.

Университеттегі ең үлкен экономика және бизнес факультеті 2010 жылдың қыркүйегінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Ғылыми кеңесінің шешімімен Экономика және бизнес жоғары мектебі (ЭжБЖМ) деп атауын өзгертті. Бұл жоғары мектеп 4 кафедрадан тұрады: «Экономика», «Менеджмент және маркетинг», «Қаржы», «Есеп және аудит».

2011 жылдың қаңтарынан бастап Экономика және бизнес жоғары мектебінде университет ректорының бұйрығымен құрылған Экономикалық зерттеулер орталығы жұмыс істейді. Сонымен қатар оқу-басла зертханасы, заманауи компьютерлермен жабдықталған зертханалар, 8 компьютерлік сынып пен интернет-зал, электронды биржа бар. Страсбург бизнес мектебі (Франция), Канада менеджмент институты, MIC (Канада), Эксетер университеті (Ұлыбритания), Экономика университеті (Чехия), Корея Технологиялық бизнес инкубатор университеті (Оңтүстік Корея), Лейпциг университеті (Германия), Мэриленд университеті (АҚШ), Тирана университеті (Албания), Канзас мемлекеттік университеті (АҚШ), Ла Сапиенза университеті (Италия), Дуйсбург-Эссен университеті (Германия), Циньхуа аграрлық университеті (Қытай), Қытай Халық университеті (ҚХР), Халықтар достығы университеті (Ресей), Новосибирск мемлекеттік университеті (Ресей), Ресей Федерациясының Үкіметі жанындағы Қаржы академиясы (Ресей) және өзге де оқу орындарымен тығыз қарым-қатынас орнатқан.

Студенттер қос дипломдық бағдарлама аясында Страсбург бизнес университеті (Франция), РУДН және НГУ (Ресей) университетінде білім алады. Бакалавриат, магистратура және PhD докторантура бағдарламалары бойынша ЭжБЖМ-де Түркия, ҚХР, Ресей, Тәжікстан, Өзбекстан, Қырғызстан, Моңғол елдерінің шетелдік студенттері оқиды. Ал ЭжБЖМ профессорлық-оқытушылық құрамы сапалы білім берумен қатар, ғылыми-зерттеу қызметімен айналысып, халықаралық ғылыми гранттар бойынша зерттеулер жүргізеді, тұрақты түрде әлемнің үздік оқу орындарында біліктіліктерін арттырып тұрады.

Білікті де білімді оқытушылар құрамы жұмыс жасайтын қазіргі бәсекелі нарық жағдайында ең қажет маман иелерін даярлап шығаратын «Менеджмент және маркетинг» кафедрасы 2011 жылы құрылды. «Менеджмент және бизнес» кафедрасы 1995 жылдан бастап жұмыс істейді. «Маркетинг және коммерция» кафедрасы 1995 жылы қаңтарда маркетолог мамандарының біліктілігін арттыру мақсатымен құрылған. Кафедралардың білім, ғылым, өндірістік және инновациялық потенциалы жоғары. Заманауи әдіс-тәсілдерді қолдану арқылы жоғары білікті мамандарды даярлайды.

Менеджмент және маркетинг кафедрасы қызметін ҚазҰУ Ғылыми кеңестерінің және Экономика және бизнес жоғары мектебінің жоспарына сәйкес атқарады. Кафедра қызметі ҚР «Білім» жайлы заңнамасы мен ҚР Үкіметі және Білім және Ғылым министрлігінің қаулысына негізделген. Менеджмент және маркетинг кафедрасы қызметінің жылдық жұмысы Университет Стратегиясы мен ЭжБЖМ даму бағдарламасын жүзеге асыруға бағытталған.

ҚазҰУ құрылған күннен бастап абыройы мен беделін төмендеткен емес. Соған сай Қазақстанның жетекші классикалық университеті мәртебесіне ие білім мен ғылымның бірден-бір үлкен ортальғы, сан салалы ғылымның инновациялық дамуының ұлттық көшбасшысы деп айтуымызға толықтай негіз бар.

Надира ТУРЛЫБЕКОВА,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ «Менеджмент және маркетинг» кафедрасының аға оқытушысы.
Алтай АСЫЛХАН,
әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, маркетинг мамандығының 4-курс студенті.

31.03.2015 жылы сағат 10.00-де Іле ауданы прокуратурасының ғимаратында (Өтеген батыр кенті, Батталханов көшесі, №16), Алматы облысы прокурорының бірінші орынбасары **Жылқыбаев А.С.** азаматтармен жеке қабылдау өткізеді.

Жеке қабылдау бойынша **8 (7282) 27-25-74** телефондарымен хабарласуға болады.

ХАБАРЛАНДЫРУ

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 31 қазандағы №1246 қаулысымен бекітілген Тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға реттелін көрсетілетін қызметтерді (тауарларды, жұмыстарды) ұсыну жөніндегі табиғи монополия субъектісінің қызметі туралы жыл сайынғы есепті өткізу қағидасының 7-тармағына сәйкес тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға, 2014 жылға сумен жабдықтау және су бұрудың реттелін көрсетілетін қызметтерін ұсыну жөніндегі қызметі туралы жыл сайынғы есебі туралы тыңдаулар 2015 жылғы 15 сәуір сағат 16.00-де, Қабанбай батыр көшесі, 78 мекенжайында өткізілетінін хабарлаймыз.

«Жетісу Су құбыры» КМКК әкімшілігі.

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Согласно пункта 7 Правил проведения ежегодного отчета о деятельности субъекта естественной монополии по предоставлению регулируемых услуг (товаров, работ) перед потребителями и иными заинтересованными лицами, утвержденных постановлением Правительства Республики Казахстан от 31 октября 2011 года №1246, уведомляем потребителей и иных заинтересованных лиц о предстоящем проведении слушания по ежегодному отчету деятельности по предоставлению регулируемых услуг водоснабжения и водоотведения за 2014 год, которое состоится 15 апреля 2015 года в 16.00, по адресу Кабанбай батыра, 78.

Администрация ГГКП «Жетысу Водоканал».

«Өлке тынысы» ЖШС, «Жетісу» және «Огни Алатау» газеттерінің ұжымы «Жетісу» газеті бас редакторының орынбасары Жұматай Әмірееевке аяулы анасы

Күмісханның

қайтыс болуына байланысты ауыр қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

Жетісу

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры: Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор: Әміре ӘРІН

Газет Қазақстан Республикасы инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2014 жылғы 22 желтоқсанда тіркеліп, № 15020-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – 41-10-46, бас редактордың орынбасарлары – 41-10-47, 41-10-49, жауапты хатшы – 41-10-50, бөлімдер – 41-10-43, 41-10-68, 41-10-71, уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі – 41-10-52, фототілшілер – 41-10-53, жарнама бөлімі – 41-10-51.

Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – 279-13-37 (факс), 279-13-86, 279-36-43.

Меншікті тілшілер: Үшарал – 2-12-57, Панфилов – 9-12-27, Райымбек – 2-22-05, Іле және Қапшағай қаласы – 8-701-564-41-09.

Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 24-34-55 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет – сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ: Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

Көлемі – 2 баспа табақ. Тапсырыс – 387. Таралымы – 43 244. Индексі – 65469.

Кезекші редактор: Гүлжан ТҰРСЫН.

15

ҚАҒЫТПА



ЕСЕК пен САУЫСҚАН

(мысал)

Ағаш басында отырған сауысқан,
Селк ете қалды,
Кенет шыққан дауыстан.
Қараса бойы аласа,
Есек келеді.
Бұл жарықтық та,
Көлікке есептеледі.
Есек сауысқанға
– О, Сақа!
Құлағыңды бері тақа,
Мұны түлкі естімесін,
Өсек болады естігесін.
Арқам әбден жауыр болды,
Тіпті күн көруде,
Мен сорлыға ауыр болды.
Бұл қорлыққа қашанғы көнем,
Бүйтіп өмір сүргенше өлем.
– Онда өзім көмем!
– И... сен де сорлы екенсің,
Өлген соң көмгеніңнің керегі не,
Тірлікте бір рахат көремін бе?
Тойға да, қойға да мені мінеді.
Сонда да «салпаңқұлақ» деп күледі, –
деп есек жылағандай болды,
Сол сәтте сауысқан иығына қонды.
Арқа етін ойып жеп,
Әбден тойып жеп,
Ұшып кетті.
Қол ұшын берудің орнына,
Отырған жеріне құсып кетті.

Кесірлі келін

Мимырттың баласы келін әкелді,
Сол келінді қалаға барып,
Екі-үш күнде тегін әкелді.
Аты Ира екен,
Шашы бұйра екен.
Өзі сондай орысшаға сайрап тұр,
Ал қазақшаға келгенде,
Құдай тілін байлап тұр.
Кемпір-шал көрсе,
Қаны қайнап тұр.
Темекі мен араққа,
Көзі жайнап тұр.
Күн батқан соң кешкісін,
Мимырт шалдың үйінен,
Айқай-шуды естисің.
Себебі, кемпір-шалға келгені,
Келін емес, келсап болды.
Келіні ата-енесіне қақсап болды,
Кемпір-шал әбден ақсақ болды.
Бүгінде кезекті ұрыс боляған,
Ұрыс болған соң, жұлыс болған.
Шалды «шалушка» деп шалып қалған,
Кемпірді «бабушка» деп салып қалған.
Бата тимей қате тиіп,
Кемпір байғұс талып қалған.
Сосын баласы Бөден
Емханаға алып барған.
Ондағылар анадан,
Не болған деп сұраған.
Сонда Бөден ұялмастан,
«Жай әншейін,
Қойға шөп саламын деп,
Апам сатыдан құлаған».
Деп осы сөзді айтып тұр.
Мұны естіген анасы,
Жерді шұқып жасып тұр.

***

Я жақсын, жақпасын,
Дәл осындай келіннен,
Құдай өзі сақтасын!

ЕСТІМЕДІК

– Орыныңыз құтты болсын,
Деніңізі мықты болсын!
– Айтқаныңыз келсін, рахмет!
– Енді, жумайсыз ба?
– Жоқ болмайды, Махмет.
– Е... неге?
– Бізде жуған адам,
Түбінде оңбайды.
– Онда ғафу етіңіз,
Бұрын естімедік ондайды.

Тұлсқаншық

Дипломы жоқ, – деп біреудің қызын,
Бухгалтерлік жұмыстан шығарды.
Орынына алды Тіреудің қызын,
Дипломы жоқ Шынарды.

МОДАШЫЛ

Аузы-басы сатпақ,
Шеке шашы аппақ.
Оң жағының шашы көк,
Сол жағының шашы көп.
Арты сары,
Төбесі шымқай қара.
Ех, қу бас,
Не боласың бара-бара?!

Мұсахан ӘБДІХАНҰЛЫ.
Миялы ауылы,
Балқаш ауданы.

ЖАТЫП АТАР

Құлпытас

Байқыбай күндегідей жұмысынан шығып, үйге қарай беттеді. Астындағы қымбат көлігі жаңа үйретілген құнандай ойнақтап келеді. Бөкеңнің баспанасына апаратын екі жол бар. Бірі – үйлердің арасымен өте шығатын, көше кептелісінен оңай алып өтетін төте жол. Екіншісі – қала шетіндегі зираттарға соға кететін айналма жол. Анасы дүниеден қайтқалы бері Байқыбай өте бір асығыс болмаса осы айналма жолмен жүреді. Дәл мазарлардың жанына келгенде жол шетіне көлігін қойып, қос бейітке риза көңілмен масаттана ұзақ қарап тұрады. Басқа күмбездерден мойны озық, күншілік жерден көрінетін, сан бояуға малынған, тұрғызылғанына бес жыл өтсе де түсі оңып кетпеген әкесінің зираты сәл әріде, сәнсалтанаты сол құрылыстан еш кем емес, биыл ғана тұрғызылған анасының бейіті сәл беріде меңмұндалап тұр. Екі мұнара да атшаптырым жерді алып жатқан кісі бойы тас қамалмен қоршалған. «Бұдан арт керек? Әке-шеш шексіз риза шы ойлады ол. Дә күмбез қозғалғ Көзін уқалап жі қайта қарады. қарай ентелеп «Мұнысы несі шауды көзге жарып шығып қағып-соғып, л Байқыбай орн емес. Соған қа бүлдірмесе жар

Ғайыптан е «Балам, перзе өтеп, басымыз ризамыз!» Бай ғынан жүк түс лам, басымызға оған да разым мәз болды. «Б басқа! Бізге к

Жұбату

– Алло, Бектұрған, қалайсың?

– Жақсы, өздерің қалайсыңдар?

– Бізде де бәрі жақсы. Естідің бе? Әлімбайдың ше шесі қайтыс болыпты...

– Ойбу, иманды болсын! Барып шығамыз ба енді?

– Иә, соған жиналып жатырмыз. Бес, он мыңыңды ала шық. Үштерде сол жерде кездесеміз.

– Ал, жақсы. Келістік.

Айтылған үш те болды. Талайдан көріспеген сыныптастар қауқылдасып, өткен-кеткенді сөз етіп, бір-бірін әзілмен түйреп, аз-кем сағыныштарын басты. Сосын, сал мақты кейіпке еніп, ұлдар бастап, қыздар ілесіп, дауыс салып, қаралы үйге беттеді.

... Көңіл айту, дәм тату, «Жақсы кісі еді...», – деп мінез қылығын еске алу аяқталған соң, сыныптастар Әлім байды оңашалап алып шықты.

– Енді, «Өлгеннің артынан өлмек жоқ» деген... Өзің мықты бол! Мынау ұл-қыздардың жинағаны. Құран оқытарсың, жерлеуіне жұмсарсың дегендей... Ал мына

ҚАҒЫТПА



ЕСЕК пен САУЫСКАН

(мысал)

Ағаш басында отырған сауысқан,
Селк ете қалды,
Кенет шыққан дауыстан.
Қараса бойы аласа,
Есек келеді.
Бұл жарықтық та,
Көлікке есептеледі.
Есек сауысқанға
– О, Сақа!
Құлағыңды бері тақа,
Мұны түлкі естімесін,
Өсек болады естігесін.
Арқам әбден жауыр болды,
Тіпті күн көруде,
Мен сорлыға ауыр болды.
Бұл қорлыққа қашанғы көнем,
Бүйтіп өмір сүргенше өлем.
– Онда өзім көмем!
– И... сен де сорлы екенсің,
Өлген соң көмгеніңнің керегі не,
Тірлікте бір рахат көремін бе?
Тойға да, қойға да мені мінеді.
Сонда да «салпаңқұлақ» деп күледі, –
деп есек жылағандай болды,
Сол сәтте сауысқан иығына қонды.
Арқа етін ойып жеп,
Әбден тойып жеп,
Ұшып кетті.
Қол ұшын берудің орнына,
Отырған жеріне құсып кетті.

Кесірлі келін

Мимырттың баласы келін әкелді,
Сол келінді қалаға барып,
Екі-үш күнде тегін әкелді.
Аты Ира екен,
Шашы бұйра екен.
Өзі сондай орысшаға сайрап тұр,
Ал қазақшаға келгенде,
Құдай тілін байлап тұр.
Кемпір-шал көрсе,
Қаны қайнап тұр.
Темекі мен араққа,
Көзі жайнап тұр.
Күн батқан соң кешкісін,
Мимырт шалдың үйінен,
Айқай-шуды естисің.
Себебі, кемпір-шалға келгені,
Келін емес, келсап болды.
Келіні ата-енесіне қақсап болды,
Кемпір-шал әбден ақсақ болды.
Бүгінде кезекті ұрыс болған,
Ұрыс болған соң, жұлыс болған.
Шалды «шалушка» деп шалып қалған,
Кемпірді «бабушка» деп салып қалған.
Бата тимей қате тиіп,
Кемпір байғұс талып қалған.
Сосын баласы Бөден
Емханаға алып барған.
Ондағылар анадан,
Не болған деп сұраған.
Сонда Бөден ұялмастан,
«Жай әншейін,
Қойға шөп саламын деп,
Апам сатыдан құлаған».
Деп осы сөзді айтып тұр.
Мұны естіген анасы,
Жерді шұқып жасып тұр.

***

Я жақсын, жақпасын,
Дәл осындай келіннен,
Құдай өзі сақтасын!

ЕСТІМЕДІК

– Орыныңыз құтты болсын,
Денінізі мықты болсын!
– Айтқаныңыз келсін, рахмет!
– Енді, жұмайсыз ба?
– Жоқ болмайды, Махмет.
– Е... неге?
– Бізде жуған адам,
Түбінде оңбайды.
– Онда ғафу етіңіз,
Бұрын естімедік ондайды.

Тұрсқанбыл

Дипломы жоқ, – деп біреудің қызын,
Бухгалтерлік жұмыстан шығарды.
Орынына алды Тіреудің қызын,
Дипломы жоқ Шынарды.

МОДАШЫЛ

Аузы-басы сатпақ,
Шеке шашы аппақ.
Оң жағының шашы көк,
Сол жағының шашы көп.
Арты сары,
Төбесі шымқай қара.
Ех, ку бас,
Не боласың бара-бара?!

Мұсахан ӘБДІХАНҰЛЫ.
Миялы ауылы,
Балқаш ауданы.

ЖАТЫП АТАР

Құлпытас



Байқыбай күндегідей жұмысынан шығып, үйге қарай беттеді. Астындағы қымбат көлігі жаңа үйретілген құнандай ойнақтап келеді. Бөкеңнің баспанасына апаратын екі жол бар. Бірі – үйлердің арасымен өте шығатын, көше кептелісінен оңай алып өтетін төте жол. Екіншісі – қала шетіндегі зираттарға соға кететін айналма жол. Анасы дүниеден қайтқалы бері Байқыбай өте бір асығыс болмаса осы айналма жолмен жүреді. Дәл мазарлардың жанына келгенде жол шетіне көлігін қойып, қос бейітке риза көңілмен масаттана ұзақ қарап тұрады. Басқа күмбездерден мойны озық, күншілік жерден көрінетін, сан бояуға малынған, тұрғызылғанына бес жыл өтсе де түсі оңып кетпеген әкесінің зираты сәл әріде, сәнсалтанаты сол құрылыстан еш кем емес, биыл ғана тұрғызылған анасының бейіті сәл беріде меңмұндалап тұр. Екі мұнара да атшаптырым жерді алып жатқан кісі бойы тас қамалмен қоршалған. «Бұдан артық не керек? Әке-шешем маған шексіз риза шығар», – деп ойлады ол. Дәл осы сәтте оған екі күмбез қозғалғандай болып көрінді. Көзін уқалап жіберіп, анықтап тұрып қайта қарады. Рас, екі зират өзіне қарай ентелеп төніп келе жатыр. «Мұнысы несі?» Кісі бойы қоршауды көзге де ілмей, бұзып-жарып шығып, өзге бейіттерді қағып-соғып, лезде жанына келді. Байқыбай орнынан қозғала алар емес. Соған қарамастан, «Көлігімді бүлдірмесе жарар еді» деп ойлады.

Ғайыптан екі күмбезге тіл бітті! «Балам, перзенттік парызыңды өтеп, басымызды қарайтқаныңа ризамыз!» Байқыбайдың екі иығынан жүк түскендей болды. «Балам, басымызға күніне бір соғасың, оған да разымыз!» Байқыбай тіпті мәз болды. «Балам, ендігі өңгіме басқа! Бізге көк тіреген күмбез емес, ары-бері өткенде бет сипағаның, жұмасына бір Құран бағыштағаның қымбат!» Байқыбай түсінбей қалды. «Өзің оқи алмасаң да мешітке бас сұқсаң, жоқтаусыз қалмас едік қой!» Байқыбай сасайын деді. «Қазір бай-бағланды қойып, қарапайым жұрт та таласа-тармаса үйдей күмбез тұрғызуға көшті. Ол өліге керек пе? Өлінің басы қарайып, артынан Құран оқылса болды!» Байқыбайдың ызасы келді. «Өзіңді осы таспен бастырып қойса қайтер едің?». Сөйтті де үлкен күмбез Байқыбайды табанына салды. Зіл қара салмақ денесін жаныштап, жерге батып бара жатыр...

Осы сәтте Байқыбай шошып оянды. Сосын, өңі екенін, түсі екенін ажырата алмай, есеңгіреп ұзақ жатты. Күндегі істейтін әрекеті мен әлі істеп көрмеген қарекеті араласып кеткен сияқты...

ЖҰБАТУ

– Алло, Бектұрған, қалайсың?
– Жақсы, өздерің қалайсыңдар?
– Бізде де бәрі жақсы. Естідің бе? Әлімбайдың шешесі қайтыс болыпты...
– Ойбу, иманды болсын! Барып шығамыз ба енді?
– Иә, соған жиналып жатырмыз. Бес, он мыңынды ала шық. Үштерде сол жерде кездесеміз.
– Ал, жақсы. Келістік.

Айтылған үш те болды. Талайдан көріспеген сыныптастар қауқылдасып, өткен-кеткенді сөз етіп, бір-бірін әзілмен түйреп, аз-кем сағыныштарын басты. Сосын, салмақты кейіпке еніп, ұлдар бастап, қыздар ілесіп, дауыс салып, қаралы үйге беттеді.

... Көңіл айту, дәм тату, «Жақсы кісі еді...», – деп мінез, қылығын еске алу аяқталған соң, сыныптастар Әлімбайды оңашалап алып шықты.

– Енді, «Өлгеннің артынан өлмек жоқ» деген... Өзіңе мықты бол! Мынау ұл-қыздардың жинағаны. Құран оқытарсың, жерлеуіне жұмсарсың дегендей... Ал мынау енді... өзің білесің. Біздің жұбатуымыз!

– Көңілдеріңе, келгендеріңе рахмет. Бір көтеріп тастадыңдар. Ал мынаны өзірге қоя тұрайын. Келімді-кетімді кісі бар. Бұрқырап тұрсам ыңғайсыз ғой...

– Ой, бір-екі стақанға ештеңе етпейді. Кел, тартып жібер. Кішкене жеңілдеп қаласың.

– Иә, қайғың ұмытылады. Оның үстіне күн де қақап тұр. Бойың жылиды.

– Міне, қырықтан астың. Сенікі той ғой. Біз шешемізді сегізінші сыныпта жалмап алдық. Өлгеміз жоқ. Қане, іш енді!

– Ішпесе қинамасаңдаршы. Әлі анасының беті де жабылған жоқ.

– Иә, ішкен өздерің іше беріңдер. Қырқы өткен соң да жұбатып аларсыңдар.

– Ой, қойыңдаршы сендер. Қай-қайдағыны айтпай. Кел, тартып жібер. Ештеңе етпейді!

– Бопты, қоймадыңдар ғой. Ал, аман болайық!

«Сізді іздеп жатыр» деп, Әлімбайдың артынан кісі іздеп келгенше сыныптастар даурығып біраз отырды. Сосын, бір-бірін қимай қоштасып, екіге жарылды. Топтанғаны құрдастарына өлшеусіз жақсылық жасағандай риза, қаза көргені ішімдік сыйлаған патша көңілмен қайғыны, ұятты ұмытқан...

Қанағат ӘБІЛХАЙЫР.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС



Әйел кім? Еркек кім?

Бір күні Жетісу жерінде Жан сері атанған белгілі жас ақын, композитор Жангелді Немеребай екеуміз қаладағы мәдени ошақтың бірінде өтетін кезекті іс-шараға өз көлігімізбен бара жаттық. Көше қиылысындағы бағдаршамның қызыл түсіне тоқтағанымыз сол еді, кішкентай баласын көтерген жас шамасы 19-20-дағы жас келіншек жаяу жүргінші жолағымен өтіп бара жатты. Көлікте отырып келіншекке қараған сазгер Жангелді мырза еркектерге айтарым бар деп сөзді былай бастады:

– 18-25 жасқа дейінгі жас әйел ару қызын болады.
– 25-35 жасқа дейінгі әйел де тәтті жүзім болады, – дей бергенде Жан серінің сөзін іліп әкеттім.
– 35-45 жасқа дейінгі әйел ызын болады.
– 45-55 жасқа дейінгі әйел мыжың болады.
– 55-65 жасқа дейінгі әйел өзіне сөз бермей аузына тығын болады.
– 65-75 жасқа дейінгі әйел сарғайған күзің болады.
– 75-90 жасқа дейінгі әйелден шама кетіп, тыным болады.
– 90-100 жасқа дейінгі әйел аздап алжыған, болсын-болмасын күнімен шыбын қорады.
– 100 жастан асқан әйел ертең мүмкін болмайды, бүгін болады, – дегенім сол еді, бағдаршамның жасыл түсі жанып, қаладағы орталық саябақтың жанынан өтіп бара жатқанда үйленіп жатқан жас жұбайлар көзімізге түсті. Күйеужігіттің жасы 18-20 шамасында екен.

Көлікте отырып күйеужігітті көрген ақын әрі сазгер Жангелді мырза, иә, әйелдерге де айтарым бар деп сөзді былай бастады:

– 18-25 жасқа дейінгі күйеу, әрі күйеуің әрі ұлың болады.
– 25-35 жасқа дейінгі күйеуің қыз-қырқынға қырындап, қалтасында шығын болады, – дегеніне мен әрі қарай жалғастырдым.
– 35-45 жасқа дейінгі күйеуің біраз ішіп сенің бір жыныңды болады.
– 45-55 жасқа дейінгі күйеуің сабырға келіп тыным болады.
– 55-65 жасқа дейінгі күйеуің қасына бір ай қонбайды бүгін қонады.
– 65-75 жасқа дейінгі күйеудің бойында өзін әрең жылытатын жылу болады.
– 75-90 жасқа дейінгі күйеуде денеден қызу кетіп қиын тоңады.
– 90-100 жасқа дейінгі күйеу аздап алжыған, кәрі жіліктен май ізденіп түбін соғады.
– 100 жастан асқан күйеу бүгін қасында, ертең мүмкін батқан түнің болады, – деп сөзді аяқтадым.

Самат СЛЯМҒАЗИН.
Талдықорған қаласы.

КӨҢІЛАШАР

Теңіз жағалауы

Дәрігердің қабылдауында болып келген әйел күйеуімен ақылдасып отырса керек.

– Жақсылап емделу үшін теңіз жағалауына бару керек дейді.

Қара теңізге барсам ба екен, әлде Жерорта теңізіне барайын ба? Сен қалай ойлайсың? – десе, күйеуі бір күрсініп қойып:

– Басқа дәрігерге барғаның дұрыс шығар, – депті.

Күзетші

– Әлі есімде, біздің балабақшада бір бұзақы бала болды. Бәріне тиісіп, ұра беретін. Бір күні маған да тисіп еді, бірақ, мен жеңілмедім, қайта оны ұрып тастадым. Сол үшін мені балабақшадан шығарып жіберді.

– Неге?

– «Дардай жігіт боп алып, титтей баламен төбелескенің үшін», – деді. Мен ол жерде күзетші болып істейтін едім.

Одан да көп

Бір күнде бірнеше адам қабылдаған хирург шаршаулы кейіпте бөлмесінен шығып келе жатып:

– Әйтеуір, көзім жеткені – бұл дүниеде бізге риза емес адамдар көп екен, – дейді.

Сонда есік алдында кезек күтіп отырған біреу:

– О, дүниеде одан да көп қой, – деген екен.

Ақымақ

– Балам, үлкейгенде кім болғың келеді?

– Ақымақ болғым келеді.

– Қой онысы несі, мұны қайдан шығардың?

– Көшеде ең жақсы көлікті көргенде: «Ана ақымақтың көлігін қарашы!» – дейсіз ғой.

Құттықтаймыз!

Райымбек ауданы Ақтасты ауылының тұрғыны **Рахымжан АБДРАХМАНОВ** асқаралы 63 жасқа толып, зейнеткерлікке шығып отыр. Қазақстан Республикасы «Білім беру ісінің құрметті қызметкері», Райымбек аудандық мәслихатының депутаты, «Райымбек ауданының Құрметті азаматы», ардақты жар, аяулы әкемізді төл мерекесімен шын жүректен құттықтаймыз! Ұзақ ғұмыр сүріп, Алланың берген жасын жасап, арамызда ойнап-күліп жүре беріңіз.



Сәттілікпен жүретін бастағаны,
Құтты болсын жасыңыз асқаралы.
Денің сау боп, шаттыққа бөленіңіз,
Бітпесін қуаныштың дастан әні.

Көтеріңкі болсыншы көңіліңіз,
Өзіңізсіз панамыз, көрігіміз.
Бала-шаға қызығын тамашалап,
Сәттіліктен құралсын өміріңіз.

Сізге арналар толағай тілегіміз,
Қамқорымыз өзіңіз тірегіміз.
Жасай берсін жасымай мәңгілікке,
Жақсылықты қалаған жүрегіңіз.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: жары – **Жамалхан,** балалары – **Айдос – Меруерт, Ердос – Дана, Дәурен – Айгерім, Мұқан – Мағия, Айдар, Арайлым, немерелері.**



Райымбек ауданы Кеген ауылында қос қуаныш. Ардақты азамат, асыл ер, аяулы әке **КӨШЕРБАЕВ Қалмақбай Сәрсембайұлы** ақпан айының 8-жұлдызында 63 жасқа, немересі **АЙАРУ** 5 жасқа толып отыр. Берекесі арткан мереке иелерін туған күндерімен шын жүректен құттықтаймыз! Төңірегіне нұр төккен абзал азамат, балбұл жанған бүлдіршіні екеуі бақытты өмір сүрсін демекпіз. Денсаулығы мықты, қадамдары құтты болғай.

Асқаралы алпыс жасқа толдыңыз,
Біздер үшін артық әке, орныңыз.
Ниет етіп, өзіңізге тілейміз,
Сәттіліктен құралатын жолды біз.

Бақ байлықтан арылмасын басыңыз,
Қуаныштан шаттаныңыз, тасыңыз.
Жаратушым демеу болып әрқашан,
Жылдан-жылға арта берсін жасыңыз.

Биік болсын шаңырақ, керегеңіз,
Сіз арқылы шаттыққа бөленеміз.
Алла қолдап, аман боп, өсе берсін,
Айарудай ақылды немереңіз.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: енесі – **Рахия,** жұбайы – **Нұрбүбі,** қарындасы мен күйеубаласы – **Тұрған - Рахат**, ұл-келіні – **Ғалым - Жадыра,** қыз-күйеубалалары – **Назым - Бақытжан, Гүлім - Нариман, Айым - Нұркен**, немерелері – **Дидар, Дильназ, Мағжан, Елдар, Іңкәр, Кәусар, Еркеназ, Көркем, Аян.**



Дүниеге шыр етіп келген сәтімізден бастап бойындағы бар мейірімін, аналық махаббатын арнаған асыл жанға шексіз алғысымызды білдіреміз! Өмірдің түрлі сынағын қасқайып күтіп алып, күліп шығарып салатын ерекше қасиетті бойына дарытқан анамыз **САҒЫНДЫҚОВА Гүлжан Сағадиқызын** туған күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Ақ айдынға салып бақыт кемесін,
Өміріңді бізге арнап келесің.
Құтты болсын туған күнің анашым,
Жаратушым мәңгі өзіңді демесін.

Бәйтерексіз жапырығы жайқалған,
Барша жұртқа жақсылығың байқалған.
Жүзден асқан жасыңызды көрейік,
Кимешекті әже болып қартайған.

Талай-талай биіктерден көрінген.
Ұрпағыңды жеткіздіңіз теріңмен.
Аяулы ана, аман болшы мәңгілік,
Бақыт, шаттық үзілмесін төріңнен.

ІЗГІ НИЕТПЕН ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: балалары – **Аслан-Меруерт, Қуаныш-Ақбота, Еңлік** және **немерелері.**

Қазақстан Республикасының телерадио хабарларын тарату саласындағы ұлттық операторы

ҚАЗТЕЛЕРАДИО

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

АЛМАТЫ ОБЛЫСЫНДА АНАЛОГТЫ ЭФИРЛІК ТЕЛЕВИЗИЯНЫ ӨШІРУ ЖОСПАРЛАНУДА!

Қосыл!

OTAU TV

www.otautv.kz

+7 (727) 2 444 500 (і.н. 2264, 2265, 2266, 2493)

T2 эфирлік телевизия № 12016835 лицензиясы

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ: Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры: Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор: Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, № 15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – **41-10-46**, *бас редактордың орынбасарлары* – **41-10-47, 41-10-49,** *жауапты хатшы* – **41-10-50,** *бөлімдер* – **41-10-43, 41-10-68, 41-10-71,** *уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі* – **41-10-52,** *фототілшілер* – **41-10-53,** *жарнама бөлімі* – **41-10-51**.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – **279-13-37** *(факс),* **279-13-86, 279-36-43.**
Меншікті тілшілер: Панфилов – **9-12-27**, *Іле және Қапшағай қаласы* – **8-777-016-44-11**, *Жамбыл* – **8-701-254-97-55**, *Талғар* – **8-701-400-28-49-96**, *Қарасай* – **8-701-347-60-32**, *Еңбекшіқазақ* – **8-701-212-00-96.**
Газет табыс етілмесе – 8 (7282) 24-34-55 телефонына хабарласу керек.

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.

М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Көлемі — 2 баспа табақ.
Тапсырыс — 137.
«Өлке тынысы» ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 80 236, оның ішінде «Жетісу» газетінің таралымы — 45 924.
Индексі — 65469.

Кезекші редактор: Мәулен ӘНЕРБАЙ.





ӨСПАНҒАНЫҢ ІҒАЙЫ

ық не
ием маған
ығар», – деп
осы сәтте оған екі
ндай болып көрінді.
еріп, анықтап тұрып
Рас, екі зират өзіне
төніп келе жатыр.
?» Кісі бойы қор-
де ілмей, бұзып-
, өзге бейіттерді
зде жанына келді.
нан қозғала алар
амастан, «Көлігімді
ар еді» деп ойлады.
і күмбезге тіл бітті!
нттік парызыңды
ды қарайтқаныңа
қыбайдың екі иы-
ендей болды. «Ба-
күніне бір соғасың,
ыз!» Байқыбай тіпті
алам, ендігі әңгіме
ек тіреген күмбез
емес, ары-бері өткенде бет сипағаның, жұмасына бір Құран бағыштағаның қымбат!» Байқыбай түсінбей қалды. «Өзің оқи алмасаң да мешітке бас сұқсаң, жоқтаусыз қалмас едік қой!» Байқыбай сасайын деді. «Қазір бай-бағланды қойып, қарапайым жұрт та таласа-тармаса үйдей күмбез тұрғызуға көшті. Ол өліге керек пе? Өлінің басы қарайып, артынан Құран оқылса болды!» Байқыбайдың ызасы келді. «Өзіңді осы таспен бастырып қойса қайтер едің?». Сөйтті де үлкен күмбез Байқыбайды табанына салды. Зіл қара салмақ денесін жаныштап, жерге батып бара жатыр...

Осы сәтте Байқыбай шошып оянды. Сосын, өңі екенін, түсі екенін ажырата алмай, есеңгіреп ұзақ жатты. Күндегі істейтін әрекеті мен әлі істеп көрмеген қарекеті араласып кеткен сияқты...

енді... өзің білесің. Біздің жұбатуымыз!

– Көңілдеріңе, келгендеріңе рахмет. Бір көтеріп тастадыңдар. Ал мынаны өзірге қоя тұрайын. Келімді-кетімді кісі бар. Бұрқырап тұрсам ыңғайсыз ғой...

– Ой, бір-екі стақанға ештеңе етпейді. Кел, тартып жібер. Кішкене жеңілдеп қаласың.

– Иә, қайғың ұмытылады. Оның үстіне күн де қақап тұр. Бойың жылиды.

– Міне, қырықтан астың. Сенікі той ғой. Біз шешемізді сегізінші сыныпта жалмап алдық. Өлгеміз жоқ. Қане, іш енді!

– Ішпесе қинамасаңдаршы. Әлі анасының беті де жабылған жоқ.

– Иә, ішкен өздерің іше беріңдер. Қырқы өткен соң да жұбатып аларсыңдар.

– Ой, қойыңдаршы сендер. Қай-қайдағыны айтпай. Кел, тартып жібер. Ештеңе етпейді!

– Бопты, қоймадыңдар ғой. Ал, аман болайық!

«Сізді іздеп жатыр» деп, Әлімбайдың артынан кісі іздеп келгенше сыныптастар даурығып біраз отырды. Сосын, бір-бірін қимай қоштасып, екіге жарылды. Топтанғаны құрдастарына өлшеусіз жақсылық жасағандай риза, қаза көргені ішімдік сыйлаған патша көңілмен қайғыны, ұятты ұмытқан...

Қанағат ӘБІЛХАЙЫР.

ӘЗІЛ-ШЫНЫ АРАЛАС



Әйел кім? Еркек кім?

Бір күні Жетісу жерінде Жан сері атанған белгілі жас ақын, композитор Жангелді Немеребай екеуміз қаладағы мәдени ошақтың бірінде өтетін кезекті іс-шараға өз көлігімізбен бара жаттық. Көше қиылысындағы бағдаршамның қызыл түсіне тоқтағанымыз сол еді, кішкентай баласын көтерген жас шамасы 19-20-дағы жас келіншек жаяу жүргінші жолағымен өтіп бара жатты. Көлікте отырып келіншекке қараған сазгер Жангелді мырза еркектерге айтарым бар деп сөзді былай бастады:

– 18-25 жасқа дейінгі жас әйел ару қызын болады.

– 25-35 жасқа дейінгі әйел де тәтті жүзім болады, – дей бергенде Жан серінің сөзін іліп әкеттім.

– 35-45 жасқа дейінгі әйел қызын болады.

– 45-55 жасқа дейінгі әйел мыжын болады.

– 55-65 жасқа дейінгі әйел өзіне сөз бермей аузына тығын болады.

– 65-75 жасқа дейінгі әйел сарғайған күзін болады.

– 75-90 жасқа дейінгі әйелден шама кетіп, тыным болады.

– 90-100 жасқа дейінгі әйел аздап алжыған, болсын-болмасын күнімен шыбын қорады.

– 100 жастан асқан әйел ертең мүмкін болмайды, бүгін болады, – дегенім сол еді, бағдаршамның жасыл түсі жанып, қаладағы орталық саябақтың жанынан өтіп бара жатқанда үйленіп жатқан жас жұбайлар көзімізге түсті. Күйеужігіттің жасы 18-20 шамасында екен.

Көлікте отырып күйеужігітті көрген ақын әрі сазгер Жангелді мырза, иә, әйелдерге де айтарым бар деп сөзді былай бастады:

– 18-25 жасқа дейінгі күйеу, әрі күйеуің әрі ұлың болады.

– 25-35 жасқа дейінгі күйеуің қыз-қырқынға қырындап, қалтасында шығын болады, – дегеніне мен әрі қарай жалғастырдым.

– 35-45 жасқа дейінгі күйеуің біраз ішіп сенің бір жының болады.

– 45-55 жасқа дейінгі күйеуің сабырға келіп тыным болады.

– 55-65 жасқа дейінгі күйеуің қасыңа бір ай қонбайды бүгін қонады.

– 65-75 жасқа дейінгі күйеудің бойында өзін әрең жылытатын жылу болады.

– 75-90 жасқа дейінгі күйеуде денеден қызу кетіп қиын тоңады.

– 90-100 жасқа дейінгі күйеу аздап алжыған, кәрі жіліктен май іздеп түбін соғады.

– 100 жастан асқан күйеу бүгін қасыңда, ертең мүмкін батқан түнің болады, – деп сөзді аяқтадым.

Самат СЛЯМҒАЗИН.
Талдықорған қаласы.

КӨҢІЛАШАР

Теңіз жағалауы

Дәрігердің қабылдауында болып келген әйел күйеуімен ақылдасып отырса керек.

– Жақсылап емделу үшін теңіз жағалауына бару керек дейді.

Қара теңізге барсам ба екен, әлде Жерорта теңізіне барайын ба? Сен қалай ойлайсың? – десе, күйеуі бір күрсініп қойып:

– Басқа дәрігерге барғаның дұрыс шығар, – депті.

Күзетші

– Әлі есімде, біздің балабақшада бір бұзақы бала болды. Бәріне тиісіп, ұра беретін. Бір күні маған да тисіп еді, бірақ, мен жеңілмедім, қайта оны ұрып тастадым. Сол үшін мені балабақшадан шығарып жіберді.

– Неге?

– «Дардай жігіт боп алып, титтей баламен төбелескенің үшін», – деді. Мен ол жерде күзетші болып істейтін едім.

Одан да көп

Бір күнде бірнеше адам қабылдаған хирург шаршаулы кейіпте бөлмесінен шығып келе жатып:

– Әйтеуір, көзім жеткені – бұл дүниеде бізге риза емес адамдар көп екен, – дейді.

Сонда есік алдында кезек күтіп отырған біреу:

– О, дүниеде одан да көп қой, – деген екен.

Ақымақ

– Балам, үлкейгенде кім болғың келеді?

– Ақымақ болғым келеді.

– Қой онысы несі, мұны қайдан шығардың?

– Көшеде ең жақсы көлікті көргенде: «Ана ақымақтың көлігін қарашы!» – дейсіз ғой.

ҚАҒЫТПА

Әйелімді сатамын

Бұзылып (әйелім естімесін), яғни ауырып жатқан әйелімді запчасть ретінде сатамын. Мінезіне капремонт қажет. Артық доңғалақтары, ой-б-у-у, қара домалақтары жоқ. Ұрыс кезінде моторы тез оталады. Сөндіру қиын. Короткий замыкаиесі ұстаса, талып қалады да радиатор-аузынан көбік шашады. Қатын – 1972 жылғы. Қыз кезінде в масле алғам. Корпусы кең. Базарға жүк тасуға жарайды. Түр-түсі шоколадный. Багажы дутый. Облицовкасы нетолау демесеңіз, жалпы моторы жақсы. Ұзындығы – бір де жетпіс. Ені – бір де қырық. Салмағы – таза таразбен тартқанда 180 келі.

Спирт, коньяк, вино, сыра және сүт қосылған шаймен, кей-кейде қара сумен де жүре береді.

Бағасы – қалыңмалдан көп төмен. Басқа вариантқа да көнуім мүмкін. (Құтылсам болды).

ЕСКЕРТУ: Бір сатылған соң қайтып алмаймын. Айтпақшы, ұмытып барады екенмін. Алатын адамның запасной жүрегі болғаны абзал.



Қу құлқынды құрғатпайтын – өзіміз.

Сондықтан: Таңертең ірің басқан көзіңді тырналап ашпастан бұрын, ішінде есектің миындай миы жоқ зілбатпан басыңды құсықтың исі сіңген жастықтан көтермей тұрып, пахмельді қайдан табатыныңды жоспарлап ал.

Өлген қойдыкіндей алайған көзіңді сексеуілдей тарбиған саусақтарыңмен уқалап, тіліміттілімі шығып кезерген ерніңді тіліңмен жібіткен соң, «жүргенге жүз грамм ілігеді» деген қағиданы қауашағыңда ұстап, базар-вокзалды адақта.

Рәпет-келбеті, бет-жүзі, морда-облицовкалары таныс адамдардың барлығынан амандықтан бұрын жүз теңге болмаса да жүз грамға жететіндей қайыр (налог десең де болады) сұра.

Арақ-шарап ішіп отырған кез келген топқа барып: «бауырым, қазақпыз ғой» деп ұлтжандылығыңды білдіріп, көкірегіңді ұр.

Маскүнемнің – ұлы, арақтың – құлы, спирттің – үмбеті екеніңді, әсте ұмытпа.

Шақырған жерден де, шақырмаған жерден де (соңғысы сенімділеу) қалма. Сонан соң, таяу арада той-томалақ жасайтын отбасылардың тізімін түзіп, тауықтың миындай (егер ол болса) миыңа кодтап, дер кезінде рейд жасап, сүзіп шық.

Арақ жоқ жерден алты қадам ары жүр.

Айың оңынан туып, жарып қалған күндері бөтелкелес бауырларыңды есіркеп, мүсіркеп қой. Түбі қайтарымы болады.

Қызыл шәпкіліні көргенде он жерден мас болсаң да қашпа. Алқаштық абыройың түседі. Олар қалтасында көк тиыны жоқ сені керек те етпейді. Қайта олар сенен қашсын.

Араққа «тойып» алған күндері өшіп қалмай тұрып, қоғамды түлету, реформаларды жүргізу, Үкіметті басқару жайлы «тың идея», «құнды пікір», «лекцияларыңды» көлденең өткен көк аттының бәріне айтып, жарнама жаса. Олар сенің «данышпан» екеніңді мойындасын.

Жалғасын басың жазылған күні тауып алып оқырсың.



Енелерге қарсы күрес курсына шақырамыз

ҰРЫС-КЕРІСКЕ икемі бар, дау-жанжалға жаны құмар, төбелес кезінде екі білегін сыбанып, өсек айтатын ернін шүйіріп, тікен тілін безеп, екі көзі шатынап шыға келетін «дарынды» да шалымды, болашағынан мол үміт күттіретін келіндерді «Енелерге қарсы күрес» курсына оқуға шақырамыз. Келіндердің дініне, тіліне, отау құрған жылына, жолына, жасына шек қойылмайды.

Курсқа талапкерлер тегін қабылданады. Олар стипендиямен, жатақханамен және енелерді ұрып-соғу, сабау, сондай-ақ, қарсыластармен қақтығыста бронежелет секілді қорғану құралдарымен қамтамасыз етіледі. Сонымен қатар, енемен бірге тұрған жылдарына «за вредность» төленеді.

Сабақ кезінде олар «Шымшу», «Бет жұлу», «Тырнау», «Қайын жұрт тарихы», «Ене тебу», «Таэквон-до», «Қайныата-до», «Өсек айту негіздері», «Күйеумен еркін күрес» тақылеттес дәрістер мен спорт түрлерін меңгереді.

Қызығы мен қиындығы қатар тұратын бұл мамандықты ойдағыдай меңгеріп, өзінің түгілі, өзгенің де енесін жұлып-жеуге қабілетті болған соң олар шетелге, яғни Америкаға, Батыс Еуропаға, Ресейге тәжірибе алмасуға жіберіледі.

Курсты шатақ ғылымдарының докторы, профессор, «Енелерді қан какқсату» ғылым академиясының құрметті академигі, Жезтырнақ сыйлығының лауреаты Долыкүл Бетпақова жүргізеді.

Біздің заманымызға сай құрылған оқу ордамыздың демеушілері – «Абысындар алқасы», «Жас келіндер» АҚ, «Ене-кене» фирмасы, «Мыстан» ЖШС, «Біз бике, бикештер» кеңесі.

Отбасына егемен алып, дербес өмір сүргіңіз келсе, бізге келіңіз. Біз сіздерге қашан да қол ұшын, білек күшін бере аламыз.

«Жалмауыз кемпір» атындағы Мазақ академиясы.



Коммерсанттың үш жұрты

Коммерсанттың үш жұрты болады.
Бірінші жұрты – конкуренттері.
Екінші жұрты – оптовиктері.
Үшінші жұрты – клиенттері.

Базар тілінде мұны: конкуренттерің – күншіл, оптовиктерің – міншіл, клиенттерің – сыншыл деп те мақал-мәтелдетеді. Яғни, конкурентің зор болсаң, көре алмайды, қор болсаң, бере алмайды. Дұрысы – бермейді де. Тауарыңды сатсаң күндейді, сатпасаң жүндейді. Общым, Сізге жақсылық атаулыны тілей білмейді. Мысық тілеулес болады.

Оптовиктерің – тауарыңның сапасына қарайды, бағасына қарайды. Арзан берсең жағасың, бермесең дауға қаласың.

Клиенттерің – жолыңа, қолыңа қарайды. Бағасын түсіріп берсең, сауданды тілейді, тілеуқор болады.

Ермахан ШАЙХЫҰЛЫ,
Б. Қыдырбекұлы, С. Адамбеков және «Алтын қалам» сыйлықтарының лауреаты.



ӨЛЕҢ-ӨРНЕК

МӘҢГІЛІК ЕЛ

Ей, дүние, мынау байтақ, кең дала,
Мынау – мазар Алаша хан, ер баба.
Ұлан-ғайыр Тұран далам, бұл менің,
Егесі оның қазақ қана, мен ғана.

Тонықөктің тілегені осы күн,
Ортаймасын енді ешқашан несібім.
Қуанышқа бөлесе екен Тәнірім,
Күллі қазақ баласының бесігін.

Талай тартыс қинағанмен зар қылып,
Тарихында болғанымен сан күдік.
Мәңгіліктен бастау алған бұл елдің,
Мәңгілік Ел боп қалуы заңдылық.

КҮЙ – ҚҰДІРЕТ

Бірде биші мың бұралған биіндей,
Бірде ыстық ошағымдай, үйімдей.
Бір қасиет табылар ма ғаламнан?
Құдіретті қазағымның күйіндей.

Мынау күмбір, мынау асқақ шежіре,
Өткен күнді көрсеткендей көзіме.
Елім менің қасиет деп сыйлайтын,
Домбыраны іліп қойып төріне.

Бабалардың арқалап өсиетін,
Балғын жастар күйменен есейетін.
Мынау асқақ даланың келбетіндей,
Күй-домбыра – киелі қасиетім.

Жеңе білген мына асқақ жолды да,
Жып-жинақы әрбір әуен орнында.
Көңілімді тамашаға бөлеген,
Нағыз қазақ – қазақ емес, домбыра.

ӨЛЕҢ ЖЫЛАП ЖАТҚАНДАЙ КӨРІНЕДІ

Еркіндікті сыйлады маған өлең,
Ойлан дейді әр сөзді сананменен.
Ал, жүрекпен жырлауға ұмтылсам-ақ,
Шынжырларға шалынып қала берем.

Басса-дағы кеудемді алып қайғы,
Өлең менен ешқашан жалықпайды.
Қол-аяғым тұсалып қалған кезде,
Өлең маған қанат боп қалықтайды.

Тірлік дейтін, бәріміз қасындамыз,
Бауырлармыз, достармыз, осында біз.
Басқалардың қолдары жете бермес,
Өлең менің туысым, досым жалғыз.

Өлең мендік жүрекке серік еді,
Өлең мендік жүректі кеміреді.
Сана мұздап, жан өліп жатқаннан соң,
Мендік жанар мөлтілдеп егіледі.
Көз менікі, жас содан шыққанменен,
Өлең жылап жатқандай көрінеді.

* * *

Барамын-ау, өлген бір жандай құрып,
Қауқарсыз екеніме болмай күдік.
Өзгелерге қалайша ақыл айтам,
Өз-өзімді түсіне алмай жүріп.

Сағатымды санаймын тез өтсін деп,
Ойымда бір сауал жүр, кезекті індет.
Адам болғым келмейді, айналайын,
Айтпаңдаршы біреуге керексің деп.

Мен қорқамын, өмірге келіп бекер,
Жанмын ба деп қауқарсыз өліп кетер.
Неге ғана ақ ұлпа қар болмадым,
Тап-таза боп көктемде еріп кетер.

Мен қалар-ем күтпей-ақ кезегімді,
Аспан жаққа кетуді, тез өлуді.
Әттең, бірақ, қимаймын ойларымды,
Әттең, бірақ, қимаймын өз-өзімді.

КАРТИНА

Жер беті толған шаттық қой,
Жер беті толған мейірім.
Осыннан іздеп таптық қой,
Ақ адал жанның пейілін.

Жаманы жоқ қой адамның,
Қатыгез емес ешбірі.
Суреті мынау ғаламның,
Шұғыла, нұрлы кескіні.

Мадонна сынды бұл ғалам,
Да Винчи салған баяғы.
Мейірім төккен бір маған,
Жанары оның аялы.

Ізгілік үшін кей-кейде,
Болуы керек жан пида.
Өмірдің өзі, ей, пенде,
Өзіміз салған картина.

САҒЫНЫШ

Сағым да сағым жылдар-ай,
Сабылып кетті кім қалай?
Сарыарқа сандал белді аңсап,
Сағынып жүрек тұрғаны-ай.

Сағым да сағым ойлар-ай,
Сарыуайым қылып қойғаны-ай.
Самарқан асып сандалдым,
Сырдың да бойын жайламай.

Туған жер, асқақ Алтайым,
Өзіңе қалай қайтайын?
Шүршітке кеттім күң болып,
Жайымды несін айтайын.

Туған жер, шалқар Жайығым,
Елімнен болмай қайырым.
Орысқа кеттім олжа боп,
Қыз болып туған – айыбым.

Жетісу – менің жұмағым,
Туыстан сауға сұрадым.
Жоңғарға кеттім жем болып,
Қандай бір қайран қыламын?

Санамда тұр-ау өткенім,
Сағынып сені кеткенім.
Жатжұрттық қылып қойсаң да,
Жатбауыр болып кетпедім.

Олжа боп кеттім ұрыста,
Обалым осы ұлысқа.
Табылмай қалар, қорқамын,
Топырақ салар туыс та.

Тағдырым тозақ отындай,
Әр күнім Тәңір сотындай.
Жоқтау да ешкім айтпайды,
Құран да қалар оқылмай...

Ақниет ТӨЛЕНДІ.

ҚАЛТАЙ ҚАЛЖЫҢДАРЫ



Маймыл

Қазақ қаламгерлері арасында марқұм Қалтай Мұхамеджановтың әзіл-қалжыңдары баршылық. Бірде әзілқой ағамыз: «Әй, жігіттер, осы адам маймылдан шықты деген өтірік сияқты, шын болса ендігі бір маймылдың төртінші сынып бітіретіндей уақыты болды емес пе?», – деп кеңк-кеңк күліпті.

Бәрін түсінеді

Қалағаң бір күні үйінде қадірлі қонақтарды күткен екен. Шәйі орамалсыз шай құйып отырған келіні қалалық, орыстілді болса керек, қонақтардың кейбір сұрағын естімегендей, үндемей отыра беріпті. Сонда қысылған Қалағаң қонақтарға:

– Сіздер көңілдеріңізге ешнәрсе алмаңыздар. Ол ит сияқты бәрін түсінеді, бірақ айта алмайды, – деген екен.

МАҒЫНАЛЫ МЫСҚЫЛ

Көріп жүрмін, "өліп жүрмін..."

– Үндінің сериалдарын
Қалдырмай көріп жүрсіңдер ме?
– Көрмегенде ше,
«Қыз ғұмырындағы» Ишамен
Түрмеге де «бірге түсіп»,
Тапасиямен бірге «өліп жүрміз».
Жайына қалып мал-жаны,
Ауылдың кемпір-шалдары
Теледидарды төңіректейміз,
Бір сериалды көре алмасақ,
Отпен ойнаған көбелектейміз.
Балалар да сабақтарын ысырып,
Түшкіріп-пысқырып,
Теледидарға телміреді.
Мәдениет үйі мен кітапхана жабық болса,
Тіршілігіміз – нарық болса,
Одан басқа не біледі?
Көрген кезде «Махаббат ҳикаясын»
Жастық шағың есіңе түсіп,
Төсекке амалсыз «қисаясың...»
Жайына қалып «Шаншар» мен «Тамаша» да,
Кемпір екеуіміз оңашада,
Отырып та көреміз,
Жатып та көреміз,
«Қызыққа батып» та көреміз...
– «Зита мен Гитадан» жалықтық,
«Келіннің» қаншасыншы сериясы?
– Алты жүз алпысыншы сериясы да...
– Әй, осы қазақтың кемпірлері мен
Сақалы сапсиған кәриясы да
Үнді фильмі десе,
Жапа-тармағай жапырыла жаздайды,
«Қыз Жібек» пен «Атаманның ақырына»
Делебелері өйтіп қозбайды.
– Айтпақшы, «Жетім жүректің» ше?
– Оның – үш жүз онынышысы ғой деймін...
– Оған қарауға уақытым жоқ,
Толығымен көрмеймін...
– «Қыз ғұмырының» бүгін осы
Қаншасыншы сериясы?
– Екі жүз алпысыншысын қайталайды.
Вирдің тағдыры тәлекке түсіп,
Ишаға сырын айта алмайды...
– Айтпақшы, осы сериясын
Ұзатып еді әлгі Әңгүдік досым
Жалғыз қызы – Дәриясын,
Соның тойында болып,
Үнді фильмі ойымда болып,
Екі көзім бұлдырап,
Шала көрдім...
– Олай болса, кешке,
Тура сағат бесте
Қайта көрейік сериялды...

Нұртан ТӨЛЕПБЕРГЕНҰЛЫ,
Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі.

Е-Е, БӘСЕ...

Өзбекәлі ағамыздың Орталық комитетте хатшылық қызметте жүрген кезі екен. Бірде Қалағаңның бір істері ұнамай қалып, іштей ол кісіні шақырып алып, бірден ұрса жөнелмесем болмас, былай ол кісі маған ұстаптайды ғой дейді де, шақырады. Орталық комитет шақырғанда жан қала ма, айтылған уақытында Қалағаң да жетеді. Кідіріссіз кабинетке де кіреді. Содан Өзекең өзі айтқандай бірден қатты кетуден бастайды ғой баяғы. Сонымен бар айтарын айтып болғаннан кейін, сәл саябырсыған тұста Қалағаң осы болды-ау дегендей:

— Е-е, бәсе, — деп алады да саспастан. — Түнде түсімде бір үлкен қара төбетке мініп жүр екем. Оянғаннан кейін бұл несі екен деп ем. Осыған көрінген екен ғой, — деп бір-ақ тоқтайды. Сонда Өзекең де:

— Бұл кісіге дауа жоқ екен ғой, — деп күліп жіберіпті.



Қораздан кейінгі рахат

Қалағаң ауылға барса ағайындарының бәріне кіріп шығатын әдеті бар екен. Бірде сондай ағайынның біріне кіреді. Сосын сол жерде түстенуге тоқтайды. Барған үй бір ақжарқын жандар екен. Дереу бір тауығын сойып, түске жеңіл тамақ жасайды. Қасындағы қосшыларымен бірге дәм татып отырғанда, Қалағаңа тауықтың құйрық жағы тап келеді. Түстікті рахаттанып жеп отырған Қалағаң жан-жағын бір күлдіріп алмақ болып, тауықтың құйрығын жеп отырып: «Шамасы, бұл құйрықтың қораздан кейін рахатын мен көрдім-ау,» – деген екен.

ОрынБасар

Бірде Қалтай ағамыз Жазушылар одағының екінші хатшылығынан кетпек болғанда, оны Димекең шақырады. «Қалтай, сен, ақау, өлгі, Ожас екеуің басың піспей жүр екен. Сені басқа қызметке ауыстырайын. Ақау кинокомитеттің бастығы Лейло Ғалымжановаға орынбасар болып барсаң қайтеді?» – дейді.

«Ой, Димеке, мен екі қатынға қатар қалай орынбасар боламын?» дейді Қалекең. Димекең күледі.

– О, қалай екі әйелге орынбасар болатының?

– Енді, Димеке-ау, үйге барған кезде келініңізге орынбасар, жұмысқа келгенде Лейлоға орынбасар болғанда менен не қалады? – депті.

Әзілкештерді оқыған Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ.

БАЛАБАҚША

Бақытты шақ

Тәуелсіздік – тәу етер ұлы ұғым. Оны жас ұрпақтың жадына сіңіріп, отансүйгіштікке баулуда білім ошақтарының алар орны зор. Осыған орай мектептер мен балабақшаларда түрлі шаралар өтуде. Тәуелсіздіктің 25 жылдығына арналған іс-шара №4 ясли-бақшасында да ұтымды ұйымдастырылды.

Алма ЕСЕНБАЕВА

Қалимаш Құлмұханбетова жетекшілік ететін балдырғандар мекенінде күн сайын ертеңгіліктер өтіп, оған әр топ белсене қатысты. Тәрбиешілер Шолпан Ақхожина мен Алма Көлбайқызының жүргізуімен «Аққу» даярлық тобында өткен «Жасай бер, Қазақ елі» мерекелік ертеңгілігі жоғары дәрежеде өтті. Мұндағы бес жасар бүлдіршіндер Тәуелсіздік, Отан туралы тақпақтарын айтып:

– Отан – елдің анасы,
Отан – жердің анасы.
Бақытты ғой дәл мендей,
Тәуелсіз ел баласы, – деп шаттанды.

Балалар ән айтып, би билеп қана қоймай, шағын көрініс те көрсетіп, ата-аналарын қуантты.

«Елін сүйген Ер Тарғын» деп аталатын көріністе батырдың ерлігі баян етіліп, хан, сарбаз, Ер Тарғын бейнесін келтірген балалардың өнері көпшілікті тәнті етті. Ертеңгілік барысында балдырғандар «Қамшы алу» ойынын да ойнап, өзара жарысты.

Дина апа бейнесінде домбырасын көтере келіп, күй күмбірлетіп, ақ батасын берген тәрбиешінің іс-қимылынан балалар даламыздың дарқандығын, кеңдігін сезініп, ұлттық дәстүр, ән-күйден сусындады.

Тәуелсіздік мерекесіне «Алтын адам» да келіп, балаларды қуантып, ертегі әлеміне, жарқын болашаққа жетеледі. Осылайша бүлдіршіндер мерейлі мерекені қуанышпен қарсы алды.

Жетісу
1918 – 2017
Сайт: WWW.Zhetysu-gazeti.kz e-mail: Jetisu2002@mail.ru

ДАНАНЫҢ ОТАУЫ



БҮГІН – КҮЛКІ КҮНІ

Поэзия – әдебиеттің негізгі бөлшегі, адам жанының айнасы. Ал, осы жолда табанды еңбек етіп, арда өнердің өрісін кеңейтіп жүрген жандар жетерлік. Оған дәлел, жыл сайын оқырманға жол тартып жатқан жаңа жинақтар. Белгілі ақын Кәдірбек Құнпияұлының былтыр жарық көрген «Кемпіраузыз» атты пародиялық жыр жинағы солардың қатарында. Аталмыш кітапта «езутартар» дүниелер көп болғандықтан оқырман назарына ұсынуды жөн көрдік.



Іс

...Өз мүлкіңе өзің ғана иесің,
Білесің бе насыбайдың киесін?
Бар болғаны бермей қалып шақшаңды,
Ер жігіттің намысына тиесің...
«Насыбай»,

Қайыпназар ШОТБАСОВ.
«Сағыныш сазы»,
«Үш қиян» – 2006 ж.

«Білесің бе насыбайдың киесін»,
Атпай қойсаң қаһарына күйесің.
«Атпішу!» деп бір түшкірсең, жалған-ай,
Бұл дүниенің рахатын білесің.

Ұғындың ба айтқан сөздің жүйесін,
Темекідей иіскемейсің, сүйесің.
Бір түшкірсең бұрқыратып иісін,
Сезінесің насыбайдың «киесін».

Үркітетін ойымыз жоқ көп бөтен,
Рас кейде «құғынбайлау» боп кетем...
Өлеңімнен иіскеп көрші, оқырман,
Насыбайдың иісі шыққан жоқ па екен?

Маска

Саусағыммен түртіп қалдым аспанды,
Отын жақты, жасқанды...
Шешіп қойып жатыр едім маскамды,
Бетім жатты тастанды...

...Айды түрттім құламады еш төмен,
Білмейді екем ештеңе.
Біреу көкте жазып отыр бір өлең
Кроссвордтағы кестеге...

Ақберен ЕЛГЕЗЕК,
«Кроссворд», «Жас Алаш». №104,
29.12.2011ж.

Қаламыммен түртіп қалдым қағазды,
Бір жаңылтпаш жазылды.
Нөлдер қосып жыпырлаттым саны азды,
Қыс жасадым жазыңды.

«Саусағыммен түртіп қалдым аспанды»
– Қара бұлттан сөз жауды.
Түртіп қап ем ұйықтап жатқан
мастарды
Өлең айтып қозғалды.

Түртпек едім Айға қолым жетпеді,
Арыстандай мерт болдым.
Тұтқынына айналыппын көктегі
Милау кроссвордтардың.

Жыр әлемге байланғаным бекер-ді,
Тұңғиығын кештеппін.
Саусағыммен түртпек едім шекемді
Маскамды әлі шешпеппін.

Адасқақ

...Қара сөзге саз қостым ниетім беріп,
Кейде сосын қаламын жетім болып.
Кейде ерігіп ойнаймын тағдырыммен,
Құдайдың кенже ұлы секілденіп.

Пір тұттым қара қағаз, ақ қаламды,
Қалсам деп тағдыр жазған хатта мәңгі.
Жанып тұрған шырақты көрсетпейтін,
Өмірдің іші бірақ қап-қараңғы.

Хамит ЕСАМАНОВ,
«Сұлулар сүйе алмайды...»,
Қазақ әдебиеті, №4, 24.01.2014 ж.

Адасқақ арман ойды көп кешемін,
Өзіммен өлең жазып септесемін.
Ерігіп ойнағанда Құдай ұрып,
Құдайдың кенже ұлымын деп бөсемін.

«Пір тұттым қара қағаз, ақ қаламды»,
Менен жұрт өлең емес – тақпақ алды.
Не жазып, не қойғанды көрсетпейтін
«Өмірдің іші бірақ қап-қараңғы».

Сезсем де сөз сырының күшін ерең,
Суыды поэзия сұсы неден.
Ділмәрсіп өкпелетіп алдым білем,
«Кіреді күн құрғатпай түсіме өлең».

Оңай ғой жырдан гөрі кемер қазу,
Тілгілеп жатқандайын денемді азу.
Шырақты жанып тұрған көре алмайын,
Емес-ау, сірә да оңай өлең жазу.

Сотқа беремін

Бұрын-соңды көрмеген, сағынбаған,
Бұрын оған жыр-ошақ жағылмаған.
Жүрегімді ұрлады бейтаныс қыз,
Мен бүгін сотқа барып шағымданам.

Азамат Орынбасаров,
«Қылмыскер бейтаныс қыз».
«Жыр маржаны», он томдық қазақ
поэзиясының антологиясы,

X том, 396-бет, «Мереке»
баспасы, *2014 ж.*

Жазамын да сені іздеп, жоқтап өлең,
Қылмыскер деп ат қоям, тоқта, бәлем!
Жүрегімді ұрлады мына қыз, – деп,
Шырылдатып мен сені сотқа берем.

Ішкі істердің қазіргі күшін білем,
Тергеушіге бәрін де «түсіндірем».
Фотобейнең арқылы іздеттіріп,
Сенің асқақ басамын мысыңды мен.

Қарар дейсің бұл іске кім тең қала,
Жыртаңға да көнбеймін бұлтаңға да.
Қаржылық құйтұрқылық жасасаң, – деп,
Бір арызды жазамын финполға да!

Қылмыстық іс қозғалсын нақты елеске,
Ғашық сезім айналсын басты егеске.
Ел байлығын жымқырып қашқаннан да
Жүрек ұрлап сотталған жақсы емес пе!

Сиыр-шиыр

Ылғи менің сиыр кірет түсіме,
Жылқы кіріп көрген емес кісінеп.
Неге екеуі қатар келіп кірмейді,
Қымызын да, айранын да ішіп ек.

Иманғазы НҰРАХМЕТҰЛЫ,
«Түс жоруы». «Жыр маржаны» он
томдық қазақ поэзиясының
антологиясы, VIII том, 316-бет,
«Мереке» баспасы,
2014 ж.

Сиыр менің киреді ылғи түсіме,
«Жылқы кіріп көрген емес кісінеп».
Жас күнімде көп ішіп ем айранды,
Қымыз, сірә, жақпаған-ау ішіме.

«Бұл жарықтық құты ғой деп әр үйдің»,
Өзімді өзім жұбатамын, «жанымын».
Асау аттан жуас сиыр жақсы деп,
«Мен түсімді жақсылыққа жоримын».

Өнімде де тұлпарлардай озбадым,
Мөңіреген сиырларым созды «әнін».
Түсім құсап ісім де оңбай жүр ме екен...
Сиыршылап жайылады жазғаным.

Құттықтаймыз!



Құрметті де қадірлі ұстаз, әріптесіміз Қаншайым (Әсия) СЫДЫҚҚЫЗЫ!

Сізді көктемнің көрікті күндерінде 75-ке толған мерейлі жасыңызбен, Ақсу ауданының Құрметті азаматы атағын алуыңызбен құттықтаймыз!

Көктемнің шуақты күндері дүниеге келген анамыз **Қаншайым (Әсия) СЫДЫҚҚЫЗЫ** 75 жасқа толып отыр. Анамыз 40 жылдан астам білім беру саласында еңбек етті.

1963 жылы Алдабергенов ауылына келін болып түскеннен бастап әкеміз Жексенбай Жетпісбаев екеуі еліне еңбек сіңіріп, Нұрмолда Алдабергенов атамыздан алған үлгілерін, тәрбиесін еңбекпен ақтауға тырысты. Әкеміз сол ауылда инженер, анамыз М. Баисов орта мектебінде елге үлгі болатындай еңбек еткенін мақтан етеміз. Отбасында да, еңбек жолында да бірін-бірі толықтырған асыл жандар ұжымдарына ұйытқы, береке-бірліктің бастауы бола білді. Анамыз шәкірттеріне білімді ұстаз, отбасында үлгілі келін, ақылды абысын, ата-енені күту, ағайын-туысқандарды құрметтеу, қазақтың салт-дәстүрін сақтау жолында да үлгі көрсеткенін ауылдастары мақтан етіп, үйренгендерін елжұртқа, біздерге айтып отырады.

Ата-анамыз мейірімділікпен айналасына шуақ шашқан, еліне адал еңбек еткен, тоқығаны мол, кең ойлы жандар. Бүгінде әкеміз ардақты ата, анамыз бақытты әже атанып, 5 ұл-қыз өсіріп, олардан 16 немере, 5 шөбере сүйіп, солардың ыстық ықыласына бөленіп отыр. Әлі де қоғамға өз үлестерін қосып облыстық, қалалық ардагерлер ұйымының белсенді мүшелері болып, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып жүргеніне қуанамыз.

Ата-анамызға зор денсаулық тілеп, ел-жұрттың құрметіне, бала-шаға, немере-шөбере қызығына тоймай қосағыңызбен 100 жасқа жетіңіздер деп тілейміз.

Құтты болсын келген жасың, жан анам,
Құрметтеген мерейіңді сан адам.
Қуат берген шуағыңмен жарқырап,
Әкемізбен жүріңіздер сау-аман.

ІЗГІ НИЕТПЕН: балалары – **Нұрлан-Алмагүл, Гүлмира-Ғабит, Роза-Асқар, Бағлан-Салтанат, Ілияс-Жұмагүл,** және **немере-шөберелері.**



Алакөл ауданының тумасы, қазіргі таңда Талдықорған қаласының тұрғыны, әлеуметтік саланың дамуына лайықты үлес қосқан «Еңбек ардагері», «Қазақстан Республикасы Тәуелсіздігінің 25 жылдығы» медальдарының, «Қазақстан Республикасы Конституциясының 20 жылдығы» төсбелгісінің, облыс әкімінің, мемлекеттік қызмет істері агенттігінің, Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінің бақылау және әлеуметтік қорғау комитеті Алғыс хаттарының иегері, асыл жар, аркасүйер асқар таудай ардақты әке, немерелерінің қамқоршы атасы **ДАНИЯРОВ Болат Ордабайұлын** туған күнімен және адам өмірінің айтулы белесі зейнеткерлікке шығу мерейтойымен құттықтаймыз!

Еңбек демалысыңыздың әр күні шалқыған шаттыққа, ағайын-туыстың құрметіне, немере мен шөберелеріңіздің шу-күлкісіне, қыз-ұлдарыңыздың жеңісті шақтарына толып, әдемі ғұмыр кешіңіз!

Құтты болсын қуанышты күніңіз.
Бақытты боп, ұзақ өмір сүріңіз.
Зейнеттің де заңғарына жеттіңіз,
Енді жүзге құлаш сермеп шығыңыз.

ІЗГІ НИЕТПЕН: жұбайы – **Муслима,** балалары – **Гүлмира-Жанатай, Қадыр-Айгерім, Олжас-Маржан,** немерелері – **Ерсұлтан, Аймедина, Ілияс, Малика, Еркежан.**



Жамбыл ауданы, Көккайнар ауылының тұрғыны, бойына табиғатынан адами қасиеттерін мол дарытқан асыл құдамыз **Оразхан ҚАЛЖАНОВ** бүгінде асқаралы 60 жасқа толып отыр. Бауыр еті балаларын қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай мәпелеп өсіріп, өмірден өз жолын адаспай табуына ықпал еткен құдай қосқан құдамызды осы мерейтойымен құттықтай келе, ұзақ ғұмыр, шуақты күндер, отбасына амандық, деніне саулық тілейміз. Үрім-бұтағыңыз өрістеп, шаңырақтың шырайлы ұйытқысы болып жүре беріңіздер!

Алысқа да, ағайынға да жібек мінез, ықыласты мейіріммен танылған Орынқұл құдағи құдай қосқан қосағының ел арасында құрметінің асып, қиын да қызықты еңбек жолының жемісті болуы үшін жүрек жылуын арнап келеді.

Қадірлі құдамыздың мерей жасы құтты болып, бақ-дәулеті арта берсін!

Алтыс деген емес әлі күз – ұғым,
Жырға салып тектіліктің тізімін.
Немерені былай қойып, бүгінде,
Шөберенің қызықтаңдар қызығын.

Құтты болсын келген туған күніңіз,
Тілекші көп, біз де соның біріміз.
Ортамызда жанашыр боп жүресің,
Болғаннан соң бірге шыққан түбіміз.
Үзілмесін өміріңнің жыр – әні,
Бақытыңның өрге тартып бұлағы.
Еңбегіңнің тек зейнетін көре бер,
Келер күннің сәулелі боп шуағы.

ІЗГІ НИЕТПЕН: құдаң – Мәлібеков Сайлаубайдың отбасы.



Қаламы жүйрік жазушы да, данышпан ғалым да, ел бастаған көсем де, сөз бастаған шешен де ана көкірегінен нәр алады. Осындай ана, әйел деген ұлық атты абыроймен көтеріп жүрген, қандай құрметке де лайықты Байсейіт бабаның келіні, ұзақ жыл шәкірт тәрбиелеген ұлағатты ұстаз, Райымбек ауданы, Жамбыл ауылының тумасы, бүгінде Гүлдала елді мекенінің тұрғыны **ҚАПТАҒАЕВА Сейсен Ескожақызы** 31 наурыз күні 58 жасқа толып, зейнеткерлікке шығып отыр.

Жақсы келін атанып, Бәтталханның ұрпағын өсіріп, ұятты ұл, қылықты қыз тәрбиелеген Сейсенге ең алдымен мықты денсаулық тілейміз. Өзі қызмет еткен мектебінде қаншалықты беделді болса, біздің шаңырағымыздағы орны да ерекше. Жақсы келін атанып, өзінен кейінгі қайын, қайынсіңлілеріне, абысын-ажындарына ақылшы болып, өнеге көрсете білді. Ұзақ жылғы еңбегі бағаланып, бүгінде зейнеткерлікке шыққан күніне құтты болсын айтып, Болат екеуінің жұптары жазылмай өтсін дейміз. Ең асыл тілектерімізді, ізгі ниеттерімізді, алғыс, батамызды сіздерге арнаймыз.

АҚ ТІЛЕКПЕН: енесі – Тұрымтай, Бәтталхановтар әулетінің ұл-қыздары, келіндері, немерелері.



Алакөл ауданының тумасы, Оқжайлау ауылының тұрғыны, үлгілі ұстаз аяулы ана, ардақты жар **МҰХАМЕТҚАЛИЕВА Гүлнар Шаймаранқызы** 30 наурыз күні еңселі елу жасты бағындырып отыр.

Маңайына сыйлы жан өмірден мол тәжірибе жинақтап, жас мамандарды тәрбиелеп, еңбек жолына бағыт беріп, ақылшы ұстаз, көмекші болып келеді.

Туған күніңіз құтты болсын! Біз сізге арманның асқарында, бақыттың базарында күліп-ойнап, көпшіліктің құрметі мен алғысына бөленіп, мәңгі жастық қалпыңызды сақтаңыз дегіміз келеді. Осы қалпыңыздан таймай, асулардан асып, берекеңіз тасып, ата жолынан айнымай, жақсылықпен жасап жүре беріңіз. Еңселі елуге лайықты да қошеметтеуге тұрар жетістікпен жеттіңіз, өз еңбек жолыңызда талай белеске шығып, ұжымның және достарыңыздың құрметіне бөлендіңіз. Ендігі 50 жылда еңбекте тың табыстарға кенеліп, асқақ абыройға жете беріңіз.

Өткен күннің артта қалып елесі,
Тіршіліктің жылжи берер кемесі.
Басыңызға бақ пен ырыс сыйлаған,
50 жастың құтты болсын белесі.

Күміс күлкі жүзіңізден арылмасын,
Болсын дейміз әрдайым бағың басым.
Отбасыңа тілейміз біз амандық,
Жаратқан дәйім сізді жарылқасын.

Өнеге қып, үлгі тұтып халқың да,
Сөнбес сәуле келе жатыр артыңда.
Енді тағы еркін жаса бір елу,
Дәл осындай керемет бір қалпыңда.

ҚҰТТЫҚТАУШЫЛАР: Өжетай, Оразбек-Күнзипа, Жақсыбек, Жанболат, Бекболат, Бақытбек, Жұмақан-Башан, Еркінай-Елтай, кенже бауыры – **Жанат-Гүлмира, Райымбек, Жұлдызым, Аружан, Ақмаржан.**

Өмірдің өзінен

АҚШАНЫҢ ӘЛЕГІ



Банкоматтан алған кілең қызыл күрең «бесмыңдық» зейнетақысының арасынан түсі бозғылтым тартқан бір «бесмыңдық» көзі шалғанда, бұдан бес жыл бұрын қайтыс болып кеткен құрдасы Құбылаштың тірі көргендей селк ете түсті.



«Өй, сенің көзің өткен жылы жоғалмап па еді, сорлы-байғұс, банкоматта жүруіне жол болсын, – деп қынжыла күбірледі. Күн жексенбі. Халық банкінің есігінде қазанның түп күйесіндей қара құлып тұр.

Қап, ақша бүгін керек еді. Мүмкін, сатушылар сенің бет әлпетіне онша мән бере қоймас деген жетім үмітпен бірді-екілі дүкеншіге ұсынып көріп еді, ол бәтшағарлар азар да безер болып маңына жуытпады. Қайта «ескі ақшаны» өткізіп жібермекші болған өз пиғылынан өзі қуыстанып, бетінен оты шықты.

Дүйсенбіге дейін әзер шыдады. Әлгі пәлекет қалтасын тесіп жіберердей тезірек құтылмақшы болып, банк ашыла салысымен-ақ жетіп барсын.

– Сақалды басыммен «ескі ақшаны» елге ұсынып, жұрттың көзіне алдамшы болып көрініп жүрмін, – деп шағымданды кассирге. – Сіздердің банкоматтарыңыздан алдым. Айналып қана кетейін, ауыстырып берші жаңасына, жұрттан ұят болды әбден, – деді қабағын шытып. Ішінен «Өй, бәлем, құтылған-ақ шығармын сенен» деп мәз-мейрам болып тұр еді. Жұмысынан басқа ештеңеге көңіл бөлмей, қаншырдай қатып қалған қара қыз бұл берген сөлкебайды аударып-төңкеріп, ақшаның жарамды-жарамсыздығына әбден көз жеткізді-ау деймін, алдына қайтара лақтырып тастады.

– Ауыстыруға жатпайды, – деді сонан соң «қазыналық» темір дауысын нығырлай сөйлеп.

– ??

– Себебі, қолдануға жарамды. Міне, мына бір жерінде тышқанның ізіндей әріптермен жазылған 2008 жыл деген жазуды көріп тұрсыз ба? Ал өткен жылы айналымнан шығарылған 2006 жылы шыққан «екімыңдық» және «бесмыңдық» банкноттар. Мына банкноттың түсі соларға ұқсас бозғылтым болғанымен әлі қолданыста. Так что, ауыстыруға жатпайды.

– Ой, қарағым, дүкеншілер түрінен шошып алмай жатыр ғой, мынауыңды. Енді не істеймін?!

– Дүкеншілер алуға міндетті. Бұл қолданыстағы ақша.

Кассир сөз бітті дегендей терезесін тарс еткізіп жауып алды.

Қолындағы ақшаның бұл дүниеде өмір сүруге толық қақы бар екендігі ішін жылытқанымен, бірінші кірген дүкен сатушысының өзі-ақ өзеуреген көңілін су сепкендей басты.

– Қабылдай алмаймыз.

– Неге? Мынау қолданыстағы ақша ғой. Шыққан жылына қарамайсыз ба?

– Жоқ, жоқ, Дүкеннің иесі бізге түрі келіспеген мынадай «бесмыңдықтарды» қабылдама деген. Қабылдай алмаймын.

– Дүкеннің иесі қайда?!

– Үйінде.

– Қап.

Есіне студент кезіндегі бір езутартар түсті. Қу түлкі ешкіге келіп: – Орманда жан-жануарлардың барлығы дос болсын деген жарлық шықты. Қасқырға барып, сәлем бермейсің бе, селдір сақал, – деген ғой.

Ешкі ойланып, ойланып:

– Бара алмайтын шығармын, қасекеңнің санасына жарлықтың жете қойғанына күмәнім бар, – деген екен.

Сол кебенек келгір айтқандай, өзі жұқа жүйкесін тоздыра бермей, дүкен иелерінің зерделеріне бірдене жеткенше тоса тұрғаны абзал болар. Мүмкін, оған дейін Ұлттық банкі де түрі келіспеген «бесмыңдықтың» бетін бет қылып құртып жіберер. Сосын барып заңды түрде айырбастап алса да болады.

Ақсақал ақырын күрсінді де, бесмыңдықты жайлап бүктеп төсқалтасына салып қойды.

– Зейнетақымның ішінен бір ғана «сұмпайы» бесмыңдық шыққанына да тәуба, – деді ішінен, – оншақтысы шыққанда күнім не болатынын бір құдайдың өзі білер еді?!

Шәріпбек УАҒЫЗҰЛЫ,

Қарғалы ауылы,
Жамбыл ауданы.

Дайындаған
Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ.

Жетісу

ҚҰРЫЛТАЙШЫ:
Алматы облысының әкімдігі

Меншік иесі: "Өлке тынысы" ЖШС

Директоры:
Мейрам ЖАНӘДІЛОВ

Директордың қабылдау бөлмесі: 41-09-51

Бас редактор:
Әміре ӘРІН

Эл. мекенжайымыз: WWW.Zhetysu-gazeti.kz Эл. поштамыз: Jetisu2002@mail.ru

Газет Қазақстан Республикасы Инвестициялар және даму министрлігі Байланыс, ақпараттандыру және ақпарат комитетінде 2015 жылғы 4 желтоқсанда тіркеліп, № 15725-Г куәлігі берілген.

Қабылдау бөлмесі және факс – **41-10-46**, *бас редактордың орынбасарлары* – **41-10-47, 41-10-49,** *жауапты хатшы* – **41-10-50,** *бөлімдер* – **41-10-43, 41-10-68, 41-10-71,** *уақыт және әлеуметтік мәселелер бөлімі* – **41-10-52,** *фототілшілер* – **41-10-53,** *жарнама бөлімі* – **41-10-51**.
Алматы қаласындағы тілшілер қосыны – **279-13-37** (факс), **279-13-86, 279-36-43.**
Меншікті тілшілер: Панфилов – **9-12-27**, *Іле және Қапшағай қаласы* – **8-777-016-44-11.** *Жамбыл* – **8-701-254-97-55.** *Талғар* – **8-701-400-28-49.** *Қарасай* – **8-701-347-60-32.** *Еңбекшіқазақ* – **8-701-212-00-96.**
Газет табыс етілмесе – ***8 (7282) 24-34-55*** *телефонына хабарласу керек.*

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

Жарнама мен хабарландырулардың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты.

Компьютерде 16-шы қаріппен терілгенде 6 беттен асқан материал қабылданбайды.

"Жетісу" газетінің компьютер орталығында теріліп, беттеледі.

Газет аптасына үш рет — сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері шығады.

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап береді.

БІЗДІҢ МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:
Талдықорған қаласы, Жұмахан Балапанов көшесі, 28-үй, 4-қабат

Газет Талдықорған қаласы, Қабанбай батыр көшесі, 32-үйде, "Алматы – Болашақ" АҚ филиалы "Офсет" баспаханасында басылады.
М. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10 П. 1 2 3 4 5 6 7 8 9 10

Тапсырыс — 490.
"Өлке тынысы" ЖШС басылымдарының жалпы таралымы 59 099, оның ішінде "Жетісу" газетінің таралымы — 34 968.
Индексі — 65469.

Кезекші редактор: Асыл СҰЛТАНҒАЗЫ.